

<b>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 1 беті

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ**  
**жанындағы медицина колледжі**

**Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы**

**ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН  
ӘДІСТЕМЕЛІК ӨНДЕУ**

Пән коды: ЖББП08

Пәні: Қазақ әдебиеті

Мамандығы: 09120100 «Емдеу ісі»

Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер»

Мамандығы: 09110100 «Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»

Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық стоматология»

Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс техникі»

Оқу сағатының/кредит көлемі: 96/4

Теория: 96с.

Курс: 1

Оқу семестрі: 2

Бақылау түрі: емтихан

Шымкент, 2024 ж.

<b>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 2 беті

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «21 » 08 2024 ж.

Кафедра меншерушісі:  А.Т. Сатаев

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 3 беті

## **№ 1 сабак**

**5.1. Тақырып:** XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті. Дулат Бабатайұлы.  
 «Аягөз» өлеңі. «Еспембет» дастаны.

**Сағат саны:** 3 сағ. 135 мин

**5.2. Мақсаты:** оқушыларға Дулат Бабатайұлы туралы, оның өмірі мен шығармалары туралы мәлімет беру; Ақынның бізге жеткен мұрасы, өлеңдерінің тақырыбы туралы баяндау. Дулаттың атын ақтап, қазақ еліне таныстырған ғалымдармен таныстыру. Тақырып бойынша білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, тиянақтау. Пәнге қызығушылығын арттыру.

**5.3. Оку міндеттері :** электрондық оқулық арқылы ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту; ой түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру; мәтінді қиналмай әңгімелеге, ауызекі сөйлеуге дағыландыру, ой-өрісін кеңейту.

**Ұйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

**Оқушылардың етілген тақырып бойынша білімін тексеру:** 25 мин.

**5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** шағын топпен жұмыс.

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

- 1.XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті.
2. Д. Бабатайұлы өмірі мен шығармашылығы.
- 3 . Дулат Бабатайұлы шығармашылығындағы дәстүр мен жаңашылдық жайында.
4. Аягөз өлеңінің мазмұны.
5. Еспембет дастаны.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 40 мин.

**XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті. Дулат Бабатайұлы.**

**«Аягөз» өлеңі. «Еспембет» дастаны.**

XIX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанның саяси, қоғамдық, әлеуметтік, шаруашылық өміріндегі өзгерістер терең сипат ала бастады. Елімізде өнеркәсіп пен шаруашылықтың жаңа бағыттары пайда болды. Көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданатын қазақтар тұрақты кесіп көзін тауып, тау-кен орындарын игеруге, егін салып, балық аулауға, өндіріс орындарында жұмыс істеуге көше бастады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы қазақ әдебиеті үшін де аса бір курделі және жемісті кезең болды. XIX ғасырда қазақ халқының жаңа әдебиеті қалыптаса бастады. Әдебиет аясын барынша кеңейтті, қоғамның тарихи құбылыстарына қарай күрделі көркемдік сипат алды. Осындағы ірі құбылысты оқиғаларға, күрделі де шиеленіс әлеуметтік тартистарға толы тарихи кезең қазақ даласында өз ізінде қалдырды. «Қазақ әдебиеті тарихы» энциклопедиясында бұл туралы: «Сол дәуірдің оқиғалары мен тарихи шындығы қазақ әдебиеті шығармаларында көрініс тапты. XIX ғасырдағы қазақтың ұлттық әдебиетін дәуір шындығынан бөліп қарау мүмкін емес. Қазақ даласында XIX ғасырда патшалық Ресей отарлаушылары жүргізген саяси – әлеуметтік октемдік пен басқару жүйесіндегі реформалардың себеб – салдары сол кезеңдегі қазақ әдебиеті шығармаларыннан да жан – жақты көрініс тапты. Көкірегі ояу ақын- жыраулар мен сөз ұстаған би – шешендер ұлттың мұңын мұнданап, келешегін болжады. Хандық басқару жүйесі ыдырағаннан кейін, үздік – создық ұлт – азаттық қозғалыстарға ұласқан наразылық жалпыхалықтық қуатты күшке айналып кетуге түрлі ішкі сыртқы жағдаяттар кедергі болса да, халықтың мұн-мұддесі тарихи жыр, дастан, толғауларда буырқанып көрінді. Бұрқ етіп басталып, езіп-жанышылып, қайта бас көтеріп өршіп отырған ұлт-азаттық қозғалыс тарихының ұзак мерзімді кезеңдерінде ақындардың сөзі мен ұлттық әдебиет қана өз жолынан да, жүсінен де жаңылған жоқ. XIX ғасырдағы әдебиет өткен ғасырлардағы ұлттық сөз өнері жаңа сипатта көрінді. Әдеби шығармалар

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 4 беті

жанрлық жағынан да, көркемдік бітімі турасында да, идеялық мазмұны жөнінен де көп ілгеріледі» деп көрсетіледі.

**Дулат жырау** қазіргі Семей облысы, Аягөз ауданында туып өсken. Бұрынғы ру жігімен алғанда, ол Найманның Қаракерей табынан шыққан. Мұсылманса сауат ашып оқыған, өз кезіндегі көзі ашық, алдыңғы қатарлы адамдардың бірі. Ол — тек жыршы ғана емес, заманы туралы терең толғаған, ойшыл, әсем тілмен өрнектеген ақын. Оны Абайдай ақынның ұстазы деуге болады. Қазақ халқының ұстазы деуге болады. Қазақ халқының қын халін көрген, орыс отаршылдығын жаны ауыра жырлаған шайыр — зар заман ақындары аталған ағымның алып тұлғасы. Ақынның бізге жеткен мұрасы мың жарым жылдай. Дулат өлеңдерін алғашқы жеткізуі — 1839 - 1919 жылдары ғұмыр кешкен Байділда атты адам. Кейіндері Фаббас Байділдаұлы, Шәкір Әбенұлы жинаған. Баспаға Мұлкен Сейілұлы даярлап, алғаш рет Қазанда «Өсиетнама» деген атпен 1880 жылы басылып шыққан. Жинақтағы жыр көлемі 800 жолдай. «Еспенбет» атты поэмасы бар. Ақынның алғаш аты 1939 жылы құрастырылған С. Мұқанов, Қ. Бекхожин хрестоматиясында кездеседі. 1940-1941 жылдары шыққан мектеп оқулықтарында Қ. Жұмалиев шығармаларын талдап жазды. 1961 жылғы «Қазақ әдебиеті тарихының» I томында ақын жайында толық айтылды. «XVIII — XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» (1962), «Уш ғасыр жырлайды» (1965), «Дастандар» (1960), «Бес ғасыр жырлайды» (1989) секілді жинақтарда Дулат өлеңдері көрінеді. Дулаттың атын ақтап, қазақ еліне таныстырған ғалымдар: Х.Сүйінішәлиев, Қ. Жұмалиев, Р. Сыздықова, Қ. Өмірәлиев, М. Мағауиндер болды.

### "Еспенбет" поэмасы

Ақынның ел өмірінің ескі бір тақырыбына құрып, жазба әдебиет үлгісінде шығарылған бұл поэмасы XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті үшін жаңалық еді. Поэма:

Еспенбеттей ер қайда?

Еспенбеттей ер туса,

Ер күтетін ел қайда? — деген жолдармен аяқталады. Шығарма, міне, осы аңсардан, яғни ақынның күллі шығармашылығына ортақ елге тірек ер, көсем шықса, халық соның қасынан табылса деген идеядан туған. Хан-сұлтандар халқынан бөлініп, жатқа жағынған, батырлары "қазан бұзар үй тентекке айналған" заманда ер мен елдің бірлігі идеясын халықтың көкейіне жеткізіп, еңесін тіктемек болған. Сол мақсатпен айбынды бейнелері халық жадынан өшпеген Ер Қосай, Қабанбай, Ақтамберді батырлар заманындағы қазақтардың, қалмақтарға қарсы бір шайқасын өзек етіп алып, батырлық дастан тудырған. "Еспенбет" поэмасы батырлар жырының үлгісінде жазылғанымен, онда, киял-ғажайып оқиғалар, тылсым құштер, нанымсыз әсірелеулер атымен жоқ. Бас қаһарман Еспенбет те, оның Ақберте аты да, қалмақ, қазақ батырлары да – бәр-бәрі өмір шындығы аясында алынып, суреттеледі.

Жырау поэмасын бастаған жерден бас қаһарманын:

Ер Еспенбет кешегі

Ерекше ер деседі.

Тіл біткеннің шешені,

Топта бермес есені.

Үлгі айтса – көшелі,

Жауга шапса – көсемі, деген марапаттай таныстырғанымен,

Өзі болған жігіттен

Сұрама кім деген ата-анаң, – дегеніне қарағанда, Еспенбет қандай да бір, артықшылығымен ел көзіне түспеген, қарапайым ғана кісінің баласы. Міне, осы Еспенбет жас күнінде әке-шешеден бірдей жетім қалып, нағашысы Ер Қосайдың (тариҳта болған адам, батыр) қолында, уақ елінде өседі. Қосай жиенді бөтен санамайтын

<b>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 5 беті

қазақ салты бойынша да, "Еспенбеттей ұрпағын өте жақсы көргендіктен" де оған жетімдік көрсетпей өсіреді. Ер жеткенде таңдал жүріп қалыңдық айттырып, басына үй тұрғызып бермек ойда жүреді. Қазірде "тоқсан жасқа келіп, тұғырдан әбден түскенімен", Ер Қосайдай:

Елім десе, елеріп,  
Жаннан мұлде күскен кер;  
Бел шешпей жортып ел үшін,  
Алты малта ас қылып,  
Арпа сұын ішкен ер.

Осындаі кісінің бауырында өсіп, тәрбиесін алғаннан да болар:

Жатса, тұрса, Еспенбет  
Тұлпар мінсем деуші еді.  
Қару, сайман асынып,  
Шөпті бұзсам деуші еді.

Алайда:

Тұған елін ойласа,  
Қалатын жасып, басылып.

Еспенбет он төрт жасқа келгенде "Ер – туған жеріне, ит – тоған жеріне" дегенді есіне алып, алыстағы ата жұртына кеткісі келеді. Нагашы атасынан еліне қайтуға рұқсат батасын сұрайды. Осы арада мына бір жайтқа назар аударған жөн. Еті тірі, сезімі сергек, талапты жасөспірімнің желі басында үйездеп тұрған енесінің белінен секіріп ойнап жүрген Ақбөрте құлынға қызығуында нышан бар:

Құйрығын шаншып алды да,

Үш айналды желіні.

Селеу жерге бас ұрды,  
Омырауының желінен.

Құйындатып келді де,  
Ытқып түсті Ақбөрте,  
Енесінің белінен.

Құбыларынан ойлы, намысы күшті, арманы биік Еспенбетті осы бір туысы бөлек құлын ерлік арманға жетелейді: өскенде Ақбөртені ат қып мініп, қару асынып, жау қайтаруды армандайды. Ал осы жеткіншек тағы да:

Жігерім болса жетемде, Өнерім болса, еліме

Еліме барып, ұл болсам. Адал еңбек етсем деп;

Жігерсіз болсам, жетесіз, Болмаса өнер бойымда,

Қойын бағып, құл болсам... Қораш құл бол өтсем деп, –

ойлайды. Қандай адамдық адап, ақ ниет десенізші! Ақынның кейіпкерінің осы сөздері арқылы бейнеленген биік эстетикалық-адамгершілік көзқарасы, халықтық демократизмі-туындының өн бойына көктей тартылып жатқан өзекті идеясы.

Ер Қосай Еспенбеттің тілегін қабыл алдып, қалауын сұрайды. Салт бойынша басына үй, алдына мал салып, қалыңдық әперіп қайтарайын дейді. Көпті көрген батырдың көрегендігі шығар, әйтеуір, "көп шөбере ішінде" Еспенбеттің "ерекше тілеп тілеуін", Құдайға жалбарынумен жүреді екен.

**5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Эр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

*Студенттер кіши топтарға бөлінеді.*

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 6 беті

«Мен қалай өз мақсатыма жетемін?» тақырыбы бойынша көпшілік алдында сөйлеуге дайындалыңдар. Оларға талдау жасаңдар. Мәтіннің жетістігі мен кемшилігін дәлелдеңдер.

**Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.**

**Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.**

**Сабакты қорытындылау: 15 мин.**

### 5. 6. Әдебиет.

Негізгі:

- 1.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014
- 2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;
- 3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;
- 4.Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
- 5.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

### Қосымша әдебиеттер:

- 1.Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
- 2.Сәтбаева ІІ, ІІ.Құдайбердиев – Алматы 1990
- 3.Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
- 4.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
- 5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
- 6.Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
- 7.Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
- 8.Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
- 9.Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.
- 10.Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру: 10 мин.**

### 5.7. Бақылау: Ауызша сұрақ жауап.

1. XIX ғасырдың I жартысындағы ақын – жазушылардың шығармаларының маңыздылығы?
2. XIX ғасырдың I жартысындағы тарихи жағдай?
3. XIX ғасырдың I жартысындағы Қазақстанның саяси-экономикалық жағдайы мен отарлау саясатының жағдайы?
4. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы тарихи-элеуметтік жағдай туралы не білесіздер?
5. Осы кезде ел басқару ісіне қандай өзгерістер болды?
6. Осы кезеңде тарих саҳнасына шыққан ақындар кімдер?
7. Дулат, Шортанбай, Мұрат, Жанкісі т.б. ақындарының шығармаларындағы ерекшелік нәде?
8. 1. Дулат Бабатайұлы өз заманында қандай адам болған?
2. Дулаттың атын ақтап, қазақ еліне таныстырған қандай ғалымдар?
3. Неге «зар заман» ақыны атанды?
4. Дулат өмір сүрген дәүірдегі қазақ даласындағы тарихи-элеуметтік жағдай қандай?
5. Дулат шығармалары қандай тақырыптарды қамтиды?

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 7 беті

## **№ 2 сабак**

**5.1. Тақырып:** Махамбет Өтемісұлы. «Менің атым Махамбет». «Атадан тұған аруақты ер», «Нарын», «Тайманның ұлы Исадай».

**Сағат саны:** 2 сағ. 90 мин

**5.2. Мақсаты:** оқушыларға Махамбет Өтемісұлы туралы, оның өмірі мен шығармалары туралы мәлімет беру; Ақынның бізге жеткен мұрасы, өлеңдерінің тақырыбы туралы баяндау. Махамбеттің ерлігі мен батырлығы, досына адалдығы туралы түсіндіріп, таныстыру. Тақырып бойынша білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, тиенақтау. Пәнге қызығушылығын арттыру.

**5.3. Оқу мақсаттары:** электрондық оқулық арқылы ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту; ой түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру; Махамбет сарынымен өлең шығаруға үндеу, өлеңдерін жаттауға, ауызекі сөйлеуге дағыландыру, ой-өрісін кеңейту.

**Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.**

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

**Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.**

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1. Махамбет Өтемісұлы өмірі мен шығармашылығы.
2. «Менің атым Махамбет», «Атадан тұған аруақты ер», «Нарын», «Тайманның ұлы Исадай» өлеңдері.
3. Ақынның өмір сүрген дәуірі мен ақын өлеңдерінен көрініс табатын халықтық арман-тілегі. Махамбет жырларындағы Исадай мен ақынның өз бейнесі. Батыр образын сомдаудағы ұлттық дәстүрлі нақыштар мен Махамбетке тән сөз қолданыстар.
4. Халық трагедиясы-ақын трагедиясы.

**Жаңа сабакты түсіндіру: 20 мин.**

**Махамбет Өтемісұлы. «Менің атым Махамбет». «Атадан тұған аруақты ер»  
«Нарын», «Тайманның ұлы Исадай».**

Қазақ халқының XIX ғасырдағы ең көрнекті ақындарының бірі. Махамбет Өтемісұлы 1804 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысының Орда ауданына қарайтын Бекетай құмы деген жерде туылды. Өтемістің он баласы болып, Махамбет Бекмағамбеттен кейінгі екінші бала болады. Болашақ ақынның әкесі Ішкі Ордадағы ауқатты, ханға жақын, ықпалды адамдардың бірі болған. Маханбеттің қайда тәрбие алғып, қайда оқығаны туралы нақты мәліметтер жоқ. Алайда, архив деректері оның мұсылмандығы ғұлама, ал орысша тілге де, хатқа жеткі адам болғаның қорсетеді. 1824 жылы Ішкі Орданың ханы Жәңгір жиырма жасар Махамбетті өзінің баласы Зұлқарнайынмен бірге Орынборға жібереді. Ақын хан мұрагеріне аталық болып, мұнда төрт-бес жылдай тұрады. Алайда, көп ұзамай-ақ Махамбет сезікті адам ретінде біраз уақыт Калмыков бекінісінде тұтқында отырады. 1836 жылы 14 көкекте Исадай мен Жәңгір кездеседі. Ханның қайын атасы Қарауылқожаның ауылын шауып алады.

1837 жылы 2 қарашада хан ордасына қайта аттанады. 1838 жылы 12 шілдеде орыс әскерімен шайқаста, Исадай қаза табады. Ары қарай Махамбет ақынның азапты құндері туады. Орынбор түрмесіне қамалады. 1846 жылы өз үйінде қастандықпен қаза табады. Бейіті Атырау облысы, Махамбет ауданы, Қараой деген жерде. Ақынның өлеңдері ерлікке, өрлікке арналады. Не үшін соғысып жүргенін айтады. Ел қандай болу керек деген сауалдарға жауап іздейді. Азаматтың міндетін қорсетеді. Осыған үқсас «Беркініп

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 8 беті

садақ асынбай ...» деп басталатын өлеңі де бар. Алғашқыда ерлер ісі жорық пен оның қызындығына шыдау туралы болса, соңғыда жауын жеңу, ерлікпен қасқая соғысу ерлер ісі деп толғайды. Исадай жолдасын мақтап нағыз ер бейнесін жасайды. Ақынның әр өлеңінде ел үшін, жұрт бақыты үшін қан тәккен, сол мақсатқа бел буган ерлер бейнесі жасалса, Исадай — сол ерлерді бастаушы, халық үшін жаңын қиған батыр, әрі соғыстағы ерліктің, жүректілік пен өрліктің символы да. «Исадай деген ағам бар», «Мұнар құн», «Тайманның ұлы Исадай», «Мінкен ер», «Тарланым», «Исадайдың сөзі», «Мінгені Исадайдың Ақтабаны — ай» өлеңдерінде тұтастай ел бастаған ер бейнесі сомдалады.

Егер жыраулар поэзиясы XV — XVIII ғасырлар шежіресі, сол заман батырларының ерлік дастаны десек, Махамбеттің Исадай туралы өлеңдері — сол жыраулар дәстүрінің жалғасы. Үмбетей, Ақтамберді, Бұқар жыраулар Абылай, Бөгөнбай, Қабанбай бейнелерін сомдаса, Махамбет Исадайдай ердің бік тұлғасын үлгі етті. Исадайдан, жерінен айрылып өкінеді, өксиді. Сол күндерін сағынады. Қызғыш құсқа зар айтады. Құсқа мұңданады. Махамбет поэзиясы — ерліктің, өрліктің поэзиясы. Ақынның асыл сөзінің маржан жырлары — жыраулар поэзиясымен үндестігі. Арнау, ханға қасқая сын, мін айту, жауынгерлік рух, батыр бейнесі жаңа үлгіде көрінді. Ақынның Менің атым-Махамбет» өлеңінде Жәнгір ханның халыққа деген, өзінен жасаған қиянат-қорлығын бетіне басып, одан құса болғанын айтады; Менің атым — Махамбет,

Жасқұстағы Жәнгірхан

Ісінен болдым құса — дерт.

Атасы өткен Айшуақ,

Соның көзі көрді ғой.

Менің атам Өтеміс,

Елдің қамын жеді ғой.

Ақын «Менің атым Махамбет» деген өлеңінде: «Өтемістен туған он едік, онымыз атқа мінгенде, жер қайысқан қол едік», - дейді. Өтемістің үлкен баласы Бекмахамбеттен басқалары көтеріліс кезінде түгелдей халық жағында болып, оған белсене қатысқан. Махамбет ерлікті адамгершілікпен өзектестіреді. Ер адамның «жауырынынан өтін алса да, жамандарға жалынбасына» сенеді. Ондай ер жауынынан еш жасқанбайды, қайта жау көрсе, аруақтан түседі. Хас батырға тән мінез білдіреді. Бұл-атаның ерлік дәстүріне берік ақынның:

Атадан туған аруақты ер

Жауды көрсе, жапырар

Үдеген соққан дауылдай,- деген жолдарынан айқын байқалады.

«Атадан туған аруақты ер» атты өлеңінде батырлардың, олардың қолбасшысы Исадайдың дүшпанмен болған қанды шайқастағы ерлік істері үлкен шеберлікпен суреттелген. Өз замандастарына, кейінгі ұрпаққа халық үшін аянбай еңбек етудің, құрнесудің өшпес өнегесін Исадайдан үйренуді мензейді:

**«Атадан туған аруақты ер»**

Атадан туған аруақты ер

Жауды көрсе, жапырар

Үдеген соққан дауылдай.

Жамандарға қарасаң,

Малын көрер жаңындей.

Жүйрік аттың белгісі

Тұрады құйрық-жалында-ай.

Айтып-айтпай немене,

Халық қозғалса,

Тұра алмайды хан тағында-ай!- деп, Исадайдың адалдығы мен әділ істерін, ерлік үлгілерін жарқыратада көрсетеді. Сол арқылы батырдың ел мен жерге деген қамқорлығын,

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 9 беті

адалдығын көреміз.

### **5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптастып жұмыс жасау**

*Жұптық жұмысқа қатысуышылардың мақсаты да, қабылдаған шешімі де бірге.  
Жұптастып жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жағдаяттың тапсырма бойынша  
жүп болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған. Берілген сөйлеу жағдаяттының  
мазмұнын сақтай отырып, сол өзгеріспен диалог құрады.*

**Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин.**

**Сабакты қорытындылау: 10 мин.**

**Тапсырма:** 1. «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін мәнерлеп оқып, идеясын айт.

2. Өлеңнен сөз тіркестері мен көркемдегіш құралдарды тап.

3. Мәнерлеп оқиды. Бұл өлеңде ақын тек халқына рух беріп, нағызының қайрап, қүреске шақырады.

4. Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығына презентация дайындау.

**Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.**

### **5.6. Әдебиет.**

Негізгі:

1. Әдібаев Х. Қазақ әдебиеті: Оқулық 11-сынып Алматы Мектеп 2012 ;

2. Қазақ әдебиеті XIX 10-сынып Ж-М / Алпыссаев Қ. Алматы ,Мектеп 2010;

3. Бердібай Р. Қазақ әдебиеті Оқулық 11-сынып Алматы ,Мектеп 2011

4. Қазақ әдебиеті/ Алпыссаев : Уч-Ж-М- А : Мектеп 2006;

5. Қазақ әдебиеті: Оқулық 10-сынып Қ-Г/ Қирабаев С:-А Мектеп 2006 ;

6. Қазақ әдебиеті: Хрестоматия 10-сынып/ Ә.Шәріпов -Алматы: Мектеп 2003;

7 .Қирабаев С, Мырзағалиев Қ, Қазақ әдебиеті: Оқулық 10 сынып. Мектеп, 2001

6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011

7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

### **Қосымша:**

1. Қазақ көркем сөзінің шеберлері. Анықтамалық. Қарағанды 2010

2. Таңжарықова А. Қазіргі қазақ поэзиясындағы сал-серілер образы. Алматы 2007

3. С.Қирабаев Әдебиетіміздің ақтандық беттері. Алматы 2000

4. Жолдасбеков М. Асыл сөздің атасы. Алматы 1996

5. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары Алматы 2001

6. Қарібаева Б. Қара өлең және лирика. ҚР Білім және ғылым министрлігі . Алматы

### **5.7. Бақылау: ауызша сұрақ –жауап.**

1. Махамбеттің балалық, жастық шағы.

2. Исадай-Махамбет бастаған көтерілісі.

3. Исадай қазасынан кейінгі Махамбеттің өмірі.

4. Махамбет туралы зерттеу жұмыстар.

5 «Атадан туған аруақты ер» өлеңіндегі «Халық қозғалса, хан тұралмайды тағындей-ай!» деген жолдардың мағынасын калай түсінесіздер?

6. Махамбет көтерілістің мақсатын қандай өлеңдерінде және қалай айтып берген?

**Үйге тапсырма беру: 5 мин.**

### **№ 3 сабак**

**5.1. Тақырып:** Сүйінбай Аронұлы. «Бөрілі менің байрағым», «Ту алып жауға шапсан ғен», «Датқалар», «Әділеттік орнаса», «Сүйінбайдың Тезек төреге көңіл айтуы».

**Сағат саны:** 3 сағ. 135 мин

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 10 беті

**5.2. Мақсаты:** оқушыларға Сүйінбай Аронұлы туралы, оның өмірі, ақындық жолға түсі, шығармаларының тақырыбы, айтыс өнеріндегі өшпес орны туралы білімдерін кеңейту.

**5.3. Оқу міндеттері:** Сүйінбай шығармаларының тақырыбын аша отырып, оқушыларды Сүйінбайдай әділ, батыл болуға, адам бойындағы жат мінездерден аулақ болуға тәрбиелеу, электрондық оқулық арқылы ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту; Ұлы ақынның шығармаларын оқыта отырып, Сүйінбайдың шығармашылығына деген қызығушылықтарын арттыра түсу.

**Үйимдастыру кезеңі: 5 мин.**

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

**Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.**

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

**1. Сүйінбай Аронұлы өмірі мен шығармашылығы.**

2.«Бөрілі менің байрағым», «Ту алып жауға шапсаң сен», «Датқалар», «Үмбетәліге өлеңдері. 3.«Сүйінбай мен Тезек тере», «Сүйінбай мен Қатаған» айтыстары, Сүйінбай-айтыстың асқан шебері және қазақ пен қырғыз елдеріне өткір тілді, озық ойымен кеңінен танылған ақын.

**Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.**

**Сүйінбай Аронұлы. «Бөрілі менің байрағым», «Ту алып жауға шапсаң сен».**

Сүйінбай Аронұлы – XIX ғасырдағы Жетісудың ірі ақыны. Ол жасөспірім кезінен-ақ ақындық өнерді машық ете бастаған. Аңыз-ертеғілер, қисса-жырларды жаттап өскен.

Қазақ, қырғыз еліне ақындығымен, айтыскерлігімен, туысқандық пен достықтың жыршысы ретінде көрінген азамат ақын. Оның атасы Күсеп те үлкен ақын екен.

С.Аронұлы әділетсіздікке жаны қас, шындықты бетке айта алатын батыл, «халықты тілмен қорғаған» өткір сыншы ретінде де жүрген ортасында танымал бола білген.

Ақынның болыс-би, төрелердің халыққа жасап отырған әділетсіздігін әшкерелейтін «Төрелерге», «Үмбетәліге», «Әділдік орнаса» өлеңдері бар.

Ақын батырлардың ерліктері мен табандылығын, еліне, жүртіна деген адалдығын жырлаған. Батырдың қаһармандық бейнесі танылатын осындағы бір өлеңі-«Бөрілі байрақ астында». Ондағы жолдардан патриоттық биік сезім білінеді. Сүйінбай – айтыс шебері. Оның, әсіресе Тезек төремен, Қатағанмен айтысы халық арасына кең тараған.

Сүйінбай-шыншыл ақын. Өлендерін сыннатуга келген бала Жамбылға: «Көмекейін емес, жүргегің сөйлейтін болсын», - деп бата берген. Сүйінбай Аронұлының өлеңдері 1935 жылы «Сүйінбай ақын» деген атпен, кейінірек 1975 жылы «Ақының», «Сүйінбай шығармалары», жинақтары баспадан шықты. Аумалы – тәкпелі аласапыран заманда өмір сүрген Сүйінбай қоғамдық істерге белсене араласты. Ол Қоқан билеушілері мен жергілікті әділетсіз хан – сұлтан, төрелерден, бай – болыстардан қорықпай, жасқанбай, шынындықты тұра бетке айтып, елдің мұңын мұндаң, жоғын жоқтаушы болған. Әсіресе, ақынның Тезек төремен, қырғыз ақыны Қатағанмен айтыстарында, сондай-ақ «Датқаларға», «Үмбетәліге», «Төрт биге», «Момын малын зұлымға алып беріп» т.б. өлеңдерінде әділетсіздікті, қиянатшылдықты озбырлықты аяусыз сынға алған. Оның шешенендік нақыл сөздері, болыс-бillerеге арналған «Мақсұтқа», «Қасымға», «Болыстарға баға» атты сықақ өлеңдері сақталған. «Төрелерге» өлеңінде:

Келдіндер осы топқа барайын ба деп,

Бір шайқам май түсе ме, қарайын деп.

Момын малын зұлымға алып беріп,

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-233</p>
<p>Әдістемелік өндөу</p>	<p>128 беттің 11 беті</p>

Нашардың қайтардыңдар талайын жеп, -

деп, ел билеушілердің момын халықта жасаған озбырлығын көрсетсе, «Датқаларға» деген өлеңінде:

Бұл заманның ұлғы  
Параменен мал жиып,  
Бойынан асқан былғы,  
Оязға қайтсем жағам деп,  
Узілерге болды жұлымы.  
  
Θз елін өзі қарақтап,  
Көр актарған қорқаудай  
Датқалар жүр жалақтап, -

деп датқалардың қияннатты істерін мысқылдайды.

#### **5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** Шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

**Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 30 мин.

**Тапсырма:** Сүйінбай Аронұлы шығармашылығы жайлы мысалдар келтіріп, презентация дайындау. Ең үздік презентацияға номинация беру.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 15 мин.

#### **5.6. Әдебиет:**

Негізгі:

- 1.Әдібаев Х. Қазақ әдебиеті: Оқулық 11-сынып Алматы Мектеп 2012 ;
- 2.Қазақ әдебиеті XIX 10-сынып Ж-М / Алпысъаев Қ. Алматы ,Мектеп 2010;
- 3.Бердібай Р. Қазақ әдебиеті Оқулық 11-сынып Алматы ,Мектеп 2011
- 4.Қазақ әдебиеті/ Алпысъаев : Уч-Ж-М- А : Мектеп 2006;
- 5.Қазақ әдебиеті: Оқулық 10-сынып К-Г/ Қирабаев С:-А Мектеп 2006 ;
- 6.Қазақ әдебиеті: Хрестоматия 10-сынып/ Ә.Шеріпова –Алматы: Мектеп 2003;
- 7 .Қирабаев С, Мырзагалиев Қ, Қазақ әдебиеті: Оқулық 10 сынып. Мектеп, 2001
6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

#### **Қосымша:**

- 1.Қазақ көркем сөзінің шеберлері. Анықтамалық. Қарағанды 2010
- 2.Таңжарықова А. Қазіргі қазақ поэзиясындағы сал-серілер образы. Алматы 2007
- 3.С.Қирабаев Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. Алматы 2000
- 4..Жолдасбеков М. Асыл сөздің атасы. Алматы 1996
- 5.Жұбанов А. Замана бұлбұлдары Алматы 2001
- 6.Кәрібаева Б. Қара өлең және лирика. ҚР Білім және ғылым министрлігі . Алматы

**Үйге тапсырма беру:** 10 мин.

#### **5.7. Бақылау:** ауызша сұрақ-жауап.

1. Сүйінбай Аронұлы қай жылдары өмір сүрген?
- 2.Сүйінбайдың туган жері?
- 3.Сүйінбай ақынның шыққан тегі?
- 4.Қандай толғаулары бар?
- 5.Қандай өлеңдері бар?
- 6.Өлеңдерінің тақырыптары қандай?

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 12 беті

#### № 4 сабак

**5.1. Тақырып:** Майлықожа Сұлтанқожаұлы. «Толғау», «Үш жігіт», «Аңқау мен қу», «Жылдың төрт мезгілі».

**Сағат саны:** 2 сағ. 90 мин

**5.2. Мақсаты:** оқушыларға Майлықожа Сұлтанқожаұлы туралы, оның өмірі мен шығармалары туралы мәлімет беру. Фалымның бізге жеткен мұрасы, зерттеу еңбектері туралы баяндау. Тақырып бойынша білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, тиянақтау. Пәнге қызығушылығын арттыру.

**5.3. Оқу міндеттері:** қазақтың ақын - жазушыларын біліп, құрметтеуге, отансүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу. Электрондық оқулық арқылы ойлау, есте сактау, көру қабілеттерін дамыту; ой түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру.

**Үйимдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

**Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:** 15 мин.

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1. Майлықожа Сұлтанқожаұлы өміrbаяны.
2. «Толғау», «Үш жігіт», «Аңқау мен қу», «Жылдың төрт мезгілі».
3. Ақын шығармаларынан көрінетін терең ойшылдықпен өткір сықақшылдық.
4. Көнеден келе жатқан дидактикалық сарынды жалғастыруши ақынның сүйіспеншілікті жырлауы. Оның шығыс ақындарына еліктеуі.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 20 мин.

**Майлықожа Сұлтанқожаұлы. «Толғау», «Үш жігіт», «Аңқау мен қу»,  
«Жылдың төрт мезгілі».**

Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылқұм жерінде туып өскен. Әкесі Сұлтанқожа мұсылманша сауатты, шағын дәулетті, көзі ашық, діндар адам болған. Майлықожа әкесінің үйретуімен сауат ашып, кейін өз бетімен көп ізденіп, заманына сай білімді алған. Майлықожа әке-шешесінен 14 жасында жетім қалып, жоқшылық, мұқтаждық көп көрген. Ержете келе жаттап өлең айтып, өнер жолына тұсу арқылы елге танылады. Ол 20 жас шамасында өлең өнеріне бет бүрады. Ел ақындарымен кездесіп, кейін өзінің сауатын кеңейтіп, шығыс әдебиетін оқуға, оның кейбір үлгілерін жаттап айтып, таратуға қол жеткізеді. Майлықожа 1860 жылдары Сырдан қазіргі Таразға келіп, Сыпатай батырдың асында Сүйінбаймен кездесіп, онымен сөз қағыстырған. Бұл жыр бірінші рет 1929 жылы «Жаңа әдебиет» журналында басылды. Майлықожаның кейбір толғаулары 1883 жылы Ташкентте шыққан «Қырғыз хрестоматиясы» атты жинақта жарық көрген. Олар - «Райымқұлға», «Қасқыр», «Ногай мырзаға», «Үш жігіт».

Кейбір деректерде Майлықожа Сұлтанқожаұлының өмір сүрген жылдары 1835-1898 деп берілген және оның Сарыағаш ауданында туғаны туралы мәлімет бар.

**5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері :** шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды. Майлықожа Сұлтанқожаұлы. «Толғау», «Үш жігіт», «Аңқау мен қу», «Жылдың төрт мезгілі» өлеңдерін талдау.

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 13 беті

**Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 25 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 10 мин.

### **5.6. Әдебиет:**

Негізгі:

- 1.Әдібаев Х. Қазақ әдебиеті: Оқулық 11-сынып Алматы Мектеп 2012 ;
- 2.Қазақ әдебиеті XIX 10-сынып Ж-М / Алпыссаев Қ. Алматы ,Мектеп 2010;
- 3.Бердібай Р. Қазақ әдебиеті Оқулық 11-сынып Алматы ,Мектеп 2011
- 4.Қазақ әдебиеті/ Алпыссаев : Уч-Ж-М- А : Мектеп 2006;
- 5.Қазақ әдебиеті: Оқулық 10-сынып Қ-Г/ Қирабаев С:-А Мектеп 2006 ;
- 6.Қазақ әдебиеті: Хрестоматия 10-сынып/ Ә.Шәріпова –Алматы: Мектеп 2003;
- 7 .Қирабаев С, Мырзағалиев Қ, Қазақ әдебиеті: Оқулық 10 сынып. Мектеп, 2001
8. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
9. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

### **Қосымша:**

- 1.Қазақ көркем сөзінің шеберлері. Анықтамалық. Қарағанды 2010
- 2.Таңжарықова А. Қазіргі қазақ поэзиясындағы сал-серілер образы. Алматы 2007
- 3.С.Қирабаев Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. Алматы 2000
- 4..Жолдасбеков М. Асыл сөздің атасы. Алматы 1996
- 5.Жұбанов А. Замана бұлбұлдары Алматы 2001
- 6.Кәрібаева Б. Қара өлең және лирика. ҚР Білім және ғылым министрлігі . Алматы

**Үйге тапсырма беру:** 5 мин.

**5.7. Бақылау:** Майлышқожа Сұлтанқожаұлы. «Толғау», «Үш жігіт», «Аңқау мен құ», «Жылдың төрт мезгілі» өлеңдерін талдау жұмысы.

### **№ 5 сабак**

**5.1. Тақырып:** Мұрат Мөнкеұлы. «Үш қиян», «Сарыарқа», «Шәлгез». «Қазтуған», «Қарасай-Қази» дастаны.

**Сағат саны:** 3 сағ. 135 мин

**5.2. Мақсаты:** оқушыларға Мұрат Мөнкеұлы туралы, оның өмірі мен шығармалары туралы мәлімет беру. Ақынның бізге жеткен мұрасы, зерттеу еңбектері туралы баяндау. Тақырып бойынша білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, тиянақтау. Пәнге қызығушылығын арттыру.

**5.3. Оқу міндеттері:** қазақтың ақын - жазушыларын біліп, құрметтеуге, отансүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу. Электрондық оқулық арқылы ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту; ой түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру.

**Үйимдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

**Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:** 25 мин.

### **5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1. Мұрат Мөнкеұлы өмірі мен шығармашылығы.
- 2.«Үш қиян» толғауы, «Сарыарқа», «Қарасай-Қази» дастаны.
- 3 XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ақындардың бірі Мұрат Мөнкеұлының өлеңдеріндегі замана жайының суреттелуі.
- 4.«Үш қиян» толғауы «Зар заман» дәүірі әдебиетінің үздік туындысы. Ондағы ел, жер тағдыры туралы толғамдары.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 14 беті

5. «Қарасай-Қази» дастанының сюжеттік желісі. Ақынның сатиралық шығармалары.  
**Жаңа сабактың түсіндіру:** 40 мин.

**Мұрат Мөңкеұлы. «Уш қиян», «Сарыарқа», «Шәлгез», «Қазтуған»,  
 «Қарасай-Қази» дастаны.**

Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906) - айтыскер ақын, жырау. Қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қарабау ауылында дүниеге келген. Жасынан жетім қалып, ағасы Матайдың қолында тәрбиленген. Ауыл молдасынан білім алған. Есет би мен Абыл ақыннан өнеге алыш, өзі Мұрын жырау Сенгірбайұлына ұстаздық еткен. Мұрат Мөңкеұлы 17 жасында Жылқышы, 20 жасында бала Ораз, 25-інде Жаскелен, Жантолы, Шолпан, Тыныштық сынды ақындармен айтысып, жеңіп шыққан. Ол өзінің өжет мінезі, қағытпаға жүйріктігі, тапқырлығымен әрдайым женіске жеткен. Мұрат Мөңкеұлы елінің тәуелсіздігін аңсан, бодандыққа қарсы жыр толғады. Зар заман ақыны атанды. Ата қонысының отарлаушы талауына түскеніне налыған ақын өзі туып өскен даланың кешегі күнін сағынышпен еске алған. Оның «Әуелі жеңіп орыс Еділді алды, Сарытау, Аштарханның жерін алды. Тәмамы су мен нуды орыс ұстап, Қазақтың мұнан жұтап шалынғаны», «Қазақтың жер-мұрасы», «Кең қоныс қайдан іздел таптырады?» деген жыр жолдары ақынның отаншылдық рухына дәлел болады. Ақынның басты шығармасы - «Уш қиян». Мұнда ақын ескі дәстүрдің іргесі шайқалғанын, адамдар ниетінің бұзылуын сөз етеді. Құнарлы қоныстарды тартып алған отарлау нәтижесінде тұрмысы нашарлап, тығырыққа тірелген ел тағдыры ақынды тебірентпей қоймайды. «Уш қиян» толғауымен «Сарыарқа», «Әттең, қапы дүние-ай», «Қазтуған» жырлары үндес. Мұнда айтылатын басты нәрсе - жер, құтты қоныс жайы. Ол «Қарасай-Қази», «Шәлгез», «Ғұмар Қазиұлына айтқаны» атты жырларына діни аңыздарды негіз еткен. Білімді игермейінше елінің өркендеңдітінің «Оқудан қайтқан азаматқа» өлеңінде аңғартады. Ақын мұрасының бір шоғыры - би-болыстарға айтқан арнау өлеңдері. Мұрат Мөңкеұлы майталман жыршы, термеші ретінде де танылған. «Өлім», «Қызы», «Арғымақ сыйлап не керек», «Аттан сұлу болар ма?», «Жалғаншы фәни жалғанда» атты термелерінде заман сырына үніліп, өмір мен өлім, жастық пен кәрілік, сұлулық хақында толғанады. «Оқудан қайтқан жігітке хат», «Еліне жазғаны», «Бір досқа» атты хат үлгісінде жазылған үш туындысы сақталған. Ақын «Қырымның қырық батыр» жырың, Шалқиіз, Қазтуған шығармаларын жеткізушілердің бірі болған. Әсіреле Махамбет өлеңдерін жеткізуға еңбегі ерекше. Махамбет жырлары Қуан жырау - Мұрат - Ығылман ақындар арқылы біздің заманымызға жеткен. Мұрат Мөңкеұлы шығармалары «Мұрат ақынның Ғұмар Қазиұлына айтқаны», «Ақын», «Мұрат ақынның сөздері», «Бес ғасыр жырлайды», «Алқаласа әлеумет», тағы басқа жинақтарда жарияланған. Б.Қорқытовтың құрастыруымен ақынның жеке жинағы шыққан. Шығармаларын Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, А.Тоқмағанбетов, Қ.Жұмалиев, Б.Омаров, Қ.Мәдібай, тағы басқа ғалымдар зерттеген. Кейбір шығармалары орыс тіліне аударылған. «Қарасай — Қази» жыры — Мұрат шығармаларының ең көлемдісі, оны нағыз эпостық поэма деуге болады. Жырдың сюжеті — тартымды, ширак, жинақы күрілған. Ноғай-ка-зактың батыры Орак екіжүзді, күншіл ағайындардың арамза істерінен капияда каза табады. Жырда батырдың казасы ел-жүртіна ауыр тигені — оның досы Акмырзаның, шешесі Қөрібоздың, кария Қараулектің жоктаулары арқылы үлкен психологиялық тебіреніспен беріледі. Әкеден айрылып жетім калған екі жас Қарасай мен Қази толғаныстары сай-сүйекті сырқыратады. Жырдағы бөлекше әсер калдыратын бейне — Қарасай мен Қазидың анасы. Ол — кос батыр ұлан өсірген асыл ана, мейірімді

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 15 беті

де адаптация жар. Батырлар жырындағыдай “көркіне ақылы сай” әйел деп суреттеле мейді, оның аяғы аксақ, көзі сокыр. Жырда бұл кемдікке саналмайды. Орактың сүйкімді жары ерін қалай сүйсек, елін де солай адаптация сүйеді. Ол батырға сай — жар, әрі ана ретінде көрінеді:

Карсыласқан дүшпанды Қабыландай соғып жер еді.

Маңдайы күндей балқыған,

Көзі судай толқыған,

Иісі запъфандай анқыған,

Бір патшадай неме еді,

Өтіп кетті демесең,

Қай батырдан кем еді?.. —

деп, жары Орақ батырды аса жоғары бағалайды. Орақ батырдың қаза болғанын пайдаланып, елге жау шабады. Бұл кезде Қарасай — 17-де, Қази — 15-те. Жауға аттанған қолдың оны тойтара алмайтынына көзі жеткен Орақтың әйелі баласы Қарасайды шақырып алып, жауға қарсы аттануға қайрайды.

Атаңа тартып тумадың, Аюдын етін жегіздін,

Беліңе садақ бумаңың, Жолбарыстың сүтін ішкіздін.

Не болды саған, балдарым?.. Белден карға аунаттың,

Айналайын Қарасай! Сегіз жылан жеп едім,

Мен саған жерік болғанда, Сөйтіп туған сен едің...

Қарасай мен Қази жас та болса жауға аттанады. Алдын-да кеткен қол жаудан жасқанып кейін кайтқанда, қос батыр дүшпандың шайқасқа кіреді. Жасанған жауға екеуі бірге шауып, ақыры жеңеді. Жыр окиғасы осылайша сан мың қалмақтың әскерін қырып, қос батырдың елге аман-есен оралуымен аяқталады. Жырдың тілі өсерлі, көркем суреттерге бай. Қарасайдың майданға кірердегі інісі Қазига айткан сезідеріндегі мета-форалар жанашырлық сезімді оятып, жан толқытады:

Айналайын Қазижан,

Асландағы жұлдызымы,

Маңдайдағы күндызымы,

Артында енді кім қалды,

Айналайыш жалғызымы?

### **5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру, шағын топпен жұмыс.**

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

**Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 15 мин.

**Үйге тапсырма беру:** 10 мин.

**5.6. Әдебиет.**

<b>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 16 беті

Негізгі:

- 1.Әдібаев Х. Қазақ әдебиеті: Оқулық 11-сынып Алматы Мектеп 2012 ;
- 2.Қазақ әдебиеті XIX 10-сынып Ж-М / Алпысъаев Қ. Алматы ,Мектеп 2010;
- 3.Бердібай Р. Қазақ әдебиеті Оқулық 11-сынып Алматы ,Мектеп 2011
- 4.Қазақ әдебиеті/ Алпысъаев : Уч-Ж-М- А : Мектеп 2006;
- 5.Қазақ әдебиеті: Оқулық 10-сынып Қ-Г/ Қирабаев С:-А Мектеп 2006 ;
- 6.Қазақ әдебиеті: Хрестоматия 10-сынып/ Ә.Шәріпова –Алматы: Мектеп 2003;
- 7 .Қирабаев С, Мырзағалиев Қ, Қазақ әдебиеті: Оқулық 10 сынып. Мектеп, 2001
8. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
9. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

**Қосымша:**

- 1.Қазақ көркем сөзінің шеберлері. Анықтамалық. Қарағанды 2010
- 2.Таңжарықова А. Қазіргі қазақ поэзиясындағы сал-серілер образы. Алматы 2007
- 3.С.Қирабаев Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. Алматы 2000
- 4..Жолдасбеков М. Асыл сөздің атасы. Алматы 1996
- 5.Жұбанов А. Замана бұлбұлдары Алматы 2001
- 6.Кәрібаева Б. Қара өлең және лирика. ҚР Білім және ғылым министрлігі . Алматы.

**5.7. Бақылау:** шағын топпен жұмыс

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. 1 Мұрат Мөнкеұлының өмірі, шығармашылығы жайлы не білесіндер?
2. Ақын шығармаларынан отаншылдық, ізгілік, адамгершілік мәселелері қалай көрініс тапқан?
3. Мұрат Мөнкеұлы жайлы естеліктердің маңызы неде?

## **№ 6 сабак**

**5.1.Такырып:** Шоқан Уәлиханов. «Ыстықкөл күнделігі», «Жонғар очерктері», «Қазақ халық поэзиясының түрлери».

**Сағат саны:** 2 сағ. 90 мин

**5.2. Мақсаты:** оқушыларға Шоқан Уәлиханов туралы, оның өмірі мен шығармалары туралы мәлімет беру; «Құйрықты жүлдyzдай» жарқ еткен ғалымның бізге жеткен мұрасы, зерттеу еңбектері туралы баяндау. Түрлі елге саяхат жасап, әр елдің мәдениеті мен салт –дәстүрінен алған мәліметтерімен және «Ыстықкөл күнделігімен» таныстыру. Тақырып бойынша білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, тиянақтау. Қазақ халқының ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың өмірі, өмір сүрген ортасы, ғылымға қосқан ұлесі жайлы оқушылардың шығармашылық жұмысы арқылы кең түрде мағлұмат беру. Пәнге қызығушылығын арттыру. **5.3.Оқу міндеттері:** қазақтың ақын - жазушыларын біліп, құрметтеуге, отансұйғыштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу, электрондық оқулық арқылы ойлау, есте сактау, көру қабілеттерін дамыту; ой түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру; Шоқан секілді аз ғана ғұмырында көптеген еңбектер жазып үйренуге, түрлі саладан хабардар болуға ауызекі сөйлеуге дағдыландыру, ой-орісін кеңейту.

**Ұйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15мин.

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 17 беті

#### **5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1. Шоқан Уалиханов өмірі мен шығармашылығы.
2. «Ыстықкөл күнделігі», «Жонғар очерктері», «Қазақ халық поэзиясының түрлері» зерттеу енбектері.
3. Фалымның қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясына қатысты ойлары.
4. Ш. Уалихановтың зерттеу енбектеріндегі қазақтың жыр-дастандары мен ақын-жыршылары туралы мәліметтері.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 20 мин.

#### **Шоқан Уәлиханов «Ыстықкөл күнделігі», «Жонғар очерктері», «Қазақ халық поэзиясының түрлері»**

**Шоқан (Мұхамедқанағия) Шыңғысұлы Уәлиханов** – қазақ халқының тұнғыш талантты ғалымы. 1835 жылы қазіргі Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде, аға сұлтан Шыңғыс Уәлихановтың отбасында дүниеге келген.

Жасында ауыл мектебінде мұсылманды хат таниды. 1847-1853 жылдары Омбыдағы кадет корпусында оқиды. Зерттеушілік қабілеті осы оқу орнында оқып жүргенде оянған. Сабактан тыс уақыттарында көп оқып, саяхатшы болуды армандаиды. 1853 жылы 18 жасында кадет корпусын бітіріп, Омбыда әскери қызметке қалдырылады, генерал-губернатор Гасфортың адъютанты болып тағайындалады. Әскери қызметте жүріп, Орта Азия халықтарының тарихы мен әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын, жағрафиясын зерттеуге белсене араласады.

1865 жылды Орталық Қазақстанды, Жетісу мен Тарбағатайды аралайды. 1856 жылды қыргыз елін зерттеу экспедициясына қатысады. Қырғыздар мен ұлы жүз қазақтарының тарихы, этнографиясы туралы мәліметтер жинаиды, ауыз әдебиеті нұсқаларын жазып алады. Қырғыз халқының «Манас» жырын бірінші рет баспаға ұсынып, жоғары баға береді.

1857 жылды 2 ақпанда Орыс жағрафиялық қоғамының толық мүшесі болып сайланады. 1858-1859 жылдары өзінің әйгілі Қашқарияға саяхатын жасайды. Қашқария мәліметтері Шоқанның дүниежүзілік ғылымға қосқан зор үлесі болып табылады.

1859-1861 жылдары Петербургте шығармашылық қызметпен айналысады, Петербург университетінде дәрістер тындаиды.

1861-1863 жылдары денсаулығы нашарлаған Шоқан елінде болады.

1863-1864 жылдары Сібір қазақтары үшін жасалып жатқан Сот реформасын (басқару) дайындау ісіне қатысады.

1865 жылдың сәуірінде Алтынемел тауының баурайында, Тезек төренің ауылымда қайтыс болады.

Шоқан Уәлиханов әралуан ғылым саласын меңгерген энциклопедист ғалым еді. Оның жағрафия, әдебиет, этнография, тарих, экономика, құқық, дін, т.б.

#### **5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері :** шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

**Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 25 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 10 мин.

#### **5.6. Әдебиет.**

Негізгі:

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-233</p>
<p>Әдістемелік өндеу</p>	<p>128 беттің 18 беті</p>

1. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014
2. Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;
3. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;
4. Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
5. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
2. Сәтбаева Ш, Ш. Құдайбердиев – Алматы 1990
3. Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
5. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
6. Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
7. Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
8. Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
9. Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыры. Алматы 2004-2086.
10. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

### **5.7. Бақылау:** тестілеу.

1. Шоқанның шын аты кім?
  - а) Ибраһим
  - ә) Мұхаммедханафия
  - б) Садуақас
2. Шоқан қай жылды дүниеге келді?
  - а) 1835
  - ә) 1845
  - б) 1865
3. Шоқанның туған жері.
  - а) Қостанай облысы, Қызылту ауданы
  - ә) Алматы облысы, Ақсу ауданы
  - б) Қостанай облысы, Құсмұрын бекеті
4. «Жалпы жолдастарының, соның ішінде маған, ол «Еуропаға ашқан терезе іспеттес», - деп кім айтты?
  - а) Г. И. Потанин
  - ә) В. В. Григорьев
  - б) Н. И: Ильминский
5. Шоқанның балалық шағы қай жерде өткен?
  - а) Сырымбет
  - ә) Сандықтас
  - б) Шыңғыстау
6. Шоқанның әжесінің аты.
  - а) Ұлжан
  - ә) Зейнеп
  - б) Айғаным
- Шоқанның арғы атасы
  - а) Абылай

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 19 беті

- ә) Шыңғыс  
 б) Уәли  
 8. Ш. Уәлихановтың кадет корпусына оқуға түскен жылы.  
 а) 1852  
 ә) 1847  
 б) 1858  
 9. Шоқанның кадет корпусын бітірген жылы.  
 А) 1852  
 ә) 1853  
 б) 1854  
 10. Семейде Шоқанмен оның орыс досы... ескерткіш орнатылған.  
 а) И. И. Березинге  
 ә) Ф. Достоевскийге  
 б) М. Хоментовскийге  
 11. Шоқан Қашқарияға қашан саяхат жасады?  
 а) 1858 - 1859  
 ә) 1854 - 1857  
 б) 1847 - 1853  
 12. Шоқан қай жырды қағазға түсірді?  
 а) «Алпамыс»  
 ә) «Қобыланды»  
 б) «Манас»  
 13. Шоқан қай жылы Орыс География мүшелігіне сайланды?  
 а) 1861  
 ә) 1858  
 б) 1857
- Үйге тапсырма беру: 5 мин.**
- 5.7. Бақылау:** Сұрақтар тізімі:
1. Шоқан Уәлихановтың өмірі қандай болған?
  2. Шақаннанға ғалымдығы туралы не білесіндер?
  3. Шоқан Ресейге нені түсіндірді?
  4. «Шығыстану әлеміне құйрықты жүлдyzдай жарқ етіп шыға келген», - деп академик Н.И.Веселовский не үшін Ш.Уәлихановты айтқан?
  5. Ш.Уәлихановтың шын есімі Мұхамедқанағия неге Шоқан деп атаған?

### **№ 7 сабак**

**5.1. Такырып:** Ыбырай Алтынсарин «Залым төреге», «Азған елдің хандары», «Азған елдің билері», «Жаз», «Өзен» өлеңдері. «Атымтай Жомарт», «Мейірімді бала» әңгімелері.

**Сағат саны:** Зсағ.135 мин

**5.2. Мақсаты:** Ыбырай ағартушылық қызметінің, шығармаларының қыр-сырларын менгертіп, мазмұнына , терендей бойлату, өлеңдеріне жан-жақты талдау жасай отырып тақырыбын ашу.

**5.3. Оқу міндеттері:** қазақтың ақын - жазушыларын біліп, құрметтеуге, отансүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу. Ыбырай ағартушылық қызметінің, шығармаларының қыр-сырларын менгертіп, мазмұнына , терендей бойлату, өлеңдеріне жан-жақты талдау жасай отырып тақырыбын ашу.

**Үйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 20 беті

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

#### **5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1. Ыбырай Алтынсарин өмірі мен шығармашылығы.
2. «Жаз», «Өзен», «Залым төреге», «Азған елдің хандары», «Азған елдің билері» өлеңдері.
3. «Атымтай Жомарт», «Мейірімді бала» әңгімелері. «Қазақ хрестоматиясы» оқулығы.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 40 мин.

**Ыбырай Алтынсарин. «Залым төреге», «Азған елдің хандары», «Азған елдің билері», «Жаз», «Өзен» өлеңдері. «Атымтай Жомарт», «Мейірімді бала» әңгімелері.**

**Ыбырай Алтынсарин** 1841 жылы 20 қазанда қазіргі Қостанай облысының, Затобол ауданында туып, 1889 жылы 30 шілдеде қайтыс болған. Әкесі Алтынсары ерте қайтыс болып, атасы Балғожаның бауырында өседі. Балғожа сөзге шешен, тілге ұста, би, өз ортасына белгілі, беделді адам болған. Ы. Алтынсарин сауатын мұсылманша ашып, ауылда молдадан хат таниды. 1850 жылы Орынборда ашылған қазақ - орыс мектебіне түседі. Мектеп сабакы орыс, татар тілдерінде жүреді. Дегенмен ынталы да зерек Ыбырай мектепті 1857 жылы үздік бітіріп шығады. Мектепті бітіргеннен кейінгі екі жылында өз елінде тілмаш болып қызмет етеді. 1859 жылы Ы. Алтынсарин Орынбордағы шекаралық комиссияға тілмаш болып орналасады. Шекаралық комиссияның төрағасы, профессор В.В.Григорьевпен танысады. В.В. Григорьевтің кітапханасынан орыс, дүниежүзі әдебиетімен танысады. Өз заманындағы көркем шығармаларды оқиды. Әдебиет, саясат, ағарту туралы жазылған басылымдарды оқуға мүмкіндік алады. Орынбордағы әдеби, саяси, мәдени, рухани дүниелермен танысу Алтынсариннің ой - өрісінің өсуіне, өмірге көзқарасының қалыптасуына игі ықпал етеді. Ы. Алтынсарин өз халқын да білім нәрімен сусындағы, көкірек көзін ашуды мақсат етеді. 1860 жылы Орал сыртындағы қазактарға арналып 4 сыныптық бастауыш мектеп ашу туралы шешім шыққанда (Троицк, Торғай, Ырғыз, Қазалы қалаларында) өзі сұранып, Торғай мектебінде мұғалім болады. Торғай қаласында бірден мектеп ашу мүмкін болмай, іс көпке созылып кетеді. Ы. Алтынсарин ел ішінде оқудың мәнін түсіндіріп, халықтың білімге ықыласын ояту үшін алғашқы балаларды өз үйінде оқытады. Торғайдағы Ыбырай мектебі 1864 жылы қантарда ашылды. Бастапқыда он төрт бала қабылданады. Ыбырай Алтынсарин мектептегі оку – тәрбие жұмысын мүлде жаңа үлгіде құрады. Сабак ана тілінде – қазақ тілінде жүре тұрып, әр пән негіздерін үйретуді мақсат етеді. Ыбырай оқушыларының ғылым мен мәдениетті игеруіне, рухани бай азамат болып шығуына қызмет етеді. 1876 жылы Ы.Алтынсарин Петербург, Қазан қалаларына барады. Орыстың мектеп, білім беру саласын зерттеп, орыс ағартушыларының енбектерін оқиды. Сол негізінде қазақ тілінде оку құралдарын жасауды жоспарлайды.

#### **5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** Шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

#### **Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 30 мин

Тапсырма 1. Ыбырай – қазақ балалар әдебиетінің атасы. Шығармаларының идеялық мазмұны және көркемдік ерекшеліктері туралы ауызша әңгімеленіздер.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 мин.

**Сабакты қорытындылау:** 15 мин.

#### **5.6.Әдебиет**

Негізгі:

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 21 беті

1. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014
2. Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;
3. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдістемелік құрал 10-сынып;
4. Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
5. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
2. Сәтбаева Ш, Ш.Құдайбердиев – Алматы 1990
3. Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
- 5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
6. Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
7. Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
8. І.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
9. Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыры. Алматы 2004-2086.
10. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 10 мин.

### **5.7. Бақылау: сұрап- жауап.**

1. Өмірі мен шығармашылығы.
2. І.Алтынсарин ұсынған педагогикалық принциптер.
3. «Қазақ хрестоматиясы».

### **№ 8 сабак**

**5. 1. Тақырып:** Абай Құнанбаев «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат». «Сегіз аяқ», «Мәз болады болысың» өлеңдері. «Масғұт» дастаны. Қара сөздері: «Бірінші сөз», «Алтыншы сөз», «Он сегізінші сөз».

**Сағат саны:** 2 сағ. 90 мин

**5. 2. Мақсаты:** оқушыларға Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығының қыр-сырын менгертіп тереңдей бойлату, теориялық негіздерді менгерту.

**5. 3. Оқу міндеттері:** тұған жерін қадірлеу, халқына қызмет ету, ел тірлігі, ел бірлігі, үрпақ келешегі, адам жаңының рухани тазалығы жайлы ойларын жүйелей отырып, адамгершілік пен адамдық қасиетке тәрбиелеу, кәсіптік бағдар беру, қорытынды ой түю, есте сақтау қабілетін, оқу дағдысын қалыптастыру, жүйелі, шешен сөйлеуге дағдыландыру.

**Үйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

### **5. 4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1. Абай Құнанбаев өмірі мен шығармашылығы.
2. «Жаз», «Күз», «Желсіз тұнде жарық -ай», «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ»,

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 22 беті

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Мәз болады болысың», «Сегіз аяқ» өлеңдері мен «Масғұт» дастаны.

3. Қарасөздері: бірінші сөз, алтыншы сөз, он сегізінші сөз, Он тоғызынышы сөз, жиырма бесінші сөз, отыз жетінші сөз. Абай қарасөздерінің көтерген мәселелері, даналық ойлары, насиҳаттары, пікір жағынан өлеңдерімен тығыз байланысы, өзіндік ерекшелігі.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 20 мин.

**Абай Құнанбаев «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат». «Сегіз аяқ», «Мәз болады болысың» өлеңдері. «Масғұт» дастаны.**

**Қара сөздері:** «Бірінші сөз», «Алтыншы сөз», «Он сегізінші сөз».

Ұлы ақын, ағартушы, қазақтың жазба әдебиетінің және әдеби тілінің негізін салушы – Абай (Ибрахим) Құнанбайұлы Өскенбайұлы Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей уезі) Абай ауданында (бұрынғы Шыңғыстау облысы) Шыңғыс тауының бауырында дүниеге келді. Абай атақты Тобықты руының Үргызбай деген тобынан тарайды. Ол ауыл молдасынан оқып жүрген кішкентай кезінен-ақ зеректігімен көзге түседі. Кейін ол Семей қаласында З жылдық медресе тәрбиесін алады. Абай көпті көрген әжесі Зеренің тәрбиесінде болды. Шешесі Ұлжан да ақылды ананың бірі болған. Әкесі Құнанбай Өскенбайұлы орта жасқа келгенде атқа мініп, ел билеу жұмысына араласқан заманы, Ресей патшалығының Қазақстанның батысы мен орталық аймағын отарлап, ел билеу жүйесін өз тәртібіне көндіре бастаған кез. Құнанбай өз заманында ел басқарған адам болды. Ол ел билеу ісіне балаларының ішінде Абайды баулып, араластырды. Абайды оқудан ерте тартып, оқудан шығарып алуы да сол билікке ұлын қалдыру мақсатында еді. Әке еркімен ел ісіне жастай араласқан Абай тез есейіп, балалықтан да ерте айырылып, жастайынан ел ішіндегі әңгіме, сөз өнерін, билердің шешендей өнеріне құлақ салып, өзінің ерекше таланттын бойына сіңіре білді. Елі үшін әділет жолын ұстанған Абайдың үстінен арыз да жазылып, үш-төрт ай тергеліп, ақталаған шықты. Әке-шешесінің қасында жүрсе де жас Абай оқудан қол үзбейді, бос уақытында қазақтың мәдениетін, араб, парсы, шағатай тілдерін үйренеді. Шығыс әдебиетінің алыптары Низами, Хожа Хафиз, Науай, Физули т. б. ақындарының өлеңін жаттап өседі. Кейін ол орыс әдебиеті мен тілін өздігінен үйреніп, орыстың ұлы ойшылдары Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Щедрин, Некрасов т. б. шығармаларымен танысады. Сонымен бірге ағылшын ғалымы Дарвиннің, Шекспирдің шығармаларын да оқиды. Соның арқасында дүниетанымын кеңітіп, білімін шындаған береді. Абай ауқатты отбасынан шықса да халқына үнемі жақын болды, олардың дауын даулап, мұнын жоқтады. Мұны оның мына өлеңінен көруге болады:

...Кедейдің өзі жүрер малды бағып,  
Отыруға отын жоқ үзбей жағып.  
Тонған иін жылытып, тонын илеп,  
Шекпен тігер қатыны бүрсөң қағып.

Кар жауса да тоңбайды бай баласы,  
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.  
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,  
Ағып жүріп ойнатар кездің жасы.

«Масғұт»-Абайдың 1887ж. Жазған дастаны. Эрқайсысы 4 тармақты 44 шумақтан тұрады. Бұл поэма туралы Абайдың өзі атап көрсеткен деректер жоқ. Бірақ шығарманың ішіндегі кейбір белгілерге қарағанда, бұның оқиғасы, тақықырыбы шығыс халықтарының аңызынан алынғаны байқалады. Ең әуелі басты кейіпкерлерің аты-

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 23 беті

Масғұт. Оның тіршілік еткен шаһары-Бағдат. Заманы – Һарон-Рашид халифтың тұсы. Кейін Масғұтқа кездесетін қария мұсылмандардың дін аңыздарында жүретін Қызыры, қазақша Қыдыр аталады. Ол сол айтылған аңыздар бойынша өлмейтін, мәнгі жасайтын жалғыз жан. Әр заманда, әр ортаның адамына оқта тектебақ дәүлет әкелетін, ырыс үлестіруші болады. Міне, сөйтіп, осы аталған белгі, деректердің бәріне қарап, біз Абай поэмасының негізі шығыс аңызынан алынған дейміз. Ақынды шығарманың ішінде қызықтыратын бір-ак кейіпкердің - Масғұттың ғана жайы. Сол Масғұттың бірнеше ерекше халдерге, уақыларға ұшыратып барып, Абай оған үлкен сапалы адамгершіліктің қасиеттерін бітірмек болады. Бұл жағынан қарағанда, Абай кейіпкерінің және бір ерекшелігі - ол өзгеше көрнекті күшті ортадан шыққан адам емес. Орташа көптің бірі. Әдейі дәүлет, өмір, құдірет, ақыл-өнермен асырып шығарған адам емес. Халық ішіндегі, қатардағы қалың көптің жас өкілі. Масғұтқа осындағы сипат, қасиеттер беру арқылы, Абай оны өзінің жоғарыдағы атап берген Бағдатынан, Һарон-Рашидінен, Қызырынан да аулақтап бөліп шығарады. Өзі үгіттеп жүрген жақсы жастардың өз заманындағы мінез-құлқына, арманды адамгершілігіне Масғұттың үлгі етеді. Оның белгісін және шартты түрдегі аңыздық бояуды алыптастап қарасақ, айқынырақ көреміз. Қыдыр шал ұсынатын үш жеміс сол аңыздық бояу десек, ол Масғұттай өнегелі жастың ішінен сырын, қасиетін ашуға арналған оңай ғана бір сылтау десек, соның ар жағында керінетін Масғұт қандай боп танылады. Ол ақылдылықтан қашады Байлықтан қашады. Соның екеуін де сынап, талғап отырып жиреніп шығады. Сол Масғұттың ақылдан қашуы Абайдың өз басындағы, өз ортасындағы күйге аса жақын келеді. Ол көп айтатын шерлі уайымы бойынша, көп наданның арасындағы бір жалғыздың хәлін қандай трагедиялық, ауыртпалық хал деп отыр. Масғұтқа Абай сол өз басының аянышты күйін айтқызып отыр. Байлық туласында сөйлегендеге де, Масғұт Абай заманындағы бай менен сол байлық аздырып жүрген байдың өзін де және оның қоршау-қошаметтерін де сынайды. Кейін Масғұт қызыл жемісті алғанда, женсікшіл, нәпсі құмар көп жастың жолынан жырақ шығады. Ол әйелді, ең алдымен, адамзаттың қақ жарымы деп түсінеді. Әйелдің достығын ерекше қадір тұтады. Адам баласына дос боламын деген үлкен адамгершілік талапты өз өмірінің мақсаты етіп қояды. Ер жынысы мен әйел жынысы адамдың алдында терең дәрежеде бағаланады. Осы ойлардың барлығы да біз тексеріп өткен Абай шығармаларында ақынның өзі көп үгітпен көркем жырлар, терең ойлар тудырған тақырыптары емес пе еді? Ендеше, Масғұт аузыменен Абай өз заманындағы, өз ортасына қанықты болған жайларды айтады.

Абайдың толық жинағында 1890 - 1898 жылдар аралығында жазылған шығармалары «қарасөз» деп аталады. Абайдың қарасөздері – философиялық шығармасы. Жалпы саны - 45. Бұған «Бірер сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» деген тарихи мақаласы да қосылады.

Абай қарасөз жазудағы мақсатын өзінің 1 - сөзінде былай деп береді: «... Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде - кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жок десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ». Бұл - ел қамын ойлаған ұлы ойшылдың өмір, қоғам, тіршілік, адамдар арасындағы қарым - қатынас жөніндегі қозқарасының жиынтығы, философиялық ой топшылауы еді. 1956 жылы Абайдың қарасөздерін алғаш жеке зерттеу обьектісі ретінде қарастырып, оны XIX ғасырдағы жазба әдебиетте үлкен орны бар прозалық шығарма деп бағалаған – Х. Сүйінішәлиев. Бұдан бөлек С. Мұқанов, Қ. Бейсенбиев, Т. Әлімқұловтардың зерттеу енбектері бар. Ұлы ақынның бұл философиялық мұраларын шет тілдеріне аударған Ф. Мұқанов, С. Санбаев. 1933 жылы М. Әуезов қарасөздердің мағынасына қарай өзінше жүйелеп орналастырган. Абайдың көркемдік, әлеуметтік, гуманистік және дінге көз-қарастары терең көрінген еңбегі – қара

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 24 беті

сөздері – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиялық дүнеиетанымын даралап көрсететін прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы мен мазмұны әр алуан, қазақ халқының философиялық тұжырымының құрайтын адамзатқа ортақ асыл сөзге айналды.

«Бірінші сөзінде» Абай қара сөздерді жазудағы мақсаты туралы: «Ал, енді қалған өмірімізде қайтіп, не қылыш өткіземіз? Соны таба алмай өзімде қайранмын.

Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ...

Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар...

Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сейлесер адам жоқ...

Софылық, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек...

Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім қалайша бағудыын мәнісін білмеййімін, н болсын деп бағам, қай еоге қосайын, қай харекетке қосайын?...

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, ия оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ», - дейді.

**Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 25мин.

**Тапсырма:** «Абай сөзін тереңірек түсініп, онымен өзгелерді емес, өзімізді өзіміз ұялтуға тырысайық» деген Елбасының сөзін түсініп, «Абай ұлы тұлға» тақырыбы бойынша мысалдар келтіріп, презентация дайындау. Ең үздік презентацияға номинация беру.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 10 мин.

### **5.6. Әдебиет:**

1. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014
2. Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;
3. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;
4. Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
5. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
8. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
9. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
2. Сәтбаева Ш. Ш. Құдайбердиев – Алматы 1990
3. Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
- 5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
6. Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
7. Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
8. Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
9. Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.
10. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010
11. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
12. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

**Үйге тапсырма беру:** 5 мин.

### **5.7. Бақылау:** талдау жұмысы

Сұрақтарға ауызша жауап беріңіз:

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 25 беті

1.Абайдың табигат пен махаббат сырын үндестіре жырлаған өлеңдері жайында әңгімелендер.

2. М. Әуезов Абайды «Қазақтың классик әдебиетінің атасы, қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі не үшін атаған?

3. Абай жырларындағы ғылым мен білім туралы не айта аласындар?.

### № 9 сабак

**5.1. Тақырып:** Шәкірім Құдайбердіұлы. «Жастарға», «Дүние мен өмір», «Ақындарға», «Кәрілік туралы». Еңлік-Кебек» дастаны.

**Сағат саны:** 3 сағ.

135 мин

**5.2. Мақсаты:** оқушыларға Шәкірім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығынан хабар беру. Ол ұлы Абайдың дәстүрін жалғастыруши ірі ақын, ғұлама ойшыл, тарихшы, аудармашы, сазгер екендігін айтуды. «Жастарға» деген өлеңінде ол ұстазы, ақылшысы Абай дәстүрін жалғастыруши екенін көрсетті. Абай жиренген құлық, арамдық, өтірік, жалқаулық кесіріне тосқауыл білім деп білді. «Еңлік-Кебек» дастанын оқып талдау. дастандағы кейіпкерлер бейнесіне тоқталу.

**5.3. Оқу міндеттері:** қазақтың ақын- жазушыларын біліп, құрметтеуге, отансүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу, әдеби сөйлеу тілдерін дамытуып, ой-өрістерін кеңейту, ұзақ дастандарды қиналмай оқып түсіну, жеткізе білу, шығармашылыққа жетеледі, мәтінмен жұмыс түрлеріне жаттықтыру;

**Үйимдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1.Шәкірімнің өмірі мен шығармашылық жолы.

2.Шәкірім Құдайбердіұлы. «Жастарға», «Дүние мен өмір», «Ақындарға», «Кәрілік туралы» өлеңдері , «Еңлік-Кебек» дастаны.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 40 мин.

**Шәкірім Құдайбердіұлы** ұлы Абайдың дәстүрін жалғастыруши ірі ақын, ғұлама ойшыл, тарихшы, аудармашы, сазгер. Ол бұрынғы Семей облысы, Абай ауданы, Шыңғыс тауының бектерінде 1858 жылы, 11 шілдеде дүниеге келген. Шәкірімнің әкесі Құдайберді Құнанбайдың бәйбішесі Күнекейден туған. Құдайберді 37 жасында дүниеден өткенде, атасы Құнанбайдың тәрбиесінде болған Шәкірім жетімдік тауқыметін тарта қоймаған.

Озінің «Мұтылғанның өмірі» атты ғұмырнамалық өлеңінде бес жасында ауыл молдасынан сабак ала бастағанын жазады. Жеті жасынан бастап өлең сөзге бейімділігін танытады. Оның ерекше зеректігін аңғарған Абай Шәкірімді өз қамқорлығына алады. Шәкірім өз бетімен араб, парсы, түрік, орыс тілдерін игеріп, шығыс, орыс классиктерінің шығармаларынан нәр алады. Әртүрлі өнер түрлерін игереді. Абайдың кеңесімен әр түрлі кітаптар окуға машықтанған Шәкірім ақылы кемелденіп, ой өрісі терендеп өседі. Ақындық өнерін де таныта бастайды. Жиырма жасында сайлауға қатысып, болыс болады. Осы билік басын жүріп, халықтың қасірет-қайғысының түп-төркіні қайда жатқанын үфады. Ру мен ағайын аласы, жер мен жесір дауынан өршіген өшпенделік пен кек отын өзінің өлең-жырына өзек етеді.

Абайдың «қалың елім, қазағым, қайран жұртый» деген пікріне парасатты үн қосады. Абай қайтыс болған соң, ақын аға өсietіmen 1905-1906 жылдары қажылық сапармен

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 26 беті

Араб, Түрік, Еуропа елдерін аралайды. Әлем кітапханаларында білім қазыналарымен танысады. Дін мен философия, ғылым салаларын игереді.

Ел тұрмысындағы бұл кеселді құбылыс қоғам денесіне деңдеген дерттен екенін де Шәкәрім жақсы ұға білді. Ол дерт – отарлық жүйе, Ресей империясының аз халықтарды алым-салықпен ғана емес, жерін жаулап, малын тонап, жанын жеп жатқан зорлық пен зомбылығын өз көзімен көрді.

Ақынның алғашқы жазған өлеңдері жастық, махаббат тақырыбына арналады. Бастанқы өлеңдерінен- ақ ол Абадың тіл мәдениетін, ақындық үлгісін пайдаланады. Абай ағасынан ғылым – білім үйреніп, ақылын тыңдап қана қоймай, кіслікке де, азаматтыққа да үйренеді. Оның сынына түсіп, шығармашылық жаттығудан өтеді. Абайша еңбек етіп, өмір сүруді өзінің бірден – бір мақсаты санайды. Дүниеге көзқарасы да Абай ықпалымен қалыптасады. Жастай орыс, түрік, араб, парсы тілін үйренуге дең кояды. «Талпынып орыс тілін үйренумен, надандықтың тазарып кетті кірі» деп жырына да қосады. Осының арқасында ұлғая келе оқығанын сынай білетін ойшылдық танытады. Философия мен дін тарихына қатысты еңбектерді қадағалап оқиды.

«Еңлік-Кебек» – екі жастың махаббатын жыр ететін шығарма. Еңлік пен Кебек туралы хикаялар оқиға болған 18 ғасырдан бастап ел арасына кең тараған. Бұғінде жыр түрінде жеткен «Еңлік – Кебек» дастанының екі нұсқасы белгілі. Оның біріншісі – 1912 жылды Семейдегі «Жәрдем» баспасынан жеке кітап болып жарық көрген, Абай ұсынған тақырып бойынша Шәкәрім жазған «Жолсыз жаза яки кез болған іс» деген шығарма да, екіншісі – Мағауия Абайұлы жазған «Еңлік – Кебек» дастаны. Шәкәрім нұсқасы 1988 жылды қайта жарық көрді. Бұл әңгіме - 1780 жылды шамасында осы Шыңғыс тауында Матай мен Тобықты арасында болған іс. Шарифатта әкесінің атастырғаны жас қызға неке есепті десе де, өзге дүниелік пайдасын ойламай, жалғыз ғана қызының қамын ойлап берер дегені. Әйтпесе «жас баланы сатып, пайдаланып, кем-кетікке беріп обалына қал» демейді. Мен соны ойлап, Еңлік-Кебекті соншалық жазалы демеймін»,- деп қара сөзben бастаған Шәкәрім ақын. Ақын поэмасы адам болмысының қыр-сырынан сыр шертуден басталып, кісі бойындағы достық, махаббат, ақыл-парасат жайлы толғайды. Толғай келе «Ақтабан шұбырынды» заманының кейіпін айтып, тарихи оқиғалар мен елдің атажұртынан ауа көшуі, кейін хан Абылай заманында өз қоныстарына быттырай келіп қайта қоныстануы жайлы жырлайды. Онан соң Кебек батырдың ер мінезді, кішіні аялап, үлкенді сыйлайтын ақылды, парасатты ер екені, елі мен жері үшін жаудан жасқанбайтын азamat екені жырланады. Бірде Кебек батыр аңға шығып, бұрқасын боранға тап болып, кеш бата адасып кетеді. Бұны жырлаған ақын:

«Бораннан байқай алмай барап бетті,

Түн ішінде адасып Кебек кетті.

Осы Хақан өзеннің аяғында

Қыстаған бір Матайға келіп жетті»,- дейді.

Осылайша Кебек батыр Еңлік сұлудың үйіне тап болады. Сол түнде бірін-бірі сынасқан тұста Кебек Еңліктің бақытсыз екенін, басы шарасыздан қортық ереккек байланғанын біледі. Ақын бұл тұстарды ерекше шеберлікпен суреттеп, қыздың ақыл-парасатын, сөз берін жүйеге жүйрік шешендейді. Бір айтқан сөзге нана салу ер жігітке сын, сондықтан Кебекке де Еңліктің бірнеше рет сынатып, көңілінен шығарады. Бұл тұста ақындық шабыттың нағызын биік үлгісін көрсеткен Шәкәрім ақын екі жас ортасындағы нәзік махаббат, шарасыздық, екі ел ортасындағы бірлік, халықтың надандығы, тағдыр ісі жайлы айтқандарын өте жоғары шеберлікпен суреттеп, поэзияның тым биік, жоғары деңгейдегі үлгісін көрсетеді. Осы кездесуден кейінгі кездерді де, ел ісінің ушығуын, Еңлік пен Кебектің кейінгі тағдырын жүрекке жетер шынайылықпен, суреткерлікпен жеткізе білген. Ақынның позициясы анық аңғарылып отыратын поэмада Шәкәрім екі жастың махаббатын қолдап, елдің ұрда-жық надандығына налып, күйінеді. Халықтың

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 27 беті

қарабайыр тобырлығы қыршын кеткен екі жастың өліміне себеп болады. Бұл тұстарда ақын тіптен шиыршық атып, буырқана жырлайды.

### **5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** семинар

Семинар – «semen» - латын тілінде «ұрық» деген мағына береді. Семинар сабағында әр студент өз бетінше жеке пікірлерін дәлелдей, ортақ шешімге келеді. Жоғарыдағы сұрақтар негізінде мәлімдеме әзірлейді. Семинардың қорытындысын жасайды.

Белсенді демалыс түрін таңдайтын және ойын-сауық түрін таңдайтын туристтер атынан ұсыныстар мен сұрақтар бойынша рөлдік бағытта семинар өткізу.

**Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 15 мин.

### **5.6.Әдебиет.**

Негізгі:

1.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014

2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;

3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;

4.Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;

5.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;

6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011

7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

### **Косымша әдебиеттер:**

1.Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992

2.Сәтбаева Ш, Ш.Құдайбердиев – Алматы 1990

3.Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990

4.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995

5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002

6.Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989

7.Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000

8.Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.

9.Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-208 б.

10.Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 10 мин.

### **5.7. Бақылау:**

1 Шәкәрім қандай ортада өсіп тәрбие алды? Оның қамқоршысы кім болған?

2.Жасынан бастап қандай тілдерді менгерген?

3.Шәкәрімнің әкесі қайтқанда, бала неше жасында қалған? Шәкәрім кімнің қолында тәрбиеленеді?

4.Шәкәрім өзінің алдында қандай мақсат қояды?

5.Шәкәрім қай жастан бастап өлең шығара бастайды? Шәкәрімнің тағы қандай шеберлігі болған?

6.Шәкәрімнің ақын болып қалыптасуына Абайдың тигізген әсері қандай?

### **№ 10 сабак**

**5.1.Тақырып:** Шәңгерей Бекеев. «Бұл дүние пәнилішін етеді екен», «Қайран жерім»,

«Ғылым», «Қосаяқ», «Құйрық атып құлия» өлеңдері. «Қашқын» поэмасы.

**Сағат саны:** 2 сағ.

90 мин

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 28 беті

**5.2. Мақсаты:** оқушыларға Шәңгерей Бекеевтің өмірі шығармашылығы, әдебиеттегі орны жөніндегі алған білімдерін жүйеге келтіру, ғылыми ландыру.

**5.3. Оқу мақсаттары:** қазақтың ақын- жазушыларын біліп, құрметтеуге, отан сүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу, әдеби сөйлеу тілдерін дамытып, ой-өрістерін кеңейту, ұзақ дастандарды қиналмай оқып түсіну, жеткізе білу, шығармашылыққа жетелеу, мәтінмен жұмыс түрлеріне жаттықтыру.

**Ұйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15мин.

#### **5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1. Шәңгерей Бекеев өміrbаяны мен шығармашылық жолы.
2. «Бұл дүние пәнилігін етеді екен», «Қайран жерім», «Ғылым», «Қосаяқ», «Құйрық атып құлия» өлеңдері. «Қашқын» поэмасы.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 20 мин.

**Шәңгерей Бекеев** бес жасында ата-анасты қайтыс болып, жетім қалады. Бірақ ағаларының қамқорлығымен білім алған. Орынбор кадет корпусында, Астрахан гимназиясында оқыған. Орыс тілін уйреніп, әдебиет пен мәдениетке дең қояды. Сарытау (Саратов) мен Самара аралығындағы ата қонысы – Көлборсыда өмір кешеді. Бекеев аңшылық- саятшылықты, табиғат сұлулығын, ән-қүйді, көркем сөз өнерін ұнатады, өлеңдер жазады. 1934 жылы жеке жинағы шығады. Одан кейінгі жылдарда шығармалары оқулықтар мен жинақтарда жарияланып отырды. Бекеев – Европа әдебиетінен сүсіндап, қазақтың сүйрептесінде ата-анастың өмірінен шығарған ақын. Уақыт, заман, өмір, табиғат, ғылым, өнер туралы толғанады. «Өмірдің өтүі», «Ғылым», «Эдисон», т.б. өлеңдері өзгермелі, төкпелі өмірдің өз зандаудың ежелгі қазақ поэзиясының ең құнарлы сөздермен, әсерлі суретімен бейнелейді. Бекеев поэзиясында парасатты, ойлы дала қазағының ой-қиялды, ақын өмір сүрген дәүірдің алуан сырлары шебер өрнектелген. Бекеев халық өмірімен біте қайнасып, араласып отырған. Ол F. Қарашевті ауыл балаларына оқытушы етіп ұстайды. Оған орыс тілін үйретіп, орыс роман, повестерін мазмұндан береді. Бекеев ел аузындағы әдеби мұраларды жинақтап, оны бастырып шығаруға қамқорлық жасайды. Жазықсыз жапа шеккен бұқара халық өкілдеріне қол ұшын беріп, қолғабыс жасайды. Оралда «Қазақстан» газетін шығарысуга ат салысады. Бекеев – қазақ поэзиясында өзіндік өрнегі айқын ақын. «Үш ғасыр жырлайды» және «бес ғасыр жырлайды» топтамаларына өлеңдері енген. Әр ақын-жазушының өзіндік қолтанбасы, өзіндік тіл ерекшелігі болады. Шәңгерей өлеңдерінің ерекшеліктерін сөз еткенде, оның тіл көркемдігіне айрықша көңіл аудару керек, себебі Шәңгерей өлеңдері құрылышы жағынан 11 буынды, жыр ағымымен келетін 7-8 буынды, не 7 буынды өлеңдер болып келеді. Бұл оған дейін де, оның кезінде де қазақ поэзиясында ең көп жайылған өлең түрі. Абай сияқты Шәңгерей қазақ өлең құрылышына жаңа анықтамаларын жасайды.

Жүргінді жұлып жем етер,

Қазана шапқан ол айуан...

Бекен терісін бөрік еткен,

Сексеуілден күркө еткен,

Бауырына тулақ жамаған,

Қаңбаққа жүзін қамаған,

Білтелі қара қолында

Шақпақтап оғын от беріп,

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-233</p>
<p>Әдістемелік өндөу</p>	<p>128 беттің 29 беті</p>

Жолында жатыр бір адам.  
Піл сауырлы қара жер,  
Қойныңды ашып, кол жайып,  
Құшағыңа аларсың...  
Таудағы тас ұядан,  
Лашындан самғап қиядан,  
Шалқып сезім шығады,  
Ойласам пікір, қиялдан...  
Сыйдырып асқан тауды уысыңа,  
Жүзіне алмас қылыш қадам бастың.  
Күркіреп қара бұлт жасын атса,  
Отына жетіп барып құшақтастың.  
Мұхитта нән балықтай кезген көңілім,  
Тұмсығың тимей тасқа неге адастың?  
Шәңгерейдің өзіндік тағы бір ерекшелігі - оның эстетикалық талғамының нәзіктігінде жатыр. Бұған оның "Қосаяқ" өлеңі мысал бола алады. Мұнда қолданылған сөздер ақынның сипаттама образдарындағы нәзіктік, биязылығымен де әсерлі көрінеді.  
Бура санды, ақ таңды,  
Тұсі алтындан ақ сары.  
Ауызға біткен қос тістің  
Меруерттей ажары.  
Қаусырмалап қақтаған  
Шытадай жұқа құлағы.  
Қияқтан барып ін алған,  
Екі аяқпен серіпкенде,  
Желі бойы жер алған;  
Топыраққа басса табаны.

**Шәңгерей Бекеев «Қашқын » поэмасын М. Лермонтовтан («Беглец») қазақ тіліне аударған.** Тілдік ерекшілігіне назар аударсақ, негізінен, түрік, араб сөздері көп қолданылған. Оған поэмадағы дүшпан, шілте, шаһит, гөзел көүір секілді сөздер мысал бола алады. Намыстан айырылып, жаудан қашқан жанының тағдыры поэмаға арқау болады. Шығарманың басты кейіпкері-Һарун. Поэма атасы мен ағасының жанын жауға қалдырыған Һарунның еліне қашып келе жатқан тұсынан басталады. Қашқынның жүрген жолдары арқылы оқиғаның кеңестігін жане уақытын дәл көрсетеді.

**Жердің тұн жамылғанын, перделенгенін кейіптеу тәсілімен берген:**

Күн батты сол арада, тұмандатты,  
Тұнеріп жердің бетін мұнар жапты.  
Әлпелдің күн шығыстан иісі келіп,  
Жер жүзі перделеніп ақшыл тартты.  
Ай туып, балқып жерден сары алтындей,  
Көтеріліп бірден-бірге жарығы артты.  
Ағызып маңдай терін демін алып,  
Келеді Һарун шаршап арып-талып.  
Ай жарық, тау мен тастың арасынан  
Таныды ауыл жұртын көзі шалып.  
Тым-тырыс, айналада бір дыбыс жоқ,  
Келеді бұқпақтаумен тасаланып.

**Оқиғаның кей детальдарын беруде теңеулерді де қолданылған.**

Киіктей орғып таудан Һарун қашты,  
Кояндай бүркіт қуған жаман састы.

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 30 беті

Ай туып, балқып жерден сары алтындаі,

Көтеріліп бірден-бірге жарығы артты.

Тамшыдай домаланып уақыт-уақыт,

Тамады тырс-тырс етіп көздің жасы.

Төсек тартып жатқан досы Сәлімге келгендеңі тұсы:

«Нарунға Сәлім - үйден шық, кет! - деді.

Масқара болдың тамам, сен жоқ, - деді.

Кісіге сендей қорқақ пана үшін

Не үйім, не дүр дүғам еш жоқ, - деді», - деп берілген. «Жаудан қорыққан қорқақ» деп үйіне кіргізбеген.

Ал сүйгенінің есік алдына барғандағы қыздың салған әні:

«Ар, намысқа шыдамас

Жас жігіттер, шын ерлер.

Қорқаққа кет дер, қарамас

Таудағы сұлу гөзелдер».

### **Осыны тындалап тұрған Һарунның басқа амалы құрып, анасына келді.**

«Сөйлеме, залым, кәүір бұжасынды,

Қимадың жақсы өлімге бір басынды.

Кет жалғыз, қашқын болған масқараңмен,

Қояйын қарайтпай-ақ ақ шашымды.

Қорқақ құл енді маған бала емессін,

Сұрттірмен ұятынды көз жасымды!».

Ана жауабы осындаі болды. Ешкімі қалмаған Һарун өз ісіне өкініп, анасы айтқан «жақсы өлімнен» қашқаны үшін, әкесі мен бауырын жау жерінде қалдырығаны үшін өз-өзін кешіре алмай, уайымына алмас қылыш нұктесінде, өз-өзін өлтірді. Поэманың идеясы – жаудан қашпай, тұрысып, өз-өзін өлтірген алмас қылышпен бір жаудың басын алуға болатыны, өзінің емес, елдің, жердің, қара халықтың қамын ойлап, олар үшін жанын пида қылуды айтып, ерліктің туын ұстап, еліне қалқан болуға үгіттейді.

### **5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** шағын топпен жұмыс жасау.

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 10мин.

### **7. Әдебиет:**

Негізгі:

1. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014

2. Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;

3. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;

4. Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;

5. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;

6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011

7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 31 беті

### Қосымша әдебиеттер:

1. Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992
2. Сәтбаева Ш, Ш. Құдайбердиев – Алматы 1990
3. Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995
5. 3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
6. Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989
7. Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
8. І.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
9. Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086
10. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 5 мин.

#### 5.7. Бақылау: топтық жұмысы

1. Шәңгерей Бекеев кім?
2. Әдебиеттің пәннилігін етеді екен, Қайран жерім, Ғылым, Қосаяқ, Құйрық атып құлия өлеңдерінің шығу тарихы неде?

### № 11 сабак

**5.1. Тақырып:** Мәшһүр Жұсіп Көпейұлы. «Хал - ахуал», «Шайтанның саудасы», «Сарыарқа кіндігі», «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз». «Гүлшат-Шеризат» дастаны.

**Сағат саны:** 3 сағ.

135 мин

**5.2. Мақсаты:** Мәшһүр Жұсіптің өмірі мен шығармашылығына тоқталып, өлеңдерінің құрылышына талдау жасау және оның туындыларының ерекшеліктерін түсіндіру, оқушыларды көзқарастары мен пікірлерін ортаға салуға дағдыландыру.

**5.3. Оқы міндеттер:** туған жерін қадірлеу, халқына қызмет ету, ел тірлігі, ел бірлігі, үрпақ келешегі, адам жанының рухани тазалығы жайлы ойларын жүйелей отырып, адамгершілік пен адамдық қасиетке тәрбиелеу, кесіптік бағдар беру, өнерге айналған өмірді танып білу, өзіндік тұжырым-пікір жасау дағдыларына үйрету, әншілік өнердің қасиетімен танысу, әндерін сазымен айта білу, айтыса білуге дамыту

**Ұйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

#### 5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Мәшһүр Жұсіп Көпейұлы өмір жолы мен шығармалары.
2. «Шайтанның саудасы» өлеңі, «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» кітаптары «Гүлшат-Шеризат» дастаны. (Мәшһүр 3.Жұсіп шығармаларында орын алған білім, жер мәселесі, сөз бостандығы. Мәшһүр Жұсіп Көпейев әкесі Көпейдің (шын аты — Көпжасар-Л.Ж.) 42 жасында, шешесі Ұлбаланың 18 жасында, Баянауыл, Қызылтау деген екі таудың «Ашамай тасы» деген жерінде, қыс түнінде, қыстауга, 1858 жылында, қазақша жыл аты «қой» деген жылында, арабша ай аты «ережеп» деген айда, жұма күні, тұс бесін уақытында дүниеге келді. Тұғанда азан шақырып койылған есімі – Адам Жұсіп. Кейіннен 9 жасында қисса – дастандарды айттып, ел көзіне түскен кезде жиынды шақырып отырған М. Шорманұлы Жұсіпті ұнатып, тақиясына үкі таққызып: «Өз заманында халықта Мәшһүр болатын бала екен», — деп лепес қылутымен Мәшһүр Жұсіп атанип кетеді.

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 32 беті

1858 жылы қыста Көпей керуеншілікте жинаған табысына мал алып, Қызылжардан көшіп келіп, Қызылтауға қоныс табеді. 1861 жылы Мәшһүр З жасқа толғанда, әкесі Көпейдің малы жұтқа ұшырап, «Ақ сирақ» болып шығады. Сонда Көпей: «Адамға мал жолдас болмас, ғылым жолдас», — деп ұлы Жұсіпті оқуға беріп, ол Баянауыл медресесінде Қамар (Хамариддин) хазіреттен білім алып, оқуын жалғастырып, 1872-1874 ж. Бұхарадағы «Көкілташ» медресесінде орта ғасырлық араб, парсы, шағатай тілдерін еркін менгереді. Еліне оралған соң екі жылдай (1833-1886) өз ауылында балаларды оқытып табыс табады. Тұрмысы түзелген Мәшһүр 1887, 1885, 1907 ж. Үш мәрте Түркістан, Ташкент, Бұхара, Самарқанд қалаларына сапар шегіп, шығыстың мұсылмандық білімін молайтады.

Орта Азия қалаларына шеккен сапарларының тағы бір құнды нәтижесі – сол өңірлердегі тарихи әңгіме, аңыз, шежіре сөздерінің жазылып алынуы. Мәшһүрдің өзі дерек жинастыру қызметін ерте кезден бастағаны білінеді. Ә. Марғұлан хаты бойынша, «Ер Олжабай батыр» жырын Мәшһүр Жұсіп 7 жасар бала кезінде 1865 ж. Сақау ақынның айтуынан жазып алған. Бұған ұстазы Қамар хазіреттің де ел арасынан қисса дастандары қазақ бетіне түсіруі әсер еткен. 1887 ж. Бұхар сапарының баар жолында Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи, Ташкенттегі Зенғі Ата кесенелерін көріп, қайтар жолында Шу мен Сырдария, Ұлытау, Кішітауды, Есіл мен Нұраны асықпай аралап сапар шегеді.

Белгілі ақын, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Мәшһүр Жұсіп Көпейұлы қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданы Қызылтау деген жерде дүниеге келген. Азан шақырып қойған аты – Адам Жұсіп. Бұл туралы ақын «Өмірбаян» атты өлеңінде:

Жасымда қойылған ат Адам Жұсіп,  
Жұрт еткен сүйгенінен Мәшһүр Жұсіп.  
Қолыма қағаз, қалам алған шақта,  
Кетемін қара сөзге желдей есіп, -  
деп баяндаған. Сөз бен өнер қадірін білетін отбасында туған Жұсіптің арғы аталары шешен, өнерлі адамдар болғандығы белгілі.

Адам Жұсіптің Мәшһүр Жұсіп атануына не себеп болған?

Болашақ ақынның кішкентай кезінде жұт болып, бар малынан айырылып, бір ат, бір сиырмен ғана қалған әкесі Көпей баласын оқыту үшін Баянауылға көшіп келеді. Бұл туралы Мәшһүр Жұсіп:

Жылым қой, тауық жылы мен үш жаста,

Фаріптік бұл жалғанда біздің баста.

Айырылып ел-жүртінан көшіп әкем,

Қыстаған Қызылағаш, Бұзаутасқа, -

дейді. Сол кезде аға сұлтан болған Мұса Шорманов Баянаулыға медресе салдырып, онда сабақ беруге Омбы қаласында тұратын, Бұхара қаласында білім алған Қамар хазіретті көшіріп әкеледі. Осы Қамбар хазіреттен білім алған Жұсіп алғырлығымен, білімге деген құштарлығымен бірден ұстазының назарына ілінеді. Араб, парсы тілдерін жетік білген бала «Ер Тарғын», «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу», «Төрт жігіттің өлеңі» т.б. қиссаларды жаттап, жұртшылық жиналған жерде айтып жүреді. Зерек баланың зейініне разы болған Мұса Шормановтың өзі Жұсіпке «Өз заманында халқына мәшһүр болатын бала екен», - деп сүйсінеді. Содан кейін баланың «Жұсіп» деген атына «Мәшһүр» деген ат қосылып айтыла бастайды. Бұл туралы ақын өзінің «Өмірбаян» атты жырында:

Бес жаста бісміллә айтып жаздым хатты,

Бұл дүние жастай маған тиді қатты.

Сегізден тоғызға аяқ басқан күнде,

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 33 беті

Мұса еді қосақтаған «Мәшһүр» атты, - дейді.  
**Нәзира дәстүрімен жазған шығармасы - «Гүлшат - Шеризат» дастаны.**  
Жігітке өнер көрсө қыын емес,  
Болғаным менің атым биім емес.  
Бетіне ақ қағаздың салып шимай,

Қиссасын Гүлшат-Шеризат қылдым кеңес- деп шағын кіріспеден баяндалатын оқиға балаға зарығу желісінен басталады. Бағдатта жеті жүртты билеген әділ патша балаға зар болып жургенде тілеуі орындалып, әйелі бала көтереді. Әкесі аңға шығып, орманда арыстанмен алысып, ауыр жарақаттан айыға алмастан дүние салады. Ол өлерінде өснет етіп орнына уәзір Парағзатты қалдырады. Егер әйелім ұл туса менің мұрагерім сол болсын дейді. Парағзат орындармайды. Ол қазынашы болған Барысты шақырып әйелін өлтіруге тапсырма береді. Сол арқылы тақ мұрагерден мәңгілік құтылмақ болады. Барыс он жігітпен әйелін өлтіріп тастайды, бірақ баланы кім тауып алса сол асырап деп қасына 10 гәуіп мен хат қалдырады. Бұл кезде Парағзат түс көріп оны жақсылықта жори алмай амалы таусылып отырған болатын. Оның әйелі де бұл кезде қызы тауып атын Гүлшат деп қойған болатын. Ол ақылына көркі сай болып өседі. Бала өліп жатқан анасының омырауының үш жыл қоректенеді. Баяғы арыстанда балаға тиіспей, керісінше андар балаға қамқорлық жасайды. Бір керуен айдалада жүрген баланы көріп керуен басы Қожа Сағит деген кісі баланы асырап алады. Бала орманда өскендіктен Шеризат деп ат қояды. Бала оның қолында білім алышп, ер жетеді. Бір күні баяғы өзінің әкесі патшалық еткен жерге келіп, Гүлшатты көреді. Екі жас бірін-бірі ұнатып, сезімдерін білдіреді. Шеризат қызы әкесі Парағзаттан кек алмақ болғанмен Гүлшаттың айтқан мысал әңгімелері арқылы кешірім жасайды.

### **5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** семинар

Семинар – «semen» - латын тілінде «ұрық» деген мағына береді. Семинар сабағында әр студент өз бетінше жеке пікірлерін дәлелдейп, ортақ шешімге келеді. Жоғарыдағы сұрақтар негізінде мәлімдеме әзірлейді. Семинардың қорытындысының жасайды.

Тапсырма. Абайдың 29-қарасөзінде мақалдарды сынауы мен Мәшһүр Жұсіп Көпейұлының өз шығармаларында мақалдар жайлы жазған пікірлерін өзара салыстыру.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 40 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 30 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 10 мин.

### **7. Эдебиет.**

Негізгі:

1.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014

2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;

3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;

4.Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (К-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;

5.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;

7. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011

8. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

### **Қосымша әдебиеттер:**

1.Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.

2.Сәтбаева Ш, Ш.Құдайбердиев – Алматы 1990

3.Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990

4.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .

5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 34 беті

6.Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.

7.Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000

8.І.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.

9.Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыры. Алматы 2004-2086.

10.Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 10мин.

### **8.Бақылау:** топпен жұмыс.

Мәшіүр Жүсіп Көпейұлы дастандарының мазмұнын, сюжетін түсіну. Ақын Шығыс қисса-дастандарының, мысал-өлеңдерінің інжу-маржандарынан үлгі алды. Өзі де соған еліктеп «Гүлшат-Шеризат», «Гибратнама», «Баяннама», т.б. дастандар мен өлеңдерін талқылау.

### **№ 12 сабак**

**5.1. Тақырып:** Әнші – сазгер ақындар шығармашылығына шолу. Біржан сал Қожағұлұлы. «Жамбас сипар», «Ләйлім шырақ», «Теміртас», «Сырғакты», «Жанбота», «Көкек» әндері.

**Сағат саны:** 2 сағ.

90 мин.

**5.2. Мақсаты:** XIX ғасырдың II - ші жартысында әдебиетке ерекше бір үлгіде үлес қосқан әнші-акындар және олардың өмірі, шығармашылығына шолу жасау;

Дамытушылық: теориялық білімін тереңдету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, сөздік қорын, дүниетанымын байыту, өзіндік ойын айту, түйін жасай білу дағдысын дамыту.

**5.3. Оқу мақсаттары:** қазақтың ақын- жазушыларын біліп, құрметтеуге, отансүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу, оқушылардың әдеби –теориялық білімдерін , сөйлеу тілдерін, зейін, көру, есту қабілеттерін дамыту. Өз ойларын көркем - әдеби тілде жеткізе білуге дағыландыру.

**Үйимдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

### **5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1. Әнші сазгер ақындар шығармашылығына шолу.

2.XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың бас кезіндегі әнші-акындар шоғыры.

3.Жаяу Мұса, Үкілі Үбырай, Балуан Шолақтар тұма талант, табиғи дарын иелері екендігі, Біржан сал Қожағұлұлы. «Жамбас сипар», «Ләйлім шырақ», «Теміртас», «Сырғакты», «Жанбота», «Көкек».

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 20 мин.

Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, ерекше дамыған саланың бірі - әнші – сазгер, ақындар поэзиясы . Әнші – сазгер, ақындар поэзиясының шарықтан дамыған кезеңі – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы. Кең –байтақ қазақ даласының әр түкпірінен, әр өлкесінен шыққан өнерпаздар халыққа өнер көрсете жүріп, әншілік өнердің дәстүрін қалыптастыруды. Арқадағы Біржан салмен Ақан сері маңына бір шоғыр талантты топ жиналса. Маңғыстауда «Адайдың жегі қайқысы» деген атпен белгілі болған сал серілер Шолтаман, Тамтемір, Досат, Тұрсын, Жылкелді, Әділ, Өскінбай ел аралап, өнер көрсетті. Олар сазгерлік дарынымен бірге тындаушысын баурап алатын сазды, құдіретті даусымен жұртшылыққа танымал болып, көпшіліктің ықыласына бөлөнген. Сондықтан да Біржан сал «Әніме сегіз дуан танырқаған. Пар келмеген еш әнші тіпті маған» деп жырласа. Әсет «Әсеттей сал, ән салсаң, аңыратып. Орман, тоғай өзенді жамыратып» деп жырлаған. Қазақ өнерінің тарихында сал-серілердің шығуы халқымыздың кәсіби ән өнерінің дамуымен тығыз байланысты. Қазақ

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 35 беті

әнің жан-жақты байытқан Біржан әндерін мазмұндық, тақырыптық жағынан екі топқа бөліп қараша болады. Біріншісі- ғашықтық махаббат, сұлулықты жырлайтын «Ғашығым», «Ақтентек», «Ләйлім шырақ», «Мақпал» сияқты сыршыл да назды әндері болса, екіншісі өзі өмір сүрген қоғамдағы өнер адамының тағдырынан сыр шертетін «Жанбота», «Адасқақ», «Теміртас» сынды туындылары.

Үлттық өнеріміздің ішінде ән өнеріне баға жетпес үлес қосып, тақырыбы сан алуан шығармаларды дүниеге әкелген күрделі де қын тағдыр иесі- Ақан сері Қорамсаұлы. Ақан сері әндерінің ішінде сұлу қыз бен көркіті әйелге арналған, махаббат сезімін жырлаған «Ақтоқты», «Балқадиша», «Алтыбасар», «Жамал қызы», «Сырымбет», «Мақпал» т.б. әндері, өзінің аты аңызға айналған тұлппарына арналған «Құлагер», «Маңмангер», қыран құсына арнап жазған «Қараторғай» атты өлеңдері қазақ өнерінің баға жетпес асыл мұрасына айналған туындылар.

Қазақ даласын әсем әнімен тербел, артына өлмес мол мұра қалдырған Біржан сал Қожағұлұлы 1834 жылы табиғаты көркем, аты аңызға айналған Бурабай жерінде Көкшетау өлкесінде Жөкей көлінің маңында дүниеге келген. Біржанның өз әкесінің аты – Тұрлыбай Елден ерек өнерімен көзге түскен Біржанды атасы Қожағұл өз тәрбиесіне алған. Біржанның: «Баласы Қожағұлдың Біржан салмын» – деу себебі сондықтан. Біржанның ерекше қабілеті туралы академик А.Жұбанов: «Біржан жасынан өзгеше мінезді, әуесқой, әңгімелеге құмар, сезімтал болатын...», – деген. Біржанның шығармашылығындағы ерекше сәт – ұлы ақын Абай ауылына баруы М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында тамаша суреттелген. Сазгер Біржан Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» атты өлеңіне ән шығарған. Біржан өлеңдері, әндері тақырып жағынан әр алуан. «Ләйлім шырақ», «Көлбай-Жанбай», «Көкек», «Бурылтай», «Ақтентек», «Ғашығым», «Айтбай» өлеңдерінде махаббатты, сүйіспеншілікті, сұлулықты әспеттеген. Біржан сал Қожағұлұлының «Жанбота», «Біржан сал», «Теміртас» ән-өлеңдері – әніне сөзі сай, өмір шындығын өнер көкжиегіне көтерген, ақынның азаматтық болмыс-бітімін көрсететін, поэтикалық қуаты мол туындылар, әсіресе, «Жанбота» Біржанның азаматтық позициясын анықтайды, қоғамдық-әлеуметтік көзқарасын танытатын шығармасы болып есептелген. Біржан өзінің «Сырғакты» өлеңінде:

Бозбала, саған айтар өсиетім,

Жақын жүр әлпештеген ардақтыға.

Жауқазын желбіреген жастық шақта,

Өмірдің мағынасын түсіне біл, –

деп, өзінің көргені мен көнілге түйгенін жастарға ақыл, өсиет түрінде айтқан.

«Жастарға» деген өлеңінде ақынның ағартушылық көзқарасы танылады, жастарды игі істерге, жақсы қасиеттерге үндейді. Осы идеясын «Жақсы мен жаман» өлеңінде:

Біреудің аспанда жүр дәрежесі,

Біреудің көкте қолы, жерде басы.

Жақсының жаманменен айырмасы –

Ойласаң, жер мен көкте екі арасы – деп жалғастыра түскен.

Біржан шығармашылығынан ерекше орын алатыны – ақын Сарамен айттысы. «Біржан мен Сара» айттысы – көркемдігі жағынан айтystардың ішіндегі ең тандаулысы. Біржан мен Сараның айттысы негізінде композитор М.Төлебаев «Біржан-Сара» операсын жазған.

Жасы ұлғайған шағында денсаулығы нашарлаған Біржанды ағайын-туистары

«қартайдың» дегенді сұлтаурашып, алысқа шығармаған. Еркін өскен ел

еркесін «жынданды» деп кінәлап киіз үйдің керегесіне таңып тастауы ақынның ашуызасын келтірген. Өмірінің соңғы кезіндегі осындағы ауыр шағын Біржан

сал «Теміртас» өлеңінде:

Теміртас, Асыл, Ақық қараптарым,

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 36 беті

Үкідей мен сендерді балақтадым.  
Денеме кендір арқын жаман батты,  
Есіктен келе ме деп алақтадым, –  
деп зарлана суреттеген. Атақ-даңқы алты алашқа жайылған, өлең мен әннен меруерт тізген әнші, ақын, сазгер Біржан сал 1897 жылы жан азабына төзе алмай 64 жасында ауыр науқастан қайтыс болған. Біржан сал Қожағұлұлының шығармашылығын зерттеген ғалым Е.Ысмайылов: «Біржан лирикасы – халық өлеңдерімен тамырлас», – деп бағалаған.

Біржан сал Қожағұлұлының: «Біржан сал», «Жамбас сипар», «Жайма-шуақ», «Жонып алды», «Айтбай», «Ләйлім шырақ», «Көлбай-Жанбай», «Жанбота», «Алтын балдақ», «Телқоныр», «Көкек», «Адасқақ», «Бурылтай», «Ақсеркеш», «Ақтентек», «Талай заман», «Теміртас», «Ләйлім» деген ән-өлеңдері бар.

#### **5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** жұптасып жұмыс

– студенттердің топта (командада) жұмыс дағдыларын дамытуға және көп тұсты шешімдерді қабылдап, қарапайым жауапты алуға ықпалын беретін оқыту әдісі.

«Әркім уақытты әрқалай пайдаланады» тақырыбында ой-толғау қозғап, жауабын шығарады.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 10 мин.

#### **5.6. Әдебиет.**

Негізгі:

- 1.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014
- 2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;
- 3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;
- 4.Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
- 5.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

Косымша әдебиеттер:

- 1.Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
- 2.Сәтбаева Ш, Ш.Құдайбердиев – Алматы 1990
- 3.Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
- 4.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
- 5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
- 6.Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
- 7.Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
- 8.Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
- 9.Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.
- 10.Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 5 мин.

#### **5.7. Бақылау:**

**Сұрақтар мен тапсырмалар:**

- 1.XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдебиетті шығармаларының тақырыбы мен мақсат-мұддесі жағынан қандай топтарға бөлуге болады?
- 2.Сал-серілер поэзиясының өкілдері кімдер?

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 37 беті

3. Сал, сері сөздеріне түсінік беріндер.
4. Әнші-сазгер ақындар туралы жазылған кімдердің көркем шығармаларын білесіндер?
5. Біржан сал кім?
6. Әнші Біржанның Ақын Абаймен шығармашылық байланысы жөнінде не айтасыздар?

### №13 сабак

**5.1. Тақырып:** Ақан Қорамсаұлы. «Жайықтың ақ түлкісі», «Ақ көйлек», «Асыл мен жасық», «Жақсы мен жаман», «Құлагер», «Манмангер», «Ләйлім шырақ», «Сырымбет», «Балқадиша» әндері.

**Сағат саны:** 3 сағ.

135 мин

**5.2. Мақсаты:** оқушыларға ақынның адамгершілік ізгілік мәселесін көтерген, достық, махабbat еркіндігін аңсаған лирикаларын талдау, лирикалық қаһарман бейнесін ашу; Ақан сері өлеңдерін талдау, барысында сұлулыққа, әсемділікке лайық бейнелі сөз кестелерін табу оқушыны шығармашылыққа ізденіске баулу.

**5.3. Оқу міндеттері:** туған жерін қадірлеу, халқына қызмет ету, ел тірлігі, ел бірлігі, үрпақ келешегі, адам жанының рухани тазалығы жайлы ойларын жүйелей отырып, адамгершілік пен адамдық қасиетке тәрбиелеу, кәсіптік бағдар беру, шығарманы талдай білуге, идеясын ашу, қорытынды ой түю, есте сақтау қабілетін, оку дағдысын қалыптастыру, жүйелі, шешен сөйлеуге дағыландыру;

**Үйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25мин.

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1. Ақан сері Қорамсаұлы. «Жайықтың ақ түлкісі», «Ақ көйлек», «Асыл мен жасық», «Жақсы мен жаман», «Ләйлім шырақ», «Манмангер», «Балқадиша» әндері.

2. Ақан-қазақтың ақын тобының көрнекті өкілі.

3. Ақанның өмірі туралы деректер. Ақан- ақын, әнші, сазгер. Ақанның өмір, заман туралы толғаулары.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 40 мин.

Ақан шығармашылығы – рухани тазалықтың, әсемділіктің үлгісі.

Ақан – сезімі нәзік, толғампаз ақын.

Ақынның махабbat лирикасындағы поэтикалық сөз бедері.

Ойтолғау **Ақан сері** – сегіз кырлы, бір сырлы, ұлы талант иесі. Ақынның шығармашылық өнері – тазалықтың, әсемділіктің көрінісі. Ол жай ғана ақын емес, әнші-акын, өзі шығарған өлеңін өзі әнге салып, домбырада ойнап, өзі орындаған. Бұндай өнер иелері қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында біздің ұлттық өнеріміздің мақтанышы болған, сондықтан (Біржан, Ақан, Мұхит, Үбірай, Жаяу Мұса, Естай т.б.) бұлар ақындық пен композиторлық жалын бастаушылары еді.

Ақан жас кезінен үғымтал, өте сирек болып өседі. Жасынан-ақ ән-жырга әуес болып 16-17 жасында-ақ қолына домбырасын алғып, ән салып, өлең шығара бастайды. Ақаннның махабbat туралы өлеңдері – лирикаға толы, сезімтал, шыншыл өлеңдер. Ол жастық, бозбалалық сезімді қызықтады, адал достыкты, махаббатты ардақтады. Оның махабbat туралы лирикалық өлеңдеріндегі кейіпкерлері махаббатты шын құрметтеген қазақтың сұлулары мен арулары еді Ақынның әсем, сазды әндері “Сырымбет”, “Үш тоты”, “Мақпал”, “Балқадиша”, қай-қайсысы болса да сұлулықты сүйген, соған табынған жанның өмірдегі бейнесі еді. Әйелі төмен етекті санаған заманда оларды осынша дәріптегенің Ақаннның махабbat туралы өлеңдерін

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 38 беті

талдау арқылы көз жеткіземіз. Ақан сері 1843 жылдың қыркүйек айында дүниеге келген. Міне, осындаған ел қайғысы мен өз қайғысы қосыла келіп. **Ақан** жаңын жегідей жеп, жүргегін сыйздатады. Өз қайғысы дейтініміз – алған жарларының бірінен кейін бірі қайтыс болуы, сүйікті аты Құлагердің мерт болуы, Базаралы деген тазысы, Көкжендегі деген қаршығасы, Қараторы атты қыран бүркітімен айырылуы. Осылар ақынның дертке ұшыраудың, өмірден түнделуіне әкеп соғады. Өмірдің соңында елден оқшауланып, елсіз тауда жалғыз күнелтеді. Ақан жаңын түсінбекен қаранды ел оны “Жынданды” есептейді. Осылайша Ақанда Біржан сал секілді өмірінің аяғында трагедиялы ауыр хал кешіп, 1913 жылы дүниеден өтеді. Ақаннның жас шағындағы өлеңдерінің басым көпшілігі адам жаңынның нәзік сезімдеріне, көніл-күй ірімдерінің әсері мен әдемілігіне құралған. Ә дегенде ауызға ілінетін – сүйіспеншілік, ғашықтық ынтызарлықта толы өлеңдері. Ақаннның атын алысқа естіртіп, даңқын әулеткен сәйгүлігі Құлагер еді.

Құлагер құнанында керім еді,  
Нагашым сұрағанда беріп еді.  
Ат қоса Ерейменге барғанымда,  
Бір сыншы көзі шыққыр көріп еді, -

деп өзі айтқандай, Қарауыл еліндегі Шөкетай деген кісіден сатып алған Құлагері – осы ат. Жүйрік атты таңдал жүріп сатып алу бар да, оны мәпелеп бағу, балтап, бәйгеге қосу тағы бар. Бұл жерде Ақаннның екі қасиеті көрінеді. Біріншісі – тұлпарды сыртқы тұрпатына қарап дөп басып тани алатын сыншылығы да, екіншісі – балтап баға білетін атбелгілігі. Ақан Құлагердің маң-маң басқан жүрісіне көніл толып, “Маңмангер” деген ән шығарады.

Маңмангер, кекілің келте, жалың майда,  
Жүйрік жоқ сене озған құнан, тайда.  
Жүрісің желмаядай, жануарым,  
Көрейін қызығынды осындейдай...-

деп, тұлпарының тұлғасын ерекше бір сүйіспеншілікпен жырлайды. Ақан құлагерін мадақтап әнге қосып елге жайса, Құлагер де өрен жүйріктігімен Ақаннның атын жалпақ елге жаяды. Керей Сағынайдың асына Ақан Құлагерді алғып барады. Елде Қүренбай деген атсейіс (ат сыншысы) бар екен, сол Ақаннның бас бәйгені алатындығын бірден таниды. Мұны естіген Батыраш, Қотыраш деген бай балалары іштарлық жасап, топ аттың алдынан жасырынып шығып, шокпармен ұрып құлатады. Қырға шығып қарап тұрған Ақан өз атының аяқ астынан жоқ болып кеткенін жамандыққа жорып іздең шығады:

Жел соқса қамыс басы майда деймін,  
Ат қостым, ат айдауышы, айда деймін.  
Алдыңдағы ат баран болмай қылаң болды,  
Жығылмаса Құлагер қайда деймін?!

Шындығында, Құлагер мерт болып, құлаған жерінде жантәсілім етіпті. Соны көріп азаланған Ақан атақты “Құлагер” әнің дәл осы жерде шығарады.

Ор болып қалушы еді шапқан жерің,  
Шаттанып түрушы еді қасқан елің.  
Атығай, Қарауылға олда салған,  
Бота тірсек, қызы сағақ, сандалкерім.  
Бай, бай, бай бөрім-ай,  
Бай, бай, көрім-ай, уай,-

деп, өксікке толы өкінішін әнге қосып жоқтау айтады. Бұл оқиға ақын жүргегіне айықпас жара салады.

**5. Білім берудің және оқытудың әдістері :** шағын топпен жұмыс

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 39 беті

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 15 мин.

### **5.6.Әдебиет.**

Негізгі:

- 1.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014
- 2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;
- 3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;
- 4.Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
- 5.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

### **Қосымша әдебиеттер:**

- 1.Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
- 2.Сәтбаева Ш, Ш.Құдайбердиев – Алматы 1990
- 3.Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
- 4.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
- 5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
- 6.Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
7. Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
- 8.Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
- 9.Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.
- 10.Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 10 мин.

### **5.7. Бақылау:** талдау

Шығармашылық жұмыс «Ақан өнері бүгінде жалғасты ма? Деген тақырыпқа эссе жаз.

## **№ 14 сабак**

**5.1. Тақырып:** Әсет Найманбаев. «Қор болмас зерек адам ақылы бар», «Улken Ардақ», «Кешеубай». «Перизат», «Адамның жасы жөнінде», «Тоты», «Арғынмын, атым Әсет - арындаған» өлеңдері. «Салиха - Сәмен» дастаны.

**Сағат саны:** 2 сағ.

90 мин

**5.2. Мақсаты:** оқушыларға ақын Әсет Найманбаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін көңейту. Әдебиетке әкелген жаңалықтары мен қоғамдық –әлеуметтік мәселелерге көзқарасын ,тұрмысын бейнелеуіндегі ақын – әншінің әдебиет тарихындағы орны, өлеңдерінің ерекшелігін орнын таныту. Оқушылардың поэзияға деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, теориялық талдау жасай білуге , ізденушілік қабілеттерін туғызу.

**5.3. Оқу мақсаттары:** туған жерін қадірлеу, халқына қызмет ету, ел тірлігі, ел бірлігі, ұрпақ келешегі, адам жанының рухани тазалығы жайлы ойларын жүйелей отырып,

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 40 беті

адамгершілік пен адамдық қасиетке тәрбиелеу, кәсіптік бағдар беру, шығарманы талдай білуге, идеясын ашу, қорытынды ой түю, есте сақтау қабілетін, оқу дағдысын қалыптастыру, жүйелі, шешен сөйлеуге дағыландыру

**Ұйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

#### **5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1.Әсет Найманбайұлы. «Қор болмас зерек адам ақылы бар», «Үлкен Ардақ», «Кешубай»,

2.«Арғынмын, атым Асет-арындаған» өлеңдері, «Салиха -Самен».

3.Асет Найманбайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы деректер. Ақын әншінің әдебиет тарихындағы орны.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 40 мин.

Әсет Найманбаев – ұлы ақын Абайдың бағытын ұстанған, әлеуметтік ойын, демократтық-ағартушылық қозқарасын әнмен, өлеңмен таратқан, Абайдың алдын көргенталантты шәкірттерінің бірі. Әсет ақын 1867 жылы Шығыс Қазақстан өңіріндегі Мақаншы ауданының Бақты ауылында дүниеге келген. Әсептің әкесі Найманбай мен шешесі Кермеқасұлдарының болашағын ойлап, оны жеті-сегіз жасқа келгенде Бақтыдағы Зейнолла имамның медресесіне берген. Жасынан зерек Әсет он үш-он төрт жасынан бастап қиссалар жаттап айтқан. Бүкіл қазақ даласын шарпыған 1916 жыл дүрбелені Әсет тағдырына да ықпал еткен. Туып-өскен Шығыс Қазақстан өңіріндегі Қытай еліне қарайтын Шығыс Түркістан жеріне үдерек көшкенде Әсет те сол дүрмекпен бірге кеткен. Әні мен жырын жаңына серік еткен Әсет ел арапап жүріп 1922 жылы Құлжа қаласында кенеттен қайтыс болған. Әсептің поэзиялық шығармалары, ақындық мұрасы үш топқа бөлінеді: 1) өлеңдері; 2) айттыстары; 3) қисса-дастандары. Әсет Найманбаев өлеңдерін тәмендегідей топтап көрсетуге болады.

Арнау өлеңдер

«Маманға»

«Күшік болысқа»

«Қанағатқа»

«Қызыр төреге»

«Жасболат болысқа»

«Елшібай байға»

Әсептің алғашқы шығарған әндері – «Еркем-ай», «Қаралғаз». Әсет Найманбаевтың «Әсет» әніндегі:

Арғынмын, атым Әсет арындаған,

Арындаған ән сала ма дарымаған.

Аспанның аясында ән шалқытқан,

Бұлбұлмын даусы көкте дамылдаған.

Ән салсан, Әсептей сал әсемдетіп,

Қоздырып дөлебені әсерлетеңіп.

Сөз – жаңбыр, даусым – дауыл, әнім – ескең,

Ойнақтап басылайын аз желдетіп, –

деген жолдар ақынның төлкүжаты іспеттес.

Қазақ музыкатану ғылымының көшбасшысы, академик-сазгер А.Жұбанов: «Інжу-маржан әні – Әсет шығармашылығының шыңы», – деп бағалаған.

Әсет Найманбаев ұлы Абайдан кейін орыстың ақыны А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» романын аударып, оны өзі қисса етіп жырлаған. Әсептің «Салиха – Сәмен», «Ағаш ат», «Перизат», «Үш жетім қызы», «Нұғыман – Назым», «Кешубай» деген дастандары бар.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 41 беті

Әсеттің гуманистік идеясын танытатын шығармасы – «Француз» қиссасы. Әсет Найманбаевтың қисса-дастандарының негізгі идеясы – әділеттілікті насихаттау. Әсет шығармашылығының негізгі саласы – айтыстары. Әсет Үрысжанмен, Бақтыбай ақынмен айтысқан. Әсет пен Үрысжанның жұмбақ айтысы «Біржан – Сара» айтысынан кейінгі ірі шығарма болып табылады.

Әсеттің шығармалар жинағы белгілі әдебиетші ғалымдар С.Ордалиев пен Б.Адамбаевтың құрастыруымен алғаш рет 1968 жылы, екінші рет белгілі жазушы Б.Нұржекемен ғалым Б.Абылқасымовтың құрастыруымен 1988 жылы басылып шыққан.

Әсет – көпқырлы жер иесі. Ең әуелі, ол – “аспандағы аккумен жертілдестірген” асқақ үнді әнші. Екіншіден, құбылтуы қыын ырғакты, кең тынысты асқақ әндерді, сондай-ақ сағынышқа толы жүректің қылын шертер, сырлы сазды, әсем әуенде әндер тудырған сазгер. Үшіншіден, сөз өнеріндегі артында қалдырған мол мұрасы қөркемдік қуаты, тілдік өрнегі жағынан әншілігі мен сазгерлігінен бірде кем емес ақын.

Әсет – суырыпсалма, төкпе ақын, төкпе ақын. Бұл түргыдан қарағанда, Орынбай, Шөже, Жанақ, Сүйінбай, Кемпіrbай, Жамбыл тәрізді импровизаторлық өнер алыптарының тобында. Бірнеше рет айтысқа түсіп, тындаған жұртты тамсандырған, ел құрметіне бөленген ақын.

Әсеттің асқақ әндері мен алуан тақырыпты өлөндері, қисса-дастандары халықтың өнерімізді дамытуға, сонымен қатар халқымыздың мәдениетін көтеруге өз үлесін қосқаны және қоса беретіні күмәнсіз.

##### **5. Білім берудің және оқытудың әдістері : пікір -талас**

Пікір-талас – оқытушы тарапынан ұсынылған негізгі мәселелер төңірегінде пікір-таласқа қатысушылар жақтаушы не даттаушы болып екіге бөлініп, өзінің көзқарасын нақты мәліметтерді, дәйектемелерді көрсете отырып дәлелдейді. Өзінің қарсыласын жеңе алатындей дәлеледер келтіріп, сөз шеберлігін, қызуқандылық танытады. Пікір-таласты оқытушы бақылап, бағыт береді.

*Сырты сұлу адамның, болса ішінің мәні жоқ,*

*Ұқсамай ма жеміске, сырты әдемі, дәмі жоқ... өлең жолдарын талдау.*

Әсет – негізінен айтыс ақыны. Ол Үрысжаннан басқа Әріп, Бақтыбай, Кәрібай, Қали, Сәмет ақындарымен және Мәлике қызбен айтысқан. Әсеттің "Салиха-Сәмен", "Ағаш ат", "Перизат", "Үш жетім қызы", "Нұрғыман-Нағым", "Мәлік-Дарай", "Жұмсап", "Кешубай" атты қисса дастандары бар. Ол А.С.Пушкинның "Евгений Онегин" романын аударып (еркін аударған) оны өзі қисса етіп жырлаған. Әсет мұраларының ішінде халыққа кеңірек тарағаны оның әндері. Ол Біржан сал, Ақан серіден дәуірлеген Арқа әнінің дәстүрін жалғастырып, дамыта түсті. Жас кезіндегі әндерінде ("Кіші Ардак", "Үлкен Ардак", "Қаракөз", "Мақпал") психологиялық терендікпен адамның жан дүниесін қозғайтын нәзік лирикалы Ақан әндерінің әсері байқалады. Бұл оның қалыптасу, өзіне тән тармақтарының музикалық-синтаксистік ерекшеліктері Әсет әндеріне де тән. "Інжу-Маржан" әні (кейде "Әсеттің әні" деп те аталады) өз стилін айқындаі түскен туынды. Сондай-ақ "Үрғакты", "Аққарагер", "Қаракөз", "Майда қоңыр", "Жалған-ай", "Сырмақ үйкөр" т.б әндерінің авторы. Әсет өз шығармаларында өмірге деген құштарлығын, туган елі мен жеріне деген айнымас махаббатын жырлады. Ақын өлеңдері мен әндеріне көшпелі түрмис пен қазақ жұрттының тарихы және этнографиясының қайталанбас бояулары тән. Әсеттің ақындық қуатында ойдың образдылығы, шұрайлы тенеулер, жарқын шенделестірuler айқын танылады. Ол Сарыарқаның ұлы перзенттері Біржан сал Қожағұлұлы мен Ақан сері Қорамсаұлының ақындық өнер дәстүрін жалғастырып, әрі қарай дамытты. Сонымен бірге өз өлкесі әндерінің Жетісуда, Тарбағатайда және Алтайда кеңінен тарауына мұрындық болды.

1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде жазалаушы отрядтардан дүрліге қашқан елмен бірге Әсет Қытайға өтіп кетеді. Октябрь революциясы жөніндегі хабарды ол қуана

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 42 беті

қарсы алады, жат жерде жүріп Отанын аңсайды. Әсет 1923 жылы Құлжа қаласында қайтыс болды.

1910 жылы Қ. Халиди Әсет Найманбайұлынан бірнеше салт өлеңдерін жазып алғып, жариялаған. Кеңес дәуірінде Әсет Найманбайұлының өлеңін алғаш С.Сейфуллин(1925) бастырыған. 1936 жылы Б.Ісқақовтың ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы арнайы мақаласы тұнғыш рет жарияланып, Әсет Найманбайұлының шығармаларының тұнғыш жинағы 1968 жылы Б.Адамбаевтың құрастыруымен басылды. Бұл жинаққа ақынның 34 өлеңі (әнін қоса), 4 айтыс-қағысы, 4 дастан-қиссасы жарияланса, 1988 жылы Нұржекеевтің құрастырыған «Әсет» атты жинағына 29 ән мәтіні, 71 өлеңі, 10 айтыс-қағысы, 8 қисса-дастаны енгізілген.

«Салиха - Сәмен» поэмасы Ақылбай, Мағауия поэмаларының үлгісінде жазылған лирикалы – романтикалық поэма. Салиха мен Сәмен де бас бостандығы үшін, махабbat жолында құрбан болған жандар. Поэмада Алтай тауын мекендереген монголдың Ясукеj деген ханының аскан сұлу қызы Салиха сипатталады. Ханның қолындағы батыры Сәмен мен Салиха көніл қосады:

Хан сезіп, халық білсе мұндай сырды,  
Ажалдан қыз берен жігіт қалмайды аман.

Екеуін еркіменен қоспайтын,  
Қатыгез хан қаһары өзіне аян, -дейді ақын. Салиха мен Сәмен ешкімнен жәрдем күтпейді. Олар бір қын құзды тауып алғып, сол жерге бекініп, жан сауғалауға бел байлайды. Хан қызының жоғалуы елді дүрліктіреді. Хан «қызыымды азғырғандарды дарға асып, қыздың басын кесем», - деп жарлық етіп, еліне ізден табуды бұйырады. Ақыры қалың қол Салиха мен Сәменді тауып алады. Сәмен қалың қолға қарсы шығып, қансырап, естен танып құлап қалады. Қызды хан қолына табыс етеді. Хан қолы Сәменді өлді деп тастап кеткен. Сәмен есін жияды. Ол тауда үш ай жасырынып жатып, Көкше дейтін әулиені ізден Тянь–Шань тауына тартады. Әулие оған жәрдем көрсетудің орнына атын тартып алғып, өзін жаяу қалдырады. Сәмен Салиханы ізден зар тұтып Ұланға қайта оралады. Ақын енді Салиха жайын баяндайды. Ол қапа мен қайғыға душар болып, гүлдей солады. Салиханың көнілі дүниеден Сәменсіз тиянақ таппай, «жолыңа жаным құрбан болсын» деп уәдесін бұзбай:

... Зар жылап осылайша қылды налыс,  
Ай мен күн дәт айтуға тұрсың алыс.  
Күә бол тәнірі алдында сен екеуін,  
Галамсың көпке бірдей тұра қалыс.

... Соны айтып салды қанжар жүргегіне  
Жан шығып тез жетуге тілегіне...

Сейтіп қаза болған жарының басына Сәмен де келіп, сол қанжарды қолына алғып:

Жас жаным Салихамен болсын бірге,  
Маржандай қызыл қаным жерге тамып.

Қара жер, мейірімді анам, аш қойнынды,

Саяңа келіп тұрмын Сәмен ғарып, - деп ол да өзін - өзі өлтіреді.«Салиха - Сәмен» поэмасының мазмұны осы.Поэмалық идеялық мазмұны хандық дәуірде адамның жеке басының ерікті болуына еш мүмкіндік жоқ екенін көрсетеді.Мұндағы жағымды еki кейіпкер – Салиха мен Сәмен нағыз романтикалық геройлар. Екеуінің де ерлік мінезі мен ерлік ісі, махабbat жолындағы қайсар құресі, айтқан серттен айнымай шығысып, бір қанжармен тағдырын шешу – осының бәрі өршіл романтизмнің белгілері.Салиха мен Сәмен өлгендеге женіліп, бас иіп өлмейді. Ғашықтық уәделеріне жеткеніне разы болып, тәкаппарлықпен өледі. Бұл еki кейіпкер де бір сезімге берік берілген. Ол сезім – махабbat. Поэмалық оқиға түйіні, тартыс желісі сол махабbat жолындағы құреске

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 43 беті

құрылған. Ақын поэмасында махаббатты ешбір күш жеңіп бағындыра алмайды деген қорытындыға келеді. Сәмен өлерде:

Қош айтам тау мен тас, дария көлге,

Жат бауыр өсіп - өнген біздің елге.

Сайрандал көк аспан мен тұрған жүлдyz,

Сәуле бер біздің жатқан сары белге, - деп жүлдyz сәулесінің ғашықтар қабіріне түсіп тұруын тілейді. Салиха да, Сәмен де өлерде жеке адамға кінә қойып, қарғыс айтпайды. Өйткені, бүкіл әлеуметтік өмір, хандық дәүір, тар заман бұлардың өліміне кінәлі. Эсет Найманбайұлы поэмасын романтикалық сарынына сай оқиғаның ширап өрбүін асқақтаған суреттермен, табигаттың айбынды тұлғасының құшағында береді. Эсет ақын поэмасының тіл көркемдігі, сөз образдары жағынан да Абай үлгісі, Абай өнегесі айқын көрініп тұрады. Салиханы суреттегендегі:

Тамағы ақ торғында үлбіреген,

Сүйріктей он саусақтың бір саласы, -деген сипаттау Абайдың:

Жұп – жұмыр ақ торғында мойыны бар,

Үлбіреген тамағын күн шалмайды, - деген суреттін еске түсіргендей.

Темірдей қара жартас сұрғылт түсті,

Қабағын қаһар көзін қарс түйіп, -деген суреттер Ақылбайдың «Дағыстан»

поэмасындағы, не Лермонтовтағы Кавказ тауының бейнесін көз алдыңызға әкеледі.

Мұңлы тау аспанменен бой теңескен,

Тұрғандай бейне мұлгіп басын иіп, - деген сияқты метафоралар, «Ақырған ажданадай тасқынды өзен» деген жолдар Эсет Найманбайұлының бұл поэмасында анық мәдениетті, жазба ақынның салтын сақтағанын көрсетеді. Сонымен, «Салиха - Сәмен» лирикалы – романтикалық көркем поэмалардың бірі, Эсет ақын поэзиясының құнды мұрасы. Эсет Найманбайұлының «Ер Шеризат» қиссасы Мәшін Жүсіп Қөпейұлының «Гұлшат – Шеризат» қиссасымен мазмұндас. Екеуі де қиссаның сюжетін араб, парсы нұсқаларынан алған. Оны қиссаның соңындағы:

Бұл қисса тамам болды мұныменен,

Өлең ғып мәселенің түріменен.

Шығарып парсы сөзден өлең қылдым

Қазақтың әңгімелі тіліменен, - деген жолдар растайды.

Эсет ақын дастанның бас жағын кеңейтінкіреп алып, балаға зарығу мотивіне көбірек көңіл бөледі. Дастанның бастапқы кезінде Кәркенші патшаның бала қайғысымен ел аралап, әулиелерге тұнегенін, түсінде Қызырдың аян беріп ондағы болатын жайларды күн ілгері білдіргеніне ұзақ тоқталады. Дастан он бір буынды қара өлең ұйқасымен жазылған, тілі көркем, окуға жеңіл, оқиғасы ертегі негізінде құрылған тартымды.

Әсессің күрделі шығармасының бірі – «Салиха-Сәмен» атты романтикалық поэмасы.

Әсессің бұл поэмасында Алтай тауын мекендерген Ясуқай деген ханның сұлу қызы Салиха мен сол ханның қол астындағы Сәмен деген өжет жігіттің бас бостандыңтары үшін махабbat жолында қайырымсыз, хандардың орнатқан әділтсіз заңына әдет-ғұрпына қарсы тұрып, армандарына жете алмай, қатал заңын құрбандығы болғандығы жайлы сөз етеді.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 15 мин.

## 5.6. Әдебиет.

### Негізгі әдебиеттер:

1. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014

2. Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 44 беті

3. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;
4. Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (К-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
5. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

**Косымша әдебиеттер:**

1. Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
2. Сәтбаева Ш, Ш. Құдайбердиев – Алматы 1990
3. Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
5. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
6. Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989
7. Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
8. І.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
9. Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыры. Алматы 2004-2086.
10. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 10 мин.

**5.7. Бақылау:** ауызша сұрақ жауап

сұрақтар тізімі.

1. Эсет қандай тұлға?
2. Ақын қай жерде дүниеге келген?
3. Эсептің ән–өлендерінің қандай ерекшелігі бар?
4. Махаббат лирикасына жататын қандай ән–өлендерінін білесіндер?
5. Өзге әнші – ақындардан Эсет тағдырындағы ерекшелік неде?

### **№ 15 сабак**

**5.1. Тақырып:** Ахмет Байтұрсынов «Қырық мысал», «Маса» жинағы. «Әдебиет танытқыш» зерттеу еңбегі.

**Сағат саны:** 3 сағ.

135мин

**5.2. Мақсаты:** оқушыларға ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығымен, қоғамда, әдебиетте атқарған қызметтерімен таныстыру. Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны - «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің қан жылаган қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытпайтын істер болатын.

**5.3. Оқу міндеттері:** туған жерін қадірлеу, халқына қызмет ету, ел тірлігі, ел бірлігі, ұрпақ келешегі, адам жанының рухани тазалығы жайлы ойларын жүйелей отырып, адамгершілік пен адамдық қасиетке тәрбиелеу, кәсіптік бағдар беру, шығарманы талдай білуге, идеясын ашу, қорытынды ой түю, есте сақтау қабілетін, оқу дағдысын қалыптастыру, жүйелі, шешен сөйлеуге дағылдандыру.

**Ұйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың етілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 45 беті

1. Ахмет Байтұрсынұлы. «Қырық мысал», «Маса», жинақтары, «Әдебиет танытқыш» зерттеу еңбегі.
2. Ахмет Байтұрсынұлы- қазақ әдебиеті, мәдениеті тарихындағы ірі тұлға, аса көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, ақын, аудармашы.
3. «Маса» жинағындағы өлеңдердің мазмұны мен мәні. Аудармалары. «Қырық мысал», «Әдебиет танытқыш» -қазақ тілінде әдебиет теориясы ғылыми теориясын ғылыми негізде жүйелеген алғашқы еңбек екендігі.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 40 мин

### **Қырық мысал**

#### **Аққу, Шортан Һәм шаян**

Жүқ алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,  
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін.  
Тартады Аққу көкке, Шаян кейін,  
Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін.  
Бұлардың машақаты аз болмады,  
Жұмысты орнына кеп мәз болады.  
Тартса да бар күштерін аямай-ақ,  
Асылы, жүқ орнынан қозғалмады.  
Оншама ол жүқ артық ауыр емес,  
Құр сырттан «пәлен» деу де тәуір емес.  
Жүқ бірақ әлі күнге орнында тұр,  
Бірыңғай ай тартпаған соң бәрі тегіс.  
Жігіттер, мұнан гибрат алмай болмас,  
Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.  
Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,  
Істеген ынтымақсыз ісің онбас.

#### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ «МАСА» ЖИНАҒЫ**

Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдер топтамасы «Маса» деген атпен Орынборда 1911 жылы басылған. Жинаққа қойған атына ол едәуір ой, салмақты жүқ артқан деуге болады. Ызындал, ұшқан мынау біздің маса,  
Сап-сары, аяқтары ұзын маса.  
Өзіңе біткен түсі өзгерілмес,  
Дегенмен, кара яки қызыл маса.  
Үстінде ұйықтағаның айнала ұшып,  
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.  
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,  
Қоймaston құлағына ызындасада?

Осы жолдардан «ызындал, ұшқан мынау біздің маса» — сергектікті, қозғалыс күйді, серпіліс пен ізденісті сәулелейтін астарлы бейне екені көрінеді. Ол «үстінде ұйықтағаның айнала ұшып», қоғамның енжар, жалқау, ұйқыдағы күйден оянуына қызмет етеді. Осы ағартушылық ойды ақын басқа да шығармаларында әрі қарай дамыта түседі.

«Масаның» негізгі идеялық қазығы — жүртшылықты оқуға, өнер-білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. «Әдебиет танытқыш» — Ахмет Байтұрсыновтың эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының орны ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 46 беті

болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын қымбат, асыл еңбек. Ұлттық әдебиеттану ғылымы қазір қолданып жүрген негізгі терминдер, категориялар, ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламаларының басым көпшілігі тұңғыш рет осы зерттеуде жасалғанын ашып айтатын уақыт жетті. Бұл ретте, Ахмет Байтұрсынов — тіл терминдерін жасауда қандай кеменгер, данышпан болса, әдебиеттану, өнертану, фольклортану терминдерін жасауда да сондай кеменгер, данышпан. Фасырлар тоғысындағы қоғамдық-экономиканың қалыптасуы, жаңа үкіметтің орнығуы, халықты жаппай сауаттандыру үшін оқу-ағарту шаралары жедел жүзеге асырылған кезең. А.Байтұрсынұлының әдеби-эстетикалық тұжырымдары мен әдебиеттегі жүйелеуге қосқан үлесі туралы әдебиеттанушы-ғалымдар: «ХХ-шы ғасырдың басын-да әдебиеттану салада нақты іс атқарған, өзгелерге үлгі көрсеткен А.Байтұрсынұлы болды» дейді. Оның «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі-ұлттық әдебиеттанудың әлемдік ғылымдағы зерттеулерге-деңгейлес, әдеби ұғым түсініктердің тұңғыш рет ұлттық ұғымға лайықталған, арнайы «пән сөздері» жарияланған ғылыми зерттеу екенін айтады. Академик З.Қабдолов 1988-шіжылы ғалым есімі, акталғаннан кейін, А.Байтұрсынұлының әдеби мұрасы хақында «Әдебиет танытқыш» — тұңғыш қазақы трактат, әдебиет теориясының басы» екенін, кітаптың қадірі мен қасиеті, тарихи мәні мен маңызы кешегі кеңес кезінде бұрмаланғанымен, әлем ғалымдары арасын-да ғылыми тұрғыдан мойындалған ғылыми зерттеу еңбек екендігін ашып жазды, бүгінгі таныммен талдап таратты. Академик Р.Нұрғали «Күлтегін» баспасынан жарық көрғен өзінің «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» атты зерттеу-еңбегінде «Әдебиет танытқыштың» қазір Алматыда сақталған кітаптарының соңғы беттері жыртылғандықтан, еңбектің тексті түгел берілмей отыр. Зейін салған кісі, аңғарса керек, А.Байтұрсынов былай дейді: «ұстасу шығармалар қайраткердің түріне қарай үшке бөлінеді: 1) әлектеніс; 2) азаптаныс; 3)әуреленіс. Осылардың біріншісі — әлектеніс пен үшіншісі әуреленіс тал-данады, ал екіншісі — азаптаныс жоқ. Сондықтан сақталған кітап бойынша болашақта «Әдебиет танытқыштың» толық текстін табу міндеті тұр, тағы бір мәселе әр түрлі жанрлық формаларды талдап болғаннан кейін А.Байтұрсынов әр жерде бұларды нұсқалықтың пәленше нөмірлерінен қара деп ескертеді. Ендеше „Әдебиет танытқыш“ оқулық, оның хрестоматиясы — нұсқалығы да болған фой. Фасыр саңағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны Қысқасы, Ахмет Байтұрсыновтың ұлы еңбегі „Әдебиет танытқыш“ төңірегінде әлі-декөп зерттеулер жүргізу керек» деген толғақты ойын әдебиеттанушы ғалымдарға арнайды. Шындығында, қазақ әдебиеттану ғылымына негіз болған бұл зерттеу еңбектің келешекте арнайы кешенді түрде зерттейтін өзекті тақырып. Еңбектегі әдеби терминдер бұл күні әдбен халықаралық терминдерге бой алдырған әдебиеттану ғылымының сөздік қорын қазақыландыруға септігі тиер еді. Академик Р.Нұрғалиұлы: «„Әдебиет танытқыш“ әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт-денгейіне көтеріліп, шег сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабактас, үйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді. Орыс ғалымы А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышын» жеке дара алып қарастырмаса да, анықтамалығында «әдебиет теориясын» жазғанын айтты. Жалпы, «көркем өнер, оның ішінде әдебиеттің барлық болмысы мен бітімін, көркем шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін анықтау жолында ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірді ғылыми бір жүйеге түсірген, әдебиет теориясына ұлттық сипат дарытуда терминдердің қазақша мағынасын тапқан автордың жан-қиярлық еңбегінің жемісі» деп тұжырым жасаған. Әдебиет әлеміндегі әфсаналары ұлт басылымы «Қазақтың» тұңғыш санын шығарғанда, осы газеттің бас редакторы А.Байтұрсынұлы былай деген екен: «...Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға, ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына

<p><b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b></p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p><b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b></p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 47 беті

ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халымыз онды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзben қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен-де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен-де мәнгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендегетін уақытымыз жетті» .

## **5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне жету үшін оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары:** пікір-талас

Пікір-талас – оқытушы тарарапынан ұсынылған негізгі мәселелер төнірегінде пікір-таласқа қатысушылар жақтаушы не даттаушы болып екіге бөлініп, өзінің көзқарасын нақты мәліметтерді, дәйектемелерді көрсете отырып дәлелдейді. Өзінің қарсыласын жене алатындағы дәлелдер көлтіріп, сөз шеберлігін, қызуқандылық танытады. Пікір-таласты оқытушы бақылап, бағыт береді.

«Қазіргі таңда биік белестерге талаптанған жетеді» деген тақырыпта пікір-талас ойнатылады. Соңында ортақ резолюция қабылданады.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 15 мин.

## **7. Әдебиет.**

Негізгі:

- 1.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014
- 2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;
- 3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;
- 4.Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
- 5.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

**Қосымша әдебиеттер:**

- 1.Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
- 2.Сәтбаева Ш, Ш.Құдайбердиев – Алматы 1990
- 3.Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
- 4.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
- 5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
- 6.Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
- 7.Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
- 8.Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
- 9.Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.
- 10.Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 10 мин.

## **5.7. Бақылау:** тестілеу

Бақылау сұрақтары:

- 1.А. Байтұрсыновқа М.Әуезов қандай баға берді?
- 2.А. Байтұрсыновтың «Қырық мысал» атты кітабы қазақтың ұлттық сана-сезімінің оянуына қалай әсер етті?
- 3.А. Байтұрсынов аудармаларының Абай аудармаларынан айырмашылығы қандай?

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 48 беті

4.А. Байтұрсыновтың мақалаларында қандай мәселелер қозғалған?

5.А. Байтұрсыновтың фольклорлық мұраларды жинаудағы енбекі?

6. «Маса» кітабіндағы басты сарындарды атандар?

## **№ 16 сабак**

**5.1. Тақырып:** Міржақып Дулатов «Шәкірт», «Таза бұлақ», «Оян қазақ» өлеңдері. «Бақытсыз Жамал» романы.

**Сағат саны:** 2 сағ.

90 мин.

**5.2. Мақсаты:** оқушыларға М. Дулатовтың «Шәкірт», «Таза бұлақ», «Оян, қазақ» жинағы туралы; өлеңдерінің тақырыптары мен мазмұнын әңгімелуе; идеялық ерекшеліктерін таныту; ақын лирикасын талдай, түсіне білуге үйрету.

**5.3. Оқу міндеттері:** қазақтың ақын- жазушыларын біліп, күрметтеуге, отансүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу, оқушылардың әдеби –теориялық білімдерін, сөйлеу тілдерін, зейін, көру, есту қабілеттерін дамыту. Өз ойларын көркем - әдеби тілде жеткізе білуге дағдыландыру.

**Үйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1. Міржақып Дулатұлы. «Шәкірт», «Таза бұлақ», «Оян қазақ» өлеңдері, «Бақытсыз Жамал» романы

2. Өмірі мен қоғамдық қызметі. «Оян қазақ» жинағына кірген өлеңдеріндегі азаттық идеясы. «Бақытсыз Жамал»- қазақ әдебиетіндегі тұңғыш роман. Шығарманың жанрлық ерекшелігі. 3.Романда суретtelген әлеуметтік теңсіздік мәселелері және қазақ әйелдерінің тағдыры. Жамал бейнесінің реалистік сипаты, автордың образ сомдау және адам психологиясын суреттеу шеберлігі.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 20 мин.

**Міржақып Дулатов** 1885 жылы 25 қарашада қазіргі Қостанай облысының Жанкелдин ауданына қарасты "Қызыбель" ауылында дүниеге келеді. Әкесі Дулат өзіне жетерлік дәулетті, ескіше сауаты бар адам болады. Балаларын жастайынан оқуға береді. Алғашқыда бала Міржақып ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Молдадан екі жыл оқығаннан кейін, 1897-1902 жылдары, ауыл мектебінде орысша оқытатын Мұқан мұғалімнен дәріс алады. Бұл мектеп Міржақыштың білімін толықтырумен қатар, азамат ретінде қалыптасуына да аса зор ықпал жасайды, Мұқан мұғалім ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин іргетасын қалаған оқу орнының, дәлірек айтқанда, Торғай қаласындағы уездік орыс-қазақ мектебінің тулегі болатын. Өз шәкірттеріне де ол осы рухта тәлім-тәрбие, терең білім береді.

Екі жасынан, он екі жасында әкесінен айырылып, жетім қалған Міржақып бұдан кейін Асқар деген ағасының тәрбиесінде болады. 1902 жылы, уездік мектепті бітірген соң, еңбекке араласады. Біраз жыл ауыл мектептерінде бала оқытады.

Бұл кезең патша өкіметінің отаршылдықты қазақ даласында күрт күштейтіп, қалың елге тізесін қатты батырып тұрган шағы болатын. Бұл жағдай сол кездегі қазақтың көзі ашық, оқыған, зиялды азаматтарына қозғау салды. Наразылық туды. Құресудің жолдары қарастырылып жатты. Оның негізгі жолы ретінде оқуға, білім алуға ұмтылыс күшейді. Бірте-бірте халық саяси құбылысқа айналып, ел ішінде отаршыл саясатқа қарсы ұлт-азаттық идеялары туындағы. Патшалық Ресей де бірінші буржуазиялық-демократиялық дүmpудің қарсаңында болатын.

Міне, осындағы күрделі кезеңде, 1904 жылы Міржақып Омбы қаласына келеді. Осында ұлт зиялдыларының ұстазы Ахмет Байтұрсыновпен кездеседі. Бұдан кейінгі уақытта бірі

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 49 беті

— ұстаз, бірі — ізбасары ретінде жұптарын жазбайды. 1905 жылы Міржақып А. Байтұрыновпен бірге Қарқаралыдағы саяси-бұқаралық жұмыстарға қатысады. 1905 жылы патша өкіметіне қазақ халқының атынан петиция жазушылардың қатарында болады.

1906 жылы Петербургке барып қайтады. Бұл сапарынан ол саяси күрескер ғана емес, шабытты ақын больш оралады. 1907 жылы Петербургте шыққан "Серке" газетіне "Жастарға" деген өлеңін, бүркенпік атпен "Біздің мақсатымыз" деген мақала жариялады. Мақалада Міржақыш қазақ халқының басындағы қызын жағдайдың анық себептерін саралап, отарлық саясатты әшкерелейді. Патша өкіметі мақала авторын тұтқындаған болғанмен, бүркеншік аттың иесін таба алмайды. 1909 жылы Петербургте М. Дулатовтың "Оян, қазақ!" атты өлеңдер жинағы жарық көреді. Бұл кітап та патша өкімшілігінің құғындауына ұшырайды.

1913 жылы ол Ахмет Байтұрыновпен бірге "Қазақ" газетін шығарып, басылымның бұдан кейінгі жұмысына белсене араласады. 1920 жылы Ташкентке келіп, сондағы "Ақ жол" газетінде қызмет атқарады. 1922 жылы жазықсыз қамауға алынады. Тұрмеден шыққан соң, 1922-1926 жылы Орынбордағы ағарту институтында оқытушы болады. 1928 жылдың аяғында бір топ қазақ зиялышарымен бірге қамауға алынады да, он жылға сотталып, 1935 жылы тұтқында қайтыс болады. XX әдебиетінде бостандық, азаттық, теңдік тақырыптарын оқу, өнер, білім, өркениет мәселелерімен байланысты қозғаған. Міржақыптың данқын қазақ арасы ғана емес, Ресейдегі түркі әлеміне тұтас жайған «Оян, қазақ!» кітабы 1909 жылы Уфада шығып, 1911 жылы Орынборда екінші рет басылды. Бұл – қазақ әдебиетінің тарихындағы ең көп кудаланған шығарманың бірі. Азаттық мұддесі жалындағы күреске халықты шақыру, ояту, енсе көтеру ісіне Міржақып өз уақытының мүмкіндігіне қарай баспасөзді жақсы пайдалана білген. «Қазақ», «Серке», «Айқап» және татар, орыс тіліндегі басылымдарға да жиі шығып тұрды. Елді ояту, саясатқа тарту мұддесіндегі саяси жұмыс болатын. Ол Алаштың табынды күрескери болды. Міржақыптың «Серке» газетінің 1907 жылы 2 басылған «Біздің мақсатымыз» атты мақаласы кешірім жасауға болмайтын саяси угіт деп саналып бұл газет конфискациялана деген шешім қабылданды.

Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,  
Откізбей қаранғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал нарам боп,  
Қазағым, енді жату жарамас-ты.

Осы төрт жолда ақынның күрескерлік, азаматтық тұлғасы анық танылғандай. М.Дулатов - ұлтына енбек етудің үлгісін танытқан, ұлт азттығына бар саналы ғұмырын арнаған, осы бағытта талай тағдыр талқысына түсіп, соның бәрін туған елі үшін мойымай көтерген азamat ақын.

XX ғасырдың басында болған қазан төңкөрісіне дейін қазақ қыздарының тағдыры, қалың малға сатылып, сүймеген адамына ұзатылуы, қазақ қыздарының теңсіздігі – XX ғасыр қазақ әдебиетінің басты тақырыбы болды. «Бақытсыз Жамал» романы – қазақ әдебиеті тарихындағы тұнғыш роман. Бұл – ұлттық әдебиетте роман деген атпен басылған тұнғыш кітап. "Бақытсыз Жамал" романының оқиғасына арқау болған мәселе де ескі әдет-ғұрыптың қыспағына түскен қазақ қызының тағдыры. Сүйгеніне қосылып, бақытты өмір сұруді армандаған бойжеткеннің трагедиялық жолы. Шығарма сол кезеңдегі қазақ даласының шынайы тыныс-тіршілігін көрсететін эпизодтан басталады. Жайлауға жаңа көшіп қонған ауыл. Саумалкөл маңына жағалай тігілген киіз үйлер. Бие байлап, қымыз сапырған жайма-шуақ ауыл адамдары. Қыстай араласа алмай, сағынысқан жұрт енді бірін-бірі қонаққа шақырып мәз. Роман - үлкен көлемдегі және прозалық үлгіде жазылған эпикалық туынды. Өмірде болған, не болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 50 беті

көлемді, ұзақ мерзімді оқиғаларды арқау етіп, адам өмірін ағымдағы сан алуан құбылыстармен тұтастыққа, мейлінше жан-жақты көрсетеді.

Романның өлеңмен жазылған сөз басында:

Жамалдың жайын жаздық бұл кітапта,

Бақытсыз бір қыз екен осы шақта.

Біреуге хас нәрсе емес, һәм болған іс,

Жайылған бұл бір ғұрып һәр қазакта.

Айырсын оқушылар мағынасын,

Жай ғана хикая деп қарамасын.

Көрген кім шариғаттан деген сөзді:

«Қор етіп әйел халқын аямасын» – деген жолдардан автордың көздеңген мақсаты аңғарылады.

Роман екі сюжетте көрініс табады. Бірінші – Жамал мен Ғалидың кездескен сәттерін, сырласып, бір-біріне берік сеніспіп, бір-бірін тең тұтып, бағалап, сүйіп қосылмақ болған жандар екенін, өздерінің бақыты үшін құреске бел байлап жолға шыққан тұстарын М.Дулатұлы жылы сезіммен тебірене жазғандығы. Екінші – Ғалидың кенеттен ауруынан бастап, ғашығынан айрырыларын сезінген Жамалдың көзінен қанды жастар төгіліп, ас ішпей, кірпік қақпай зор қасіретке кірісуі суреттелген. Романның бас кейіпкері – Жамал, оның айналасын қоршаған қосалқы кейіпкерлер яғни әкесі – Сәрсенбай, шешесі – Шолпан, айттырған қүйеуі – «Жұман таз», дала шонжары – Байжан және сүйген жігіті – Ғали. Міржақып шығармашылығын зерттеуші ғалым М.Әбсеметовтың деректері бойынша романға негізінен Көкшетау даласында болған оқиға өзек болған. «1908 жылы Міржақып ізіне түскен патша тыңшыларынан бой тасалау үшін, Торғайды тастап, Көкшетауға келеді. Көкшетауда Саумалқөл деген жерде ауыл мектебінде мұғалім болып істеп жүргенінде, ол Жамал атты қазақ қызының тауқыметті тағдырына қуә болады. «Бақытсыз Жамал» романындағы сол аяулы бейне осылайша шындық өмірден алынған еді. Роман оқиғасы қазіргі Көкшетау облысындағы Айыртау ауданында орналасқан Саумалқөл – Сұлу көл төнірегінде өтеді. Бұл табиғаты тамылжыған, алабын ақ қайың көмкерген, айнадай жарқыраған көлдері көз тұндырған қазақ даласының бір құйқалы да көрікті жері. Романнның бас кейіпкері дәл осы манайда дүниеге келген. Жамалдың руы – Атығай, Ғалидың руы – Керей. Ақмола уезі, Аққөл болысында туып өсken, Жұманнның руы – Қаруыл, қазіргі Көкшетау облысы, Арықбұлақ ауданы, Ақанборлық деген жерден». 1909 жылы М.Дулатов Қызылжарға келіп, Жұмағали Тілеулиннің үйін паналайды. Кейіннен Сасықкөлде Мағжан Жұмабаевқа орыс тілі мен әдебиетінен сабак береді. Жазып жүрген «Бақытсыз Жамал» романының нұктесін сол жерде қояды. 1910 жылы Қазанда басылған роман шығысымен-ақ елге тез таралып кетеді.

##### **5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** жұптасып жұмыс жасау

Жұптасып жұмыс жасау – студенттердің топта (командада) жұмыс дағдыларын дамытуға және көптүсті шешімдерді қабылданап, қарапайым жауапты алуға ықпалын беретін оқыту әдісі.

*I топтың тапсырмасы:* «Адам сәні» тақырыбына эпитет пен метафораларды пайдалана отырып, шығарма жазу.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 51 беті

**II топтың тапсырмасы:** «Адам сәні» тақырыбы бойынша көпшілік алдына сөйлеуге дайындалу. Дайындық барысында істеген жұмыстарыңың реті мен пайдаланған материалдарың туралы жазбаша есеп беру.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 10 мин.

### **5.6. Әдебиет.**

Негізгі:

1. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014
2. Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;
3. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;
4. Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
5. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992
2. Сәтбаева Ш, Ш. Құдайбердиев – Алматы 1990
3. Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
- 5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
6. Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
7. Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
8. Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
9. Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.
10. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 5 мин.

### **5.7. Бақылау:** бағыт беру.

#### **Сұрақтар тізімі:**

1. Міржақып Дулатовтың өмірі туралы айтындар.
2. «Оян қазақ» кітабына енген өлеңдерін атандар.
3. «Бақытсыз Жамал» романы қай жылы, қай жерде жарық көрді?
4. «Бақытсыз Жамал» романына қандай оқиғалар арқау болған?
5. М.Дулатов туралы эссе жазындар.
6. «Бақытсыз Жамал» неліктен қазақтың тұнғыш романы саналады?
7. Жамал бейнесі арқылы жазушы нені көрсетуді көздейді?
8. XX ғасырдың басында болған қазан төңкерісіне дейін қазақ қыздарының тағдыры қандай болды?
9. Қалың мал деген сөздің мағынасын қалай түсінесіз?

### **№ 17 сабак**

**5.1. Тақырып:** 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туган әдебиет, ұлт-азаттық көтеріліс және оның қазақ тарихындағы орны. Омар Шипин «Аманкелді батыр» дастаны.

**Сағат саны:** 3 сағ.

135мин.

**5.2. Мақсаты:** оқушыларға Білген сайын келеді біле бергім, Біле беру емес пе тілегі елдің”- демекші, тұған жердің тарихын, соның ішінде 1916 жылғы ұлт-азаттық

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 52 беті

көтерілісінің себептері, сипаты, қозғаушы күштерімен таныстыру. Окушылардың осы сабакқа деген белсенділігін, қызығушылығын арттырып, ойлау, сөйлеу, танымдық, іздемпаздық қасиетін арттыру.

**5.3. Оқу мақсаттары:** қазақтың ақын- жазушыларын біліп, құрметтеуге, отансүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге, өзгеге қамқор бола білуге тәрбиелеу. шығармаға жан –жақты талдау жасау арқылы окушылардың сөздік қорын байыту, дамыту, дүниетанымдарын кеңейту, қорытынды жасай білу, өз ойларын еркін, дұрыс жеткізе білуге дамыту.

**Ұйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Окушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Окушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

#### **5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған әдебиет, ұлт-азаттық көтеріліс және оның қазақ тарихындағы орны.

2. «Көтеріліске байланысты туған әдебиеттің демократтық дәстүрлермен байланысы.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 40 мин.

1916 жылғы көтеріліс бүкіл халықтың патша үкіметі мен жергілікті үстем тап өкілдеріне қарсы қурескен ұлт-азаттық көтерілісі болды. Мұндай көтерілістер басқа да Орта Азия елдерінде (Өзбекстан, Түркменстан, Қырғызстан, т.б.) өріс алды. Көтерілістің тарихи-әлеуметтік негіздері мен шығу себептері әр алуан еді. Оның бірі - патша үкіметінің отаршылдық қысымының күшейіп, соғыс жылдарында енбекші бұқараны ашықтан-ашық аяусыз талау саясаты болса, екіншісі - патшашылдықтың қазақ даласындағы сүйенер тірегі - қазақ байларының қалың бұқараны айуандықпен қанауы, оған көрсетіп келген қорлық-зорлығы еді. 1916 жылғы көтеріліс - қазақ халқының тарихында аса маңызды қызмет атқарған көтеріліс болды. Ол қазақ байларының бет пердесін жұлды, буржуазиялық-ұлтшылдардың опасыздығын әшкереlep, халықтың саяси сана-сезімін көтерді, қазақ даласында тап құресін күштейтті. 1916 жылғы көтеріліс аса бай халық әдебиетін туғызды. Оларды бұқарашибыл бағыттағы халық ақындары, ел ішіндегі өнер серілері шығарды. Жалынды поэзия жасауға тырысқан ақындар өнерін халық мұддесіне жұмсады. Бұл әдебиеттің көтерген туы, өзекті сарыны - ұлт-азаттығы, бостандық, еркін өмір. 1916 жылғы көтеріліске байланысты туған әдебиеттің біздер үшін де маңызы үлкен. Өйткені патша үкіметі тұсындағы халықтың ауыр түрмисін, мүшкіл халін суреттейді, бұдан біз халқымыздың басынан кешкен қыын талай қундерді, теңдіксіз тепкіде өткен өмірді көреміз. Асыл, ерлік дәстүрінен үлгі-өнеге аламыз, бұл әдебиет - халқымыздың ақын, жыршылары шығарған мазмұны жағынан терең, түрі жағынан әр алуан, сөздері өткір, тілі таза, ерекше қайсарлық үні басым, идеялық сарыны жағынан өршіл әдебиет. 1916 жылғы әдебиеттегі қай шығарманы алсақ та, көбінесе патшаның 25 маусымдағы ма йдан жұмысына жігіт алу туралы жарлығына қарсы наразылық, ашуызамен қатар, халықтың жалпы қайғылы халі, бұлқының толы кезеңі жырланады. Халық ақындары өз жырларында патша үкіметінің соғысқа құмар саясатын айыптайды. Халық бұқарасының пікірін қолдай және көркем бейнелей отырып, халық ақындары патшаның қазақ жігіттерін майданның қара жұмысына алуын оларды өлімге айдау, қыру деп білді. Патша саясатының озбырлығын түсінген, одан қысым көрген ел жігіт бергеннен өлген артық деп ұғып, ақындардың да осы идеяны жар сала жырлаған "Зілді бүйрық", "Патша әмірі тарылды", "Құты қашты патшаның" өлеңдері, "Амангелдінің Торғайды алуы", "Бекболат" поэмалары дүниеге келді. Бұл жылдары туған жырлардың бір алуаны майданға алынған жігіттердің өмірін суреттеумен байланысты болып келеді.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 53 беті

Бұлардың бірқатарында майданға алынған жігіттердің кешкен халі мен ел-жүртінан айырылардағы зарлы кейпі көрінеді. Бұл жырлар туған жерден алыста жүрген адамдардың сағыныш сезімін, түйіктан шығар жол таба алмай күйзелген күйін танытады. "Аскардың үй ішімен қоштасуы", "Еріксіз кетіп елімнен" деген жырлар сол кезеңнің айғағы. Бұл кезең демократтық-ағартушылық бағыттағы әдебиет ағымын жаңа дәуірдің әдебиетіне үштастырап баспалдақ болды.

**Шипин Омар** - Қазақ КСР-інің халық ақыны, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына белсene қатысушы, көтеріліс жаршысы, Амангелді Имановтың сенімді серіктерінің бірі. Ол 1879 жылы қазіргі Қостанай облысы Қостанай ауданында туған. Омар Шипин отыз жасында (1909 жылы) Амангелді Имановпен танысады. Бұл туралы ақын кейін өзінің бір өлеңінде «Отызда Имановты іздеп таптым» деп еске алады. 1916 жылы патшаның бұратана халықтарды майданың қара жұмысына алу туралы жарлығына қарсы көтерілген сарбаздардың қатарына қосылады. Омардың ақындығына, зейіндігіне, сауаттылығына, ризашылық білдірген Амангелді Иманов оны Қайдауыл болысындағы ауылдардың біріне бала оқытуға орналастырады.

«Амангелді батыр» дастаны Торғайдағы көтеріліс туралы және оның қолбасшысы Амангелді жайлы болды.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі бағыттағы туындылардың ішінде көлемі жағынан да, көркемділігі түрғысынан да, көрнектілерінің бірі – Омар Шипиннің «Амангелді батыр» дастаны. Ақынның басты мақсаты Амангелді Имановты және ол бастаған көтерілісші сарбаздардың ерлігін жырлау болған. Ақын о баста «Амангелдің айбаты», «Губернатор келгенде» және Амангелдің әр ұрысы туралы жеке-жеке өлең, толғаулар шығарған. Кейін сол өлең толғауларды құрастырып, жалғастырып дастан етіп жазған.

1942 жылы «Амангелді» деген атпен жеке кітап басылып шықкан. Ал 1961 жылы «Амангелді батыр» деген атаумен «Таңдамалы шығармалар» жинағына енгізілген. Дастанда Амангелдінің батырлық жолы мен көтеріліс кезіндегі ерлік іс-әрекеттері жан-жақты суреттелген.

Ақын Амангелді жайлы дастанын батырлар жыры үлгісінде жаңаша толғайды. Халықтың асыл сөздермен сузындаған ақын Амангелді батырдың тұлғасын былай деп жырлайды:

Батырдың туғанна түрі бөлек,  
Шүйделі бас, формы дөп-дөңгелек,  
Сүйріктей судан шыққан екі қолы,  
Буынның саусағында белгісі жоқ.  
Тұтасқан екі қастың аралығы,  
Бесіктей бұлшық еті, жұмыр білек.

Ақын Амангелді батырдың шүйделі басын, сүйріктей екі қолын, бесіктей бұлшық еті мен жұмыр білегін бір затты екінші затпен салыстыра, көркемдік түрғыда тамаша теңей білген. Өлең жолдарында тармақтардың үйлесуі арқылы қара өлең үйқасымен жазылған. Сонымен қатар ақын бұл өлеңін дастанға қосымша реңк беру үшін, түрлі тенеулерді қалыпты жағдайдан тым ерекше ұлғайтып, әсірелеп те көрсетіп отырған. Өйткені, осындай шығарманың көркемдігін арттырып, оқытын оқырманға тигізер әсері мол-ақ.

Бұл сөзімізге тағы да мысал келтіре кетсек:

Қолға қару алынбай,  
Белге қылыш тағынбай,  
Ат үстінде жай таппай,  
Жауға қарсы оқ аттай,

Шешілмейді бұл майдан – дейді. Бұл өлең жолдарынан қазақ жері деп аталатын байтақ даланың ұлы төскейін жалмауға кірісken, мал-мұлкін талан-таражға салып бодан қылуға

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 54 беті

ұмтылған орыстың солақай саясаты Омардың жан-дүниесіне ерекше әсер еткендігін көреміз және асқақ жырларынан нағыз майданда нендей жағдайлардың болатындығын пайымдай аламыз.

Ақынның 1916 жылғы 6 қарашада жазылған «Торғай соғысы» өлеңінде патша әмірінің жарлығымен қазақ даласынан 19-31 жас аралығындағы ерлерді алуға келген солдаттармен Амангелді бастаған топтың қақтығысы, яғни, батырдың Торғай қаласына шабуылы суреттеледі.

...Батырдың қала шапқаны

Ноябрьдің алтысы.

Дүйсенбінің күні еді.

Ызасына шыдамай,

Қашаннан батыр жүр еді.

Соңынан еріп көп әскер,

Ақсұңқар құстай түледі.

...Жалтақтап тұрған хандарға,

Ақырып батыр айқайлап,

Қалаға жалғыз кіреді.

Солдатына патшаның

Аш бөрідей тиеді.

Бұл өлең жыраулар поэзиясы ұлгісінде, батырлық рухта жазылған. Амангелді батырдың екінін ақын «ақсұңқар құсқа», «ашбөріге» теңейді.

Жалпы айтқанда, Омар Шипин Амангелді батырдың барлық ерлігін шынайы мұсінде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті поэзияға айналдыра білген.

Омар ақын «Оналтыншы жыл» атты өлеңінде:

Арыстандай ақырып

Он алтыншы жыл келді.

Қанағына шыдамай,

Қазақ елі сенделді.

Ел қосылып елменен,

Ерсіл-қарсылып шұбырды.

Патшадан шыққан бұл жарлық

Қазаққа қанды күн болды – деп, жаугершілік заманның басталғанын, мылтық-қылышын баптап жүретін ер азamatқа сынды кезеңін суреттей келе топтан сурылып шығып Ер Исатай секілді егеулі наизасын қолға алған Амангелді батырдың жауға қарсы аттанғанын шынайы баяндайды.

### **5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру.**

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Білім алушылар өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Окушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Окушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 15мин.

### **5.6. Әдебиет.**

1.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014

2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;

3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;

4.Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 55 беті

5. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;

6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011

7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

#### Қосымша әдебиеттер:

1. Садыраев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.

2. Сәтбаева ІІ, ІІ. Құдайбердиев – Алматы 1990

3. Сыздыкова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990

4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .

5. 3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002

6. Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.

7. Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000

8. І.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.

9. Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.

10. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 10 мин.

#### 5.7. Бақылау. Ауызша сұрақтар.

*Мәтін бойынша мына сұрақтарға жауап беріңіз.*

. 1. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі себебі?

2. 1916 жылғы көтерілістің сипаты мен шығу себептері.

3. 1916 жылғы көтерілістің басталуына қанда оқиға түрткі болды?

4. Көтеріліске байланысты туған әдебиеттің негзі мазмұны мен тақырыптары.

### № 18 сабак

**5.1. Тақырып:** Иса Дәүкебаев «Бекболат» поэмасы. №1 Аралық бақылау жұмысы

**Сағат саны:** 2 сағ.

90 мин.

**5.2. Мақсаты:** оқушыларға 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың отаршылдыққа, империализмге қарсы сипатын түсіндіріп, қозғалыстың ең ірі орталықтарындағы барысын, басшыларын, женілу себептерін және тарихи маңызын ұғындыру.

**5.3. Оқу мақсаттары:** ұлт-азаттық көтеріліс туралы қосымша ізденіс жұмыстары арқылы жүйелеп бекіту және тарихы мәліметтерді пайдалана отырып менгерту; сабакқа деген белсенділігін, қызығушылығын арттырып, ойлау, сейлеу, ізденімпаздық қасиеттерін арттыру. Қазақ халқының әдебиеті мен тарихын оқып білуге үйрету.

**Үйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

#### 5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Иса Дәүкебаев өмірбаяны мен шығармашылығы.  
2. «Бекболат» поэмасы – 1916 жылғы көтеріліс туғызған әдебиеттің ішіндегі ең көрнектілерінің бірі.

3. Поэманың оқиғасы бай, құрылышы қызықты: оқиғаның даму сатылары барған сайын шиеленісіп, қайғылы, қатерлі жағдайлар мен ерлік қатарласа суреттелініп отырады

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 20 мин.

Иса Дәүкебаевтің «Бекболат» поэмасы 1916 жылғы көтерілісеке байланысты туған эпикалық туынды. Дастанда негізінен женіліс тапқаннан кейінгі оқиға сөз болады. Көтеріліс басшысы - Бекболат батырдың қолға түсіп, дарға асылуы, оның қайтпас қайсаңы мен жау алдында тізе бүкпеген ерлігі жырланады. Дастанның басты кейіпкері – Бекболат Әшекеев. Ол Жайылмас болысына қарасты 4-ауылдың қазағы, 1843 жылы туған. 1916 жылғы

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 56 беті

көтеріліске оның інісі Сарманбет Әшекеев, баласы Әбділда Бекболатовтарда белесене қатысып басшылық еткен. Бекболат Әшекеев түрмеге поэмада айтылатын 70 кісімен бірге тұсken. Оның інісі "Бунттың басшысы есебінде" Вырный қаласының отряд сотында кезектен тыс қаралып, оған 1916 жылғы 7 қыркүйек күні дарға ату жазасына кескен үкім шығарған. Тарихи деректерге қарағанда Бекболат басқарған көтерілісшілер тобы подполковник Базилевский мен Малышев бастаған жазалаушылар отрядпен 2 рет кездесіп арада қырғын шайқас болған. Жігіттер қалың жылқыны жауға қарсы айдал салып, отрядттың аз ғана солдаттарын қоршап алып жоқ қылуға әрекеттенген. Бекболат бір топ жолдастарымен Қарғалы болысының көтерілісшіне қосылмақшы болып кейін шегінеді. Осында қолайлы кезеңді қолданған қарсыластары Күнтубаев пен Сүлейменов өздеріне тілекtes жұз қаралы жігітпен Бекболаттың соңына түседі. Ақыры опасыздық жасап, алдаң батырды жолдастарымен түгел қолға түсіреді де 16 тамыз күні Бекболатты Шамалғанды Балғабек Төлегеновтың үйіне «Келісім үшін шақырылған» жазалаушы отрядқа тапсырылады. «Бекболат» поэмасы «1916 жыл» атты жинақта тұңғыш рет жарияланып, содан бері қарай түрліше оқулықтар мен хрестоматияларда басылып келеді. 1936 жылғы нұсқасымен 1960 жылғы «Дастандар» атты жинаққа кірген. Бекболат поэмасының композициясын ақын күнделік іспетті етіп құрып, оның белгілі бір зандылықпен өрбітеді. Автордың идеялық нысаны-әділеттілік пен азаттық үшін күрескен қалың бұқараның көтеріліс, жеңіліс тапқаннан кейінгі аянышты халімен көтерген ауыр азабымен, сол қүрестің туын ұстап халыққа басшы болған Бекболаттың ерлікпен қаза табуын баса жырлау екені осы тараудың өзінен-ақ көрініп тұр. Қазақ даласын дүбірлеткен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты өмірге келген халық поэзиясына жан-жақты талдау жасаған ғалым-әдебиетшілерді «Бекболат» поэмасы өзінің көркемдік шешімін тапқан жоғары идеясымен, тартымды сюжет, композициялық тіл ерекшеліктерінің тұтастырымымен дараланып көзге тұсуімен өте ұғымды көрініп, қазақ әдебиетінде алатын орны өте зор, деп жазады. Алайда Бекболат поэмасына байланысты бір мәселе бар. Бұл - «Дастан авторы кім?» деген сұрақ төңірегінде әнгіме. Зерттеушілердің көбі Иса Дәүкебаев авторлығына күмән келтіреді. Өйткені Жетісү өнірінде жалпы қазақ сахнасына Иса Дәүкебаев ат еш жерде кездеспейді.

## 5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: ауызша баяндау, талдау

### Аралық бақылау жұмысы:

- 1.XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті.
2. Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы
3. «Қырық мысал» жинағы
- 4.Дулат Бабатайұлы өмірі мен шығармашылығы.
5. «Абай жолы» романындағы Абай мен балалары арасындағы қарым қатынас.
6. «Бақытсыз Жамал» романы
7. Мұрат Мөнкеұлы. «Үш қиян», «Сарыарқа», «Шәлгез». «Қазтуған», «Қарасай-Қази» дастаны.
- 8.Шоқан Уәлиханов. «Істықкөл күнделігі», «Жонғар очерктері», «Қазақ халық поэзиясының түрлері».
- 9.Ыбырай Алтынсарин. «Залым төреге», «Азған елдің хандары», «Азған елдің билері», «Жаз», «Өзен» өлеңдері. «Атымтай Жомарт», «Мейірімді бала» әнгімелері.
- 10.Абай Құнанбаев. «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат». «Сегіз аяқ», «Мәз болады болысың» өлеңдері. «Масғұт» дастаны. Қара сөздері: «Бірінші сөз», «Алтыншы сөз», «Он сегізінші сөз».
- 11.Шәкірім Құдайбердіұлы. «Жастарға», «Дүние мен өмір», «Ақындарға», «Кәрілік туралы». Еңлік-Кебек» дастаны.
- 12.Шәңгерей Бекеев. «Бұл дүние пәнилілігін етеді екен», «Қайран жерім», «Ғылым», «Қосаяқ», «Құрық атып құлия» өлеңдері. «Қашқын» поэмасы.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 57 беті

Мәшіүр Жұсіп Көпейұлы. «Хал - ахуал», «Шайтанның саудасы», «Сарыарқа кіндігі», «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз». «Гүлшат-Шеризат» дастаны.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут

Сабакты қорытындылау: 10 мин.

## 5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Тұрынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014
- 2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;
- 3.Тұрынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;
- 4.Тұрынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (К-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
- 5.Тұрынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

## Қосымша әдебиеттер:

- 1.Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
- 2.Сәтбаева Ш, Ш.Құдайбердиев – Алматы 1990
- 3.Сыздықова Р. А. Байтұрынов Алматы 1990
- 4.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
- 5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
- 6.Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
- 7.Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
- 8.Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
- 9.Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.
- 10.Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

## 5.7. Бақылау. Пікір-талаас

«Тұған жердей жер болmas, тұған елдей ел болmas! » тақырыбында сөз қозғап, шетелге кетіп жатқан білімді жастардың әрекеті дұрыс –бұрыстығы туралы пікір таластыру.

## № 19 сабак

### 5.1. Тақырып: Жамбыл Жабаев «Зілді бұйрық».

Сағат саны: 3 сағ.

135 мин.

### 5.2. Мақсаты: оқушыларға ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы түсінік беру.

Өлендерінің мазмұны мен идеясын ашу, көркем ойлау, жүйелі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру

**5.3. Оқу міндеттері:** туған жерін қадірлеу, халқына қызмет ету, ел тірлігі, ел бірлігі, үрпақ келешегі, адам жанының рухани тазалығы жайлы ойларын жүйелей отырып, адамгершілік пен адамдық қасиетке тәрбиелеу, кәсіптік бағдар беру.

**Ұйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

### 4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 58 беті

1. Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат.
2. «Зілді бұйрық». «Ленинградтық өренім» өлеңінің шығу тарихы.
3. Жамбылдың жыршылдық өнері.
4. Айтыстары.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 40мин.

Тұған жері – Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының етегі. Топырақ бұйырған жері – Алматы облысының Ұзынағаш елді мекені. Шыққан тегі – Ұлы жүз Шапырашты тайпасының ішіндегі Екей руы. Осындағы өнер бесігінде тербеліп өскен Жамбылдың ақындық дарыны жас кезінен ақ таныла бастаған . Ол бозбала шағының өзінде ақ өскен ортасын ән мен жырға кенелтіп, тіптен көршілес қырғыз еліне де даңқы жайылып улгерген.

Осы кезде өрттей жалындал, жұрт аузына іліккен жас Жамбыл Жетісудың дүлдүл ақыны Сүйінбайға жолығып, оның арқалы өнеріне құныға ден қойып батасын алады. Жамбыл енді ақындық суырып-салмалық өнеріне коса «Көргұлы», «Шаһмардан» сияқты жыр-дастандарды апталап-айлап жырлап, ақындық жыраулық өнерін соны қырымен таныта бастайды.

Жамбыл енді ақындық суырыпсалмалық өнеріне коса «Көргұлы», «Шаһмардан» сияқты жыр-дастандарды апталап-айлап жырлап, ақындық жыраулық өнерін соны қырымен таныта бастайды. Жамбыл өзінің «Шағым», «Жылқышы», «Шәбденге», «Сәт сайланарда», «Өстепкеде», «Патша әмәрә тарылды», «Зілді бұйрық» сияқты өлендерінде елдің әлеуметтік саяси өмірін ақындық шыншылдықпен азаматтық жауапкершілікпен бедерлейді.

«Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» - деген еді Сәкен Сейфуллин. 1945 жылы 22 маусымда Жамбыл дүние салды.

1946 жылы акпанды Қазақстан жүртшылығы даңқты ақынның жүз жылдығын салтанатпен атап өтті. Мерейтойна қарай ақынның таңдамалы шығармаларының академиялық жинағы орыс және қазақ тілінде басылып шықты. Жамбыл Жабаев Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

**Жамбыл Жабаевтың «Зілді бұйрық» өлеңін талдау** Өлең тұтастай оқиға желісіне құрылған және тарихи деректермен берілген, осыған қарап нақты тарихи оқиғаның берілгендейгін анғару қыын емес. Бұл 1916 жылғы сар даланы сабылтқан сұрапыл жарлық болатын. Өлең мазмұнынан халықтың толқынысты хал-жағдайын, күпті көңіл-күйін нақты көруге болады. Жамбыл Жабаевтың өзі де бұл тарихи оқиғаның саналы күәгері болғандықтан, қалтқысыз жеткізе білген.

«Отыз бір – он тоғызды алад» деген

Суық хабар халықты бұлқындырды.

Жылады сорлы халық малын айтып,

«Кеткен соң қолдан шығып келмес қайтып», -

Дейді де, енірейді, егіледі

Қайғының күндіз-түні күйін тартып. – Міне, қарапайым халықтың күйі осы. Халық нақақтан баз кешуде. Ал басы бір, намысы нар азамат ерлер бір тудың астына ат байлай бастады. Алайда, атпалдай азаматтарды әскерге былай бір алып кетсе, арынды ерлерді тұтқынға салып, дарға асып жатты. Бұл қайғылы да қасіретті көрініс Жамбыл жыраудың жанын жарапап, боздақ күйін базыната берді. Жыраудың ендігі күйі – халықтың басына үйірлген қара бұлтты жырмен сейілту. Боздақтарынан айырылған халықтың есенгіреген ымырт шағы шығармада жақсы көрсетілген. Тарихи тұтастықты тендей ұстай отырып халық мақсат-мұратын жырлай білген дала жырауының жыр шумақтары ұлken бір тарихи жырды алып келе алды. Өлең көлемі тарихи жырдың көлем пішіміне еш келмесе

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 59 беті

де сипатталған сюжет пен жеткізілген оқиға сарыны тарихи жырдың күшін танытып тұр.  
Жөнелді абақтығы соры қайнап.

Барады боздақтардың көзі жайнап.  
Қамалды абақтыға қырғыз, қазақ  
Білмеді не боларын сырттағы ел  
Қамалғандарды тірідей тартты азап.

Жырда шытырман оқиғалар да біртінде беріліп отырады. Халықтың жасаған әскери  
қимылдары мен басшы батырлардың ту көтерген ұрыстарынан дерек беріліп,  
сипатталып отырады. Шығарманың бұл ерекшелігі –оқиға мен жыраудың жеткізгісі  
келген идеясының сіңісп кеткендігінен болса керек. Жырау толғап отырған жырдың  
идеялық куаты жыр шумактарының соңында кесіліп түседі: ...

Аттандық ұлығының қонысына  
Елді сорған борсықтай болысына.  
Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып  
Кексеген азаттықтың соғысында.

Азамат ердердің ардалы ісін жырына қосып, қос қолдан жырлай білген жыраудың  
мұраты да ерлердің ісін дәріптеу болатын. Қиямет заманда халқының мұң-қайғысы мен  
намыс арманы үшін жанын қиған Бекболаттай, Ботпайдай ерлердің батырлық болмысын  
келер ұрпаққа ұлғі ету керек болды. Осылайша, қаһармандық жыр туда келді. Азаттықты  
аңсаған халықтың қаһармандық қасиетін танытқан осынау Жамбылдың жыры ұрпақ  
үшін жоғалмас қазына болмақ.

### **5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру**

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа  
қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап  
негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі  
мәселені шығаруы керек.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

**Тапсырма 1.** Жамбылдың жаңа өмірді жырлауы.

Шығармаларындағы халықтар достығы тақырыбы.

Әлеуметтік тақырыбы туралы әңгімеленіздер.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут

**Сабакты қорытындылау:** 15 мин.

### **5.6. Әдебиет.**

Негізгі:

1. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014;
  - 2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;
  - 3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;
  - 4.Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Э.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (К-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
  - 5.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
  6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
  7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019
- Косымша әдебиеттер:
- 1.Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
  - 2.Сәтбаева Ш, Ш.Құдайбердиев – Алматы 1990
  - 3.Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
  - 4.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
  - 5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 60 беті

- 6.Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
  - 7.Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
  - 8.Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
  - 9.Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыры. Алматы 2004-2086.
  - 10.Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010
- Үйге тапсырма беру:** 10 мин.

**5.7. Бақылау:**

1. Ақын өмірі мен қызметі.
2. Шығармаларындағы халықтар достығы тақырыбы.
3. Дастандары.

**№ 20 сабак**

**5.1. Тақырып:** Кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетіне жалпы шолу. Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романы. «Шернияз» пьесасы.

**Сағат саны:** 2 сағ. 90 мин.

**5.2. Мақсаты:** оқушыларға кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиеті туралы таныстыру, оның ішінде 1930-1960 жылдардағы әдебиет жайлы XX ғасырдағы әлеуметтік жағдай туралы мәлімет беру; тақырып бойынша білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, тиянақтау. Пәнге қызығушылығын арттыру.

**5.3. Оқу мақсаттары:** қазақ әдебиетін біліп, құрметтеуге, отансуыгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу, электрондық оқулық арқылы ойлау, есте сақтау, көрү қабілеттерін дамыту; ой түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру; мәтінді қиналмай әңгімелегу, ауызекі сөйлеуге дағылданыру, ой-өрісін кеңейту.

**Үйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15мин.

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1. 1920-1950 жылдардағы қазақ әдебиеті. Кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетіне жалпы шолу. Жүсіпбек Аймауытов. «Ақбілек» романы, «Шернияз» пьесасы.
2. «Өмір жолы, шығармашылық мұрасы, қоғамдық-әлеуметтік қызметі. Жүсіпбек Аймауытов-дарынды жазушы, драматург, ғалым, аудармашы, көсемсөз шебері. «Ақбілек» романы.

3. Романның тақырыбы –XX ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік жағдай және өмір шындығы. Адамдар тағдырындағы өзгерістерді берудегі жазушының суреткерлік шеберлігі.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 20 мин.

Әдебиетіміздегі XX ғасырдағы әлеуметтік қозғалыстар, саяси төнкерістер қолмақол әсер етті. Көптеген идеялық ағымдары бар, жанрлары жан-жақты тармақталған бастаған әдебиеттің өкілдері, түрлі саяси бағдардағы перзенттері ұлы өзгерісті әртүрлі қабылдады.

Қазақ әдебиеті алғашқы кезеңде төнкерісшіл поэзиядан, жаңа әдебиет дәстүрлерінен көп сабак алды, классикалық дәстүр мен фольклор тағылымы қатар жүрді. С.Сейфуллин, Б.Майлин, И.Жансүгіров, С.Мұқанов өлендері қазақ кедейлерін қуреске шақырды, төнкерісті жырлады.

1920 жылы Қазақ Автономиялық республикасының құрылуы ұлттық мәдениеттің, өнердің, әдебиеттің қанат жайып өркендеуіне көп жағдай туғызды. Қаулап шыға бастаған «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа әдебиет», «Қазақ мұны», «Мұғалім» газет-журналдар халықтың көкіреккөзін ояты, ойна ой қосты, білім берді, әлеуметтік мәселелерді түсіндірді, сауатсыздықты жойды, әдеби құштерді топтастырды.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 61 беті

Қазақ тілінде шығатын газет-журналдар, кітаптар саны күрт өсті. Мәдениет ошақтары үйымдастырылып, ана тілінде оқытатын мектептердің жағдайы жақсарды. Мерзімді баспасөзде халық ой-арманын бейнелейтін шығармалар жарияланды.

Революцияға үндеу, бостандықты насихаттау, жаңа өмір құруға белсене араласып, ескі салт-санаға балта шабу, қазақ әйелдерінің тенденция, олардың қоғамдық істерге батыл араласуы, әлеуметтік тартыс-сол кездегі қазақ әдебиеті көтерген негізгі тақырыптар, идеялық мұраттар.

20-жылдардың екінші жартысында қазақ әдебиетіне жас, дарынды қаламгерлердің үлкен толқыны қосылып, өнер кадрлары есе түсті. Әдебиеттің әр жанрында И. Байзақов, Ж. Сыздықов, А. Тоқмағамбетов, Ф. Мұсірепов, Ф. Мұстафин, Т. Жароков, Ә. Тәжібаев, Ф. Орманов және т.б. талантты жастар көрініп, сәтті, туындыларымен қуанты.

20-жылдарындағы қазақ әдебиеті сан алуан тақырыптарды қамтуымен қатар көркемдік-эстетикалық, жанрлық-стильдік ізденістерге барды. Алғашқы романдар, драмалар, трагедиялар, сын кітаптары жазылды. Поэзияда жаңа жанрлық формалар туды. Әділет нормалары бұзыла бастаған осы тұста бірқыдыру қоғам қайраткерлері, талантты жазушылар жапа шеккенін, қудалағанын айтуда керек. 1929 жылы басталған құғын-сүргін А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Қ. Кеменгеров, Х. Досмұхамедов сынды жазушыларды абақтыға тықты. Әдеби, рухани дамуға орасан зор кесел келді.

Қазақ кеңес әдебиетінің көрнекті өкілдері С. Сейфуллин, Б. Майлін, И. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ф. Мұсірепов, Ф. Мұстафин т.б. туған әдебиетті жаңа туындыларымен байытты. Әдебиеттің сол кездегі жас өкілдері Ж. Сыздықов, А. Тоқмағамбетов, Ә. Тұрманжанов, Т. Жароков, М. Дәүлетбаев, Қ. Әбдіқадыров, Ә. Тәжібаев, Ф. Орманов, сияқты ақын-жазушылар да өз үлестерін қости. Осы кезеңде қазақ әдебиеті Д. Әбілев, Ә. Әбішев, Ф. Сланов, С. Ерубаев, Қ. Аманжолов, Ж. Сайн, Ә. Сәрсенбаев, Қ. Сатыбалдин, Қ. Бекхожин, М. Хакімжанова, А. Жұмағалиев, С. Омаров секілді жаңа есімдермен толыға түсті.

Жұсіпбек Аймауытов 1889 жылы Семей губерниясы, Павлодар уезі, Қызылтау болысының №1 ауылында кедей шаруаның отбасында дүниеге келді.

Ғұмыры алты-жеті қарадан артық мал бітіп көрмеген әкесі Аймауыт балаларын (Ақат, Жұсіпбек, Жақыпбек) қаршадайынан еңбекке баулиды. Ауылдағы етікші, ағашшы, сыршыларға жіберіп, қол өнеріне үйретеді. Жалпы бұл отбасы қолы іс білмейтін адам болмаған. Әкесі үй іші жабдығынан сынған-бұлінген нәрсөні өзі бүтіндеп тастайды екен. Шешесі бүкіл бір ауылдың киімін тігетін іскер болған. Алаша тоқу, сырмақ оюлау өнері де осы босағадан табылатын. Табиғат жарықтық бір берсе, үйіп-төгеді ғой. Жұсіпбектің шешесі Бәтіма, апайлары жанынан өлең шығарып, ауыл арасы айтысқа да түседі екен.

Жұсіпбек жастайынан зерек өсken. Әуелі ауыл молдасынан хат танып, 1907 жылы Баянауыл мектебіне түседі.

Бұдан соң Павлодардағы екі класты орыс-қазақ училишесін (төрт жылдық) бітіреді. Қыс оқып, жаз шыға елден күн көріс тауып, етік тігіп дегендей, тыным таппайды. Сол еті тірлігін арқасында 1914 жылы Семейдің мұғалімдер әзірлейтін семинариясына түсіп, оны 1919 жылы тәмәмдайды.

Осы жылдары ол орыс және дүние жүзі әдебиеті классикасымен танысуын бастайды. «Смағұлға жауап» деген анкета есебіндегі материалда Аймауытов өзіне шетел жазушыларынан: Монассан, Мольер. Виктор Гюго, Шекспир. Джек Лондон, Рабинранат Тагор, Стефан Цвейг, орыс суреткерлерінен: Гоголь, Пушкин. Толстой, Максим Горький, Короленко, Чехов қатты ұнағанын айтқан.

Қазақ әдебиетінде реалистік роман принциптерін алғаш менгерген қаламгерлердің бірі – Ж.Аймауытов. Ол стиль, композиция тәрізді көркемдік құралдарға ерекше көніл

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 62 беті

бөлді. Әсіресе халық тілінің сан алуан байлығын еркін қолдана отырып, Европа, орыс әдебиетіндегі бейне жасау, мінездерді даралау, сезім ой толғауларын көрсету дәстүрлерін еркін пайдаланады. Ж.Аймауытовтың талант мүмкіндіктері қабілет ерекшеліктері айқын көрінген.

### **«Ақбілек» романы.**

Ақбілек романындағы барлық оқиғалар тікелей өмірден алынған. Ақбілек романы - қазақ ауылындағы дүрбелен жылдар шындығын, олардың дәстүрі мен тұрмысын, жекелеген адамдардың іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарын, әсіресе негізгі тұлға - Ақбілектің қызығынан қындығы мол өмір жолдары жайында мұн мен шер де, сыр да толғайтын туынды. Бір ғана қазақ қызының күрделі тағдыры негізінде әлеуметтік төңкерістер тұсындағы қазақ ауылының өзгеру процесін суреттеген алғашқы қазақ романдарының бірі. Сонымен бірге халқымыздың өткен өмір көріністерін, адамдар арасындағы көзқарастар қақтығысын, ел мен жер, келешек күндерге деген наным, сенімдері серпінді, шабытты, көркем кестеленеді. Кейіпкерлер келбеті, іс-қимылдары да нағымды жеткізіледі. Қазақ төңкерісінен кейінгі қазақ ауылының өмір-тірліктері, ақ гвардияшылар әрекеті кеңінен көрініс береді. Романда көтерілген басты мәселе - қазақ қызының тағдыры, әйел теңсіздігі. «Ақбілек» романы - бір ғана қазақ қызының күрделі тағдыры негізінде әлеуметтік төңкерістер тұсындағы қазақ ауылының өзгеру процесін суреттеген алғашқы қазақ романдарының бірі. Шығарманың бас кейіпкері Ақбілек өшіккен адамдардың кесірінен ақ әскерлердің тұтқынына түсіп, неше қылыш қорлық көреді. Өз елінде де алуан қындықтарға жолынады. Кейін төңкеріс аяқталған соң қалаға кетіп, оқу оқып, өз бақытын табады. Ақбілектің басынан өтетін осы оқиғалар арқылы жазушы сол бір қыын-қыстау кезеңдегі қазақ ауылдарындағы өмір шындығын, адамдардың түрлі тағдырын кеңінен бейнелейді.

### **Шығарманың басты кейіпкерлері**

**Ақбілек** - құрбыларының алды, тендікке ұмтылған, азаттықты аңсаған, зорлыққа мойымаған, өмірінен тағылым-ғибрат алған, жан-жүрегі таза, махаббат, мейірімі мол, өжет қыр қызы. Ақбілек содырлардың ортасына түсіп, қарамұртқа ермек болды. Соған қарамастан өмірге деген құштарлық сезімінен айырмады.

**Бекболат** - қара торы, орта бойлы, қошқар тұмсық, тұлқі мұрт, шұңғірек көз жігіт. Жасы жиырма жетіде. Басында барқытпен тыстаған қара елтірі жекей тымақ, үстінде орысшалау пенжек, шалбар. Сұр шапан, сар сафиянға қара ала жапқан құміс белбеу, аяғында көнелеу қысық табаны бар. Белбеуіндегі жарғақ далбағайы, шашақты сары қынды мүйіз сапты өткір кездігі, алдыңғы қапталдағы дабыл байлайтын ұзын қайыс шеттегі- оның өнерсіз жігіт еместігіме айғақ болады.

**Мұқаш** - таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ құлақтау, жарбақтау, кірпі шаш, қырыс мандай, қара сұр жігіт. Жасы 35-те. Болыстыққа сайланбай қалған.

**Офицер**- романың басты тұлғасын жәбірлеп, арын аяққа таптаған жиіркенішті жан ғана емес, империялық саясаттың ғасырлар бойы халқымызды билеп, басып-жанышып келген көрінісі ретінде де есте қалады.

**Үркія** - Ақбілектің жанашыр жеңгесі. Ақбілектің қалаға келіп, козін ашуына бірден бір себепкөр. Сонымен бірге баласы Ескендірді өсіруіне де көп көмектеседі.

**Балташ** - Ақбілектің жанын түсінген жігіт. Ақбілектің басынан өткен тағдырға қарамай, оған ғашық болады. Балташтың бұл қасиетін бағалап, Ақбілек оған күйеуге шығады.

Жүсіпбектің ең үздік пьесасының бірі – «Шернияз» драмасы. Бұл шығармада, негізінен, алғашқы үлттық зиялды өкілдерінің екі үдай жолға түсі, екі қыырға тартуы, екі түрлі сенім-нағым қақтығысы бейнеленеді. «Шернияз» пьесасы жылы жазылған.

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 63 беті

Пъесаны автор:

«Шернияздай шері бар,  
Шерлі қалған елі бар,  
Көзінде ақтан селі бар,  
Аузында қалған желі бар,  
Ел ниязы – Шернияз...-

деп, өртей лаулап келе жатқанда ажалоғына тап болып, арманына жете алмай жастай кеткен Арқаның аяулы ақыны Сұлтанмахмут Торайғырыұлының аруағына арнаймын», - деген.

Шернияз бейнесі арқылы автор өз дәүірінің алдыңғы қатарлы азаматын, заманның қат-қабат оқиғалары мен шытырман шындығын суреттейді. Ел ішіндегі алауыздық, рулық тартыс Шерниязды түңілтеді. Шернияз басынан кешкен бұл хал дәүірдің маңызды броблемаларының бірі еді. Қазақ ауылының қайшылықтары Шерниязды азапты қүйге түсіреді.

### **5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері :**шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Эр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

«Бермесен, бермей-ақ қой баспананды,  
Сонда да тастамаймын астанамды.  
Өлеңнің отын жағып жылдытамын,  
Өзімді, әйелімді,  
жас баламды», — деп жырлаған  
Қасым Аманжоловтың өлең жолдарын талдау.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10минут.

**Сабакты қорытындылау:** 10 мин.

### **5.6. Әдебиет.**

Негізгі:

- 1.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014
- 2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;
- 3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;
- 4.Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
- 5.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

### **Қосымша әдебиеттер:**

- 1.Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
- 2.Сәтбаева Ш, Ш.Құдайбердиев – Алматы 1990
- 3.Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
- 4.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
- 5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
- 6.Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
- 7.Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
- 8.Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 64 беті

9.Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.

10.Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 5 мин.

### **5.7. Бақылау:** презентация

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қазақстан әдебиетшілерінің құрылтайы қашан өтті?
2. Халық поэзиясының көрнекті өкілі Ж.Жабаевқа презентация дайындау.
3. Жұсіпбек Аймауытовтың өмірі жайлы әңгімелендер.
4. «Қартқожа» романында жаңа заман құрескерінің бейнесі қалай берілген?
5. Жұсіпбек Аймауытовтың драма жанрына қосқан үлесіне тоқталындар.
6. Қаламгердің аудармашылық шеберлігі туралы не білесіндер?
7. «Шернияз» пьесасы қашан жазылған және кімге арналған?

### **№ 21 сабак**

**5.1. Тақырып:** Мағжан Жұмабаев «Тұған жерім - Сасыққөл», «Жұлдызды жүзік, айды алқа қып берейін», «Шолпы», «Сырдағы Алашқа» өлеңдері, «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы» поэмалары.

**Сағат саны:** 3 сағ. 135 мин.

**5.2. Мақсаты:** М.Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығымен таныстыру, «Сүйемін» өлеңін

мәнерлестіп оқытып, мазмұнына үңілдіру, өлеңді талдау.

**5.3. Оқу мақсаттары:** Әр оқушының ой- қиялыша ерік бере отырып, өзінше ой түнгіе баулу, шығармашылыққа, мәнерлеп оқуға дағдыландыру, ойлау әрекеттерін қозғалысқа түсіру, ойлау дағдыларын дамыту. Оқушының дүниетанымын, сөздік қорын, мәнерлеп оқи білуін дамыту.

**Үйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

### **5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1. Өмірінен мәлімет

2. М.Жұмабаевтың тұнғыш жинағы.

3. Мағжан өлеңдеріндегі тақырыптық, идеялық, стильдік өрекшеліктері.

4. Мағжан поэмаларындағы фольклорлық мотив, тарихи сипат философиялық түйін, образдар жүйесі.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 40 мин.

Кеңес өкіметінің жетпіс жылдық билігі тұсында қазақ әдебиетінің тарихынан жазықсыз сызылып тасталған тұлғалардың бірі – Мағжан Жұмабаев. Талантты ақынның есімі де, маржан жырлары да бұл кезеңде идеологиялық қудалауға ұшырады. Азат өмірді, халқының тәуелсіз ел болған қалпын көруге ұмтылған, сол жолда білегіндегі қүшімен де, жүргегіндегі жырымен де күресіп өткен қайраткер ақынның тағдыры аса күрделі белестерді бастан кешірді.

Мағжан Жұмабаев 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысының бүгінде өз есімімен аталатын ауылында орташа ғана дәулеті бар отбасында дүниеге келеді. Әуелі ауыл молдасынаң, содан соң ауылдағы мұғалімнен оқып, сауатын ашады. 1905-1910 жылдары Қызылжар (Петропавл) қаласындағы медреседе оқиды. Медреседе бірқатар шығыс тілдерінен дәріс алады, шығыс ақындарының жырларымен танысады. Өзі де әдебиетпен шығылданады. 1910 жылдың күзінде Уфаға келіп, осындағы Ғалия медресесіне түсіп білімін молайтады. 1913-1917 жылдары Омбыдағы мұғалімдер семинариясында оқиды. Омбыдан елге қайтып келіп, айналасында болып жатқан қоғамдық жұмыстарға

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 65 беті

араласады. 1917 жылдың көктемінде Ақмола облыстық халық ағарту бөліміне қызметке кіреді. Алаш партиясының жұмысына араласады. Ақмола губерниялық "Бостандық туы" газетінде жұмыс істейді. 1922 жылы Ташкентке келіп, сондағы "Ақ жол" газетінің редакциясына кіреді. 1923-1926 жылдары Мәскеудегі әдебиет-көркеменер институтында оқиды. 1927 жылы елге оралып, оқытушылықпен айналысады. Бірақ көп ұзамай Мәскеуде оқып жүргенде "Алқа" ұйымын ұйымдастырғаны үшін тұтқындалып, он жылға сottaлады. 1936 жылы тұтқыннан босап, еңбек жолына қайта оралысымен, 1937 жылдың аяғында ұсталып, 1938 жылы "халық жауы" деген жаламен ату жазасына кесіледі.

**Шығармашылық мұрасы.** Мағжанның шығармашылық жолы Қызылжар қаласында оқып жүргенде басталады. Бойында әдебиетке деген құштарлықтың ұшқыны бар жас Мағжанның жүргегіне 1909 жылы Петербург қаласында жарық көрген Абайдың тұнғыш өлеңдер жинағы орасан зор әсерін тигізді. Абайдың жыры талапкер ақын жүргегіндегі ұшқынға алға береді Алғашқы жырларын жазады. Татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтің көмегімен 1912 жылы Қазан қаласында Мағжанның "Шолпан" деп аталатын тұнғыш өлеңдер жинағы жарық көреді. 1922 жылы Қазанда ақынның таңдамалы өлеңдер жинағы кітап болып шығады. Мағжан – лирикалық өлеңдермен қатар бірнеше көркем поэмалар жазған ақын. Атап айтқанда, "Қойлыбайдың қобызы", "Батыр Баян", "Қорқыт", т.б. поэмалары ақын талантының ерекше қырын танытады. Әдеби шығармаларымен бірге Мағжанның қаламынан туған ғылыми еңбектер, оку құралдары да кезінде халқының қызметіне жарап, елеулі мәнге ие болды. Жастарды оку, білімге шақырған қаламгер педагогика саласында бірқатар еңбек жазды. 1923 жылы Ташкентте "Педагогика" атты кітап шығарды. Сонымен бірге 1928 жылы Мәскеуде төменгі сиынп шәқірттеріне арналған "Сауатты бол" атты оқулығы жарық көреді. 1938 жылы жазықсыз жазаның құрбаны болғаннан кейін Мағжан шығармашылығын оқуға, жариялауга тыйым салынды. Тек еліміз тәуелсіздік алар тұстағы арнайы үкімет шешімі арқылы ғана ақынның есімі мен шығармашылық мұрасы толық ақталды. 1989 жылы ақын шығармаларының бір томдығы, 1995 жылы үш томдық жинағы жарық көрді.

Мағжан Жұмабаевтың «Құміс нұрлы ай», «Жұлдызды жүзік, айда алқа қып берейін», «Сырдағы Алашқа» өлеңдеріне талдау. Мағжан жырларының өзге ақындардан ерекшелігі – нәзіктігі. Мұхтар Әуезов «Мағжан - қультурасы зор ақын» деп бекер айтпаса керек. Әр сөздің нәрін танып, келесі сөзben байланыстыруы сөз мәдениетін қадірлейтінін көрсетеді. Оқырманына лириканың нәзік гүлін ұсынып, жырдан бал татырады. Сүйгеніне жұлдыздан жүзік, айдан алқа жасап сыйлайтын ақынның қиялында шек жоқ. Сөз болайын деп отырған заттың не құбылыстың қандай екенін көрсету үшін түрлі құбылыстармен салыстырып теңейді.

Келіші, көзім, күн бетінді көрейін,

Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін.

Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,

Жұлдызды — жүзік, Айды алқа ғып берейін.

Сөзің — сиқыр, есті тұман басқандай,

Eccis жүрек дария болып тасқандай.

Күлкің, Күнім, күндей күміс табаққа

Мінсіз сұлу меруертті шашқандай.

Жырларыммен кестелейін орамал,

Бұлдіргендей бөбектайым бетің бал.

Балға талай шыбын қонуға ұмтылар,

Ұмтылғанда орамалмен қағып қал.

Сүйгенін жұлдызға, бетін күнге, сөзің сиқырға, шашын толқынға, бетін балға балаған ақынның ойы ерекше. Фашығының күлкісі «күндей күміс табаққа меруерт шашқандай» мінсіз сұлу екенін, беті бұлдірген секілді екенін теңеумен береді. Өлеңде

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 66 беті

сағыныш бар. Оны «Жет, жұлдызыым» деуінен танимыз. Сағыныштан алып үшқан жүрегі дария секілді тасиды, сүйгенінің толқын шашы ақынның ұлы зарына кеп соғады. Оған аринаған жырын жүргегіндегі қанына қаламын батырып жазып береді. Оған жырдан кесте тоқып береді. Еркетайы жанында болса, сәулелерден шоқ жасап береді. Көз жасынан меруерт тізіп сыйлайды. Өлеңнің тұтастығы сақталған, егер, өлеңді керісінше, сонынан басына дейін оқысақ, өлеңнің мағынасы да, құрылышы да сақталады. Бұл – ақынның шеберлігі.

### **Сырдағы Алашқа**

Атаң отқа табынған,  
Өзің бірге бағынған.  
Тәңірің - оттан боп үміт,  
Атаң отқа табынған.  
Жан ба еді ол жауға жалынған?!

Сыр бола ма жыр мен от?  
От дегенің - аспан ғой,  
Аспан жерді басқан ғой...  
Төменге алып төнген ол.  
Бір дегенің - жер ғой ол,  
Жер дегенің - көр ғой ол,  
Көрді сүйген, өлген ол.  
Атаң отқа май салған,  
Жан ба еді жыннан тайсалған?  
Жаһұт жапқан ажыдан.  
Жанын жасып, кірлекен  
Отпен аспанға өрлеген  
Алады екен аластап...  
Салық салған Сырдағы ел,  
Көрге мұлғіп болма қол,  
Атаң сүйген отты сүй!  
Шаппағанға шаң жұқпас,  
Шаппағанға қан жұқпас.  
Күйдірем десен, өзің күй.  
Отқа табын, тәңір – от ,  
Оттан басқа тәңірі жоқ.  
Сөзім - Сырдағы алашқа:  
Жаның жасып, кірлекен  
Отпен аспанға өрлеген  
Жаныңды, алаш, аласта...

Бұл өлеңнің үйқастары, буындары жыраулық сарынға ұқсайды. «Сырдағы Алашқа» деп, барлық қазақ ұлтына жар салады. Отты киелі деп санаған ата-бабамыздың нанымын ұстана отырып, жасып, кірліген жанын отпен «Аласта!» дейді. Қазақтың қайсар рухын «Жан ба еді ол жауға жалынған?!», «Жан ба еді жыннан тайсалған?» деп көрсетеді. Сол кездегі қазақ ұлтының басына түскен небір қыын жағдайлардан арылыу үшін жанын отпен аластап, «ада болыңдар» деген ой тастайды. Сырттай бір оқысаңыз, өлеңде агрессия бар, налу бар, ашу бар. Жырмен өрнектелген үндеу де жоқ емес. Мағжанның романтикалық жырларынан бұл өлеңнің бітімі бөлек. Өйткені, өлеңде пафос бар. Мына өлеңнен Мағжанның азаматтық лирикасын тани аласыздар.

**«Қорқыт» поэмасы** «Қорқыт» поэмасы бұрынғы өмір мен өлім тақырыбына жазылғанымен, ақын идеясы ол емес. Поэмада Қорқыттың өлімнен қашып, сонында әр өмірдің соңы өліммен аяқталатынын түсініп, қобызын сарнатып өткені айтылады. «Қазақ

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 67 беті

аңыздарындағы терең философиялық маңызы бар сюжеттің бірі – Қорқыттың өліммен күресуі, оған көп заман жолықпай дауа іздеуі. Қорқыт тіршіліктің тұрақсыз өзгергіш түріне күйзелген. Өліммен күресу сюжеті өсіреле қазақ пен Алтай елінің аңызында өте жоғары сарынмен айтылады»

Омірде жүрген жерін қанды ор ғып,  
Шеше алмай жан жұмбағын шерлі Қорқыт.

Жұбанды қолындағы қобызымен,  
Көрге де қобызымен кірді Қорқыт. Поэмада Қорқыт бейнесі осылай түйінделеді.  
Қиялымен қазақ халқын бостандығынан айырмай, тарихын, мәдениетін, тілін, дінін ұмыттырмайтын, жақсылыққа кенелтетін, «өлтірмейтін» қоғам іздейді, Қорқыттың «мәңгілік ғұмыр іздеуін» шығармасына нысана етіп алуы Мағжан философиясының асқақтығын көрсетеді

“Қойлыбайдың қобызы” поэмасы мистикалық аңыз әңгіме негізінде жазылған. Аңыз бойынша Қойлыбай атты бақсы бір жиында атжарысқа өзінің қобызын қосады. Қобызы бәйгеден бірінші келіп, ел-жүрттты таң-тамаша қылады. Поэмадан халықтың бақсы-балгерлерге деген қарым-қатынасын байқауға болады. Ежелде қазақтар бұндай ерек жандарды ерекше құрметтеп артынан ғажайып аңыз әңгімелерді өрбітіп отырған. Бұл поэма арқылы Мағжан Жұмабаев бақсы-балгерлердің сол қоғамдағы рөлін көрсеткісі келген болуы мүмкін. Халық әрқашан мистикаға сеніп, осы бағытта түрлі аңыз әңгімелер таратып отырған. Бұл аңыздарға халық өздерінің арманын, мақсат-мұратын енгізіп, сол мұраны ұрпақтан ұрпаққа таратып отырды.

### **5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс**

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Студенттер кіші топтарға бөлінеді. «Мен қалай өз мақсатыма жетемін?» тақырыбы бойынша көпшілік алдында сөйлеуге дайындалындар. Оларға талдау жасаңдар. Мәтіннің жетістігі мен кемшилігін дәлелдендер.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут Сабакты қорытындылау: 15 мин.

### **5.6.Әдебиет.**

Негізгі:

- 1.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014
- 2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;
- 3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдістемелік құрал 10-сынып;
- 4.Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Э.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (К-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
- 5.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

### **Косымша әдебиеттер:**

- 1.Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
- 2.Сәтбаева Ш, Ш.Құдайбердиев – Алматы 1990
- 3.Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
- 4.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
- 5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 68 беті

- 6.Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
- 7.Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
- 8.І.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
- 9.Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.
- 10.Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 10 мин.

#### **5.7. Бақылау: Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Мағжанның өмірі мен шығармаларына талдау жасандар.
2. Мағжанның табиғат көріністерін берудегі өзіндік ерекшелігіне тоқталып, осы тақырыптағы лирикаларын атаңдар.
3. Ақынның «Қойлыбайдың қобызы» поэмасы қандай сарынмен жазылған?
4. Ақынның махаббат лирикасына тоқталындар.
5. М. Жұмабаев туралы өздерің қосымша не білесіндер?
6. «Батыр Баян» поэмасы қандай арналармен дамиды?
7. Өздеріңе ұнаган бірнеше өлеңін жатқа айтып беріңдер.

#### **№ 22 сабак**

**5.1. Тақырып:** Сәкен Сейфуллин өлеңдері: «Жайлауға көшу» «Сыр сандық » «Көкшетау», «Аққудың айырылуы» поэмалары.

**Сағат саны:** 2 сағ. 90 мин.

**5.2. Мақсаты:** оқушыларға ақынның өмірі, шығармашылығынан жалпы мәлімет берे отырып, өлеңнің тақырыбын, идеясын ашу. Туған жерінің елжанды азamatы болуга, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

**5.3. Оқы мақсаттары:** Алған білімдерін жадында сақтау, ойлау қабілетін дамыту, тіл шеберлігін, білімге құштарлығын, дүниетанымдық көзқарасын арттыру.

**Үйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

#### **5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1. Өмірі мен шығармашылығы
2. Алғашқы өлеңдер жинағы.
3. С.Сейфуллин төңкерісшіл жазушы, ақын.
- 4.Драматургиялық шығармалары. Поэмалары.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 20 мин.

Сәкен қазақ топырағында туған дарындар арасында өзінің өнерімен де, тұлғасымен де ерекшеленіп тұратын қайраткер. Бір адам басына соншама дарынды үйіп-төгіп бере салған құдайдың құдіретіне шүбесіз бас иесің. Ақын, жазушы, композитор, саясаткер... Таң қалмасқа шараң жоқ. Сейфуллин ең алдымен - ақын. Өзіне тән өлең өрнегін қалыптастырып, поэзиядағы өз орнын ойып тұрып алған – қазақ. Жазушылыққа барғаны сол, XX ғасыр басындағы көп зиялышарымыз өз-өздеріне құрбандық жасаған. Олар ақын болып келіп, қазақ әдебиетіндегі кенжелеп отырған жанр прозаны дамытамыз деп, халқы үшін, халқының болашағы үшін қара сөзге барды. Сәкеннің "Жайлауға көшу" өлеңін оқып отырып ауылға сағынышың оянады. Қазақтың көші көз алдыңа келіп, сол кезде тумағаның үшін бір өкіндіріп өтіп, көз алдыңа сөзбен салынған сурет әкеліп қоя салғандай күй кешесің. Өлеңнің:

Өз-өзімен әлек болар кеп жастар,

Көшке мінген асаулары туласып.

Көш артында қыз-келіншек іркіліп,

Бір жүргүгө біріне-бірі қарасып, – деген жолдарынан жастықтың жалынын аңғарып, көш

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 69 беті

кезіндегі қызықтарға қарық боласың. Шығыс қыздарына тән наздылықты эсем жеткізген. Қыздардың бетіне тіке қарамай, жәй ғана сылтау тауып алғандай, қатар жұру үшін аттарының бастарын іркіп отырғаны, бұл – нағыз қазақ қызына ғана тән қасиет. Осындағы көш үстінде талай қыз жігіттерге ұрлана қарап, талай жігіт ұнатқан ғашығына жүргегін жайып салған. Осы өлеңді оқып отырып, қазақ танымында көш тек бір жерден екінші жерге қоныс аудару ғана емес, бір мейрам екеніне көзің жете түседі.

### «Көкшетау» поэмасы.

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы  
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.  
Жан-жақтан ертелі кеш бұлттар келіп,  
Жүреді біліп кетіп есен-сауын.  
Сексен көл Көкшетаудың саясында.  
Әрқайсы алтын кесе аясында,  
Ауасы дертке дауа, жұпар иісі—  
Кекірек қанша жұтса, тоясың ба?  
Ыңғалған көкке бойлап қарағайы,  
Қасында көк желекті аппақ қайын.  
Жібектей желмен шарпып төңіректі  
Балқытып мыс қылады иіс майы.

Сәкен Сейфуллин – казақ поэзиясындағы көрнекті лирик ақын. Сәкен лирикасы әр алуан тақырыпты қамтиды. Ол өз шығармаларында туған өлкенің бай табиғатын, махаббат сезімін, адамның көңіл күй әсерлерін айнытпай суреттейді. Ақын шығармаларында сан алуан тақырып: балғын балалық шағы, жалынды жастығы, тамсандырған туған өлке сұлұлығы шабыттана жырланады. Сәкен шығармаларының ішінде көркемдігімен, мазмұндық ерекшелігімен халық арасына ең көп тараған шығармаларының бір «Көкшетау» поэмасы.

Қазақ даласының таңғажайып сұлу өлкесі – Көкшетау Сәкен Сейфуллин поэзиясында жан- жақты, айшықты жырланды. Ойшыл, сыршыл ақын өз шығармасында табиғат сұлұлығын келістіре жырлай білді. «Көкшетау» поэмасы – ақынның туған жерге деген махаббатының, ақындық шабыты мен суреткерлік шеберлігінің айғағы. Халық ертеден-ак өмірге келген сәттен бастап қуанышы мен қайғысының, шаттығы мен ашу-ренішінің күесі болып келе жатқан туған жер табиғатын әнге қосып шырқап, жырға қосып мадақтаған. Мұндай жырларда жерді жырлау жалаң күйде алынбайды, халық тарихындағы елеулі бір көріністермен байланыстырылады. Табиғат – поэзия көзі. Көкшетау өнірі де талай ақынды толғандырып, талай ақынның шабытына арқау болып, талай ақынның небір нәзік сезімін оятып, шабытын шалқытқан қазақ даласының көрікті жері. Көкшетау өнірі туралы қалам тербемеген ақын, жазушы сирек десе де болады. Көкшетауға байланысты халық арасында небір аңыз-әңгімелер айтылады. Көкше өнірі – қазақ даласындағы небір айтулы оқиғалар өткен тарихи өлке. С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы да осындағы да осындағы аңыздар желісіне құрылған. Ақын жер сұлуы Көкшетауды өз елінің тарихымен және оның ізгілік жолындағы құрестерімен сабактастырады.Халықтың тарихи өмірін бейнелеу – басты тақырыптың бірі. Бұл әдебиетте маңызды тақырып болып саналады. Өз елінің тарихын білмеу, оған немкүрайдылықпен қарау – бұл кешірілмейтін іс, ол адам отанының адаль перзенті бола алмайды.

Поэма тақырыбы – казақ халқының XVIII ғасырдың орта кезеңінде басынан өткізген тағдыры, жаугершілік заман шындығы, идеясы – ел мен елдің жауласуының, шапқыншылық пен қантөгістің себептері. Сәкен поэмада көрші отырған екі елдің – қазақ пен қалмақтың көптеген жылдар бойы жауласып келуінің себебі хандық құрылышпен,

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 70 беті

оны басқарып отырған бай-манаптардың мұддесімен байланысты екенін көрсетеді. Олар халықтың қарандырылғынын пайдаланып бейбіт елді бір-біріне айдан салып отырған. XVIII ғасырдың орта кезеңі еліміздің тарихындағы ең бір қасиетті жылдар болды. Жоңғар хандары қазақ еліне дүркін-дүркін шабуыл жасаумен болды. Қазақ халқына құрып кету қаупі төнді, Ел басына ауыр күн туды. Сәкен поэмасына арқау болған да осындай жаугершіліктің бір көрінісі. Поэмада сол кезеңдегі Абылай хан бастаған кезекті бір шапқыншылық туралы сөз етіледі

### **Поэманиң негізгі бөлімдері** (халық аңыздарын пайдаланған)

**«Көкшетау».** Ақын Көкшетаудың көкке бойлаған қарағайын, көк желекті аппақ қайыңын, басынан мұнар кеппес шыңына қонған көк қаршығаны, алтын кесе – сексен, дертке дауа, жұпар иісті ауасын жырлайды.

**«Жеке батыр»** - атанған таудың аңызын үш шумак өлеңмен қысқа қайырады. Биік жоталы, таудай басына дұлыға киген, сақалы төсін жапқан, қыр мұрынды, жасы қырыққа таяу келген батыр шалқасынан көлбеп жатыр.

**«Бурабай»** – тасқа айналған Бура, көлдің Бурабай аталуы – бұл тым ескіден келе жатқан көне мифологиялық аңыз. Көлдің, жердің, таудың, киелі иесі, жазықсыз жануарды атып, қылмыс жасаған, табиғат киесінің кесіріне ұшыраған Қасым төре туралы баяндалады.

**«Оқжетпес»** – аңыз бойынша қалмақ қызының 2-шарты таудың басындағы найза ұшына байланған орамалға батырлардың садағының оғы жетпегендігінен «Оқжетпес» деп аталғандығы айтылады.

**«Жұмбақ тас»** – Қалмақ қызы төнген жартасқа шығып тұрып соңғы шарт - жұмбақ өлең етіп, өз басынан өткен оқиғаларын бірнеше тараудан тұратын ұзак, қызықты хикая қып айтады. Қыз жұмбағының соңында «Тау, Бұркіт, Сұңқар, Лашын, үш Жапалақ – айтыңыз, қайсысының ерлігі артық?» деп сұрақ қоя аяқтайды. Егер біреу жұмбақты шешкен жағдайда қыз өзін суға тастамақшы болады. Қыздың тұрып жұмбақ жасырған тасы «Жұмбақ тас» деп аталған.

**«Кенесары ұнгірі»** сипаттарын, табиғи сұлулығын бейнелейді.

**«Әнші-ақындар»** бөлімінде Көкшетау атырабынан шықкан әйгілі ақындар, әншілер, серілер, палуандардың портрет галереясын жасайды. Олар жеке-жеке аяқталған, көркем портрет, тарихи жыр, батырлық баллада секілді. Үкілі Үбірай, Балуан Шолақ, Қажымұқан, Біржан сал, Ақан сері – бұлардың әрқайсысының өнерлілігі, өмірдегі ерекшеліктерін, романтикалық, кей тұстағы трагедиялық тағдырларын ақын дәл детальдар, метафора, сюжет арқылы даралап, образды түрде бейнелеп берген.

**Идея және образ.** Поэманиң ең негізгі бөлімі: қазақ-қалмақ қарым-қатынасының бір оқиғасына арналған.

а) Ұрыста қолға түсken тұтқын қыз бейнесінің суреттелуі. Өлім тұзағы мойнына тасталып, енді бір батырдың тақымында кеткелі тұрған тұтқын қыздың шарты:

бірінші – шың басындағы жаулықты атып тұсіру;  
екінші – төрт жігітті арқалап жартасқа жүгіріп шығу;

үшінші - өлеңмен айтылған жұмбақты шешу.

ә) Абылай мен оның батырлары туралы.

**«Ақкудың айырылуы»** Ақынның бұл поэмасы қазақ сөз өнеріндегі өзіндік көркемдік ерекшелігі бар поэмалардың бірі. Мәңгілік махаббатты жырлайтын поэма табиғаттағы сұлулықты, табиғаттың төл перезенттері болған аққуларды қорғау, адалдықты жырлау, жауыздыққа қарсы тұруды ту еткен. Аққу - киелі құс. Аққу құс - сұлулықтың, тазалықтың күесі. Аққу құс - шың ғашықтың күесі, адал махаббаттың белгісі. Поэмада аққудың махаббаты арқылы адал махаббат мен пәк сезім жырланады.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-233</p>
<p>Әдістемелік өндөу</p>	<p>128 беттің 71 беті</p>

Табиғаттың сұлулығымен қауышқан қос ғашықтың көңілді, алаңсыз, бақытты күндері ұзаққа бармайды. Оны «Сұр мерген» аңшы келіп атып алды. Поэмада жауыздықтың символы ретінде аңшының қатігездігі суреттелсе, сол жауыздыққа шенdestіrіle аққудың махаббатқа адалдығы суреттеледі.

### Поэмадағы басты идея:

Табиғатты қорғау керек;  
Сұлулықты бағалай білу керек;  
Өмірде қатыгездіктің болуы;  
Ақку құс - мәңгілік махаббат иесі;  
Екі аққудың аянышты тағдыры. Поэмадағы оқиға автордың өмірден шаршап, таза табиғат, мөлдір көл жағасына келіп демалып, көркем көрініске тамсана қарап, демалып жатуынан басталады. Сосын қос акқудың кездесуі мен олардың бақытты өмірі жайлы жырланады. Ғашық жұптың махаббат биі де ақын қаламынан тыс қалмайды. Осындағы бақытты сәтте сүрмерген жұп аққудың бірін атады. Жұбынан айырылған ақку шарқ ұрып мергенге "мені де ат" дегендей ыңай білдіреді. Сосын мергеннің алдына, жерге өзін ұрып мерт болған ақку осы әрекеті арқылы оқырманға адал махаббаттың күшін, сезімнің күшін білдіргісі келеді.

**5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** жұптасып жұмыс жасау  
Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин.

**Тапсырма:** «Жыр сұңқары - сәкен» атты шығарма жазындар  
Сәкеннің «Көкшетау» поэмасының ерекшелігі неде деп ойлайсыздар?



### «Аққудың айырылуы»

#### Дебат

- а) Ана әрекеті дұрыс па?
- ә) Көл неліктен «Жетім көл» атанған?
- б) Тәуіп дегеніміз кім? Тәуіптің айтқан емі қазіргі медицинаға жата ма?
- в) Қазақ халқы тағы нені киелі санаған? (бүркіт, үкі, киік, киелі сандар киік, киелі сандар 3-7)
- г) «Аққуға кезенерде ырым жасап, тым құрыса саусағынды қанаттың ба?» деген жолдарды қалай түсінесін?

5 минуттық эссе жазу.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут  
Сабакты қорытындылау: 10 мин.

### 5.6.Әдебиет.

Негізгі: 1.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014

2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;

3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 72 беті

4. Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г)  
Астана «Арман ПВ», 2014;  
5. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана  
«Арман ПВ», 2014;  
6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011  
7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

**Қосымша әдебиеттер:**

- 1.Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
- 2.Сәтбаева ІІ, ІІ.Құдайбердиев – Алматы 1990
- 3.Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
- 4.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
- 5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
- 6.Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
- 7.Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
- 8.Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
- 9.Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.
- 10.Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 5 мин.

**5.7. Бақылау:** презентация

Сұрақтар мен тапсырмалары:

1. С.Сейфуллин өмірбаяны туралы айтып беріндер.
2. С.Сейфуллин саяси- қоғамдық қызметтеріне тоқталындар.
3. С.Сейфуллин қазақ фольклоры мен әдебиетіне қандай ұлес қосты?
4. С.Сейфуллиннің өлеңдерінің идеялық- көркемдік ерекшеліктеріне тоқталындар.
5. Ақынның «Сыр сандық» өлеңін жатқа айтып беріндер.
6. «Көкшетау» поэмасындағы ақын халық азыздарын қалай пайдаланған?
7. Поэманың басты кейіпкерлеріне мінездеме беріндер.

**№ 23 сабак**

**5.1. Тақырып:** Бейімбет Майлин. «Шұғаның белгісі», «Қара шелек» әңгімелері.

**Сағат саны:** 3 сағ. **135мин.**

**5.2. Мақсаты:** Қазақстанның көрнекті ақыны Бейімбет Майлиниң өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін тереңдешту.

**5.3. Оқу мақсаттары:** «Шұғаның белгісі» повесі мазмұнына сай мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту. Бейімбет Майлиниң шығармашылығына қызығушылық туғызуға баулу

**Үйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1. Өмірі мен қызметі.
- 2.Поэмалары. Поэзиясы.
3. «Шұғаның белгісі» повесі.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 40 мин

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірегейі – Бейімбет Майлин. Ол поэзия, проза, драматургия жанрларында өнімді еңбек етіп, өз дәүірінің шындығын, қазақ елінің, әсіресе ауыл адамының санаасындағы өзгерулер мен жаңаууларды, халықтың бастан кешірген күрделі оқиғаларын, әлеуметтік өмірдің

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 73 беті

шытырман қайшылықтарын көрсетті. Кеңестік заманның алғашқы жиырма жыл ішіндегі қоғамдық құбылыстардың енбекші адамға тигізген әсерін, қазақ халқының ғасырлар бойында қалыптасқан тұрмыстық, салттық болмысының, шаруашылық, кәсіптік негізінің жойылып, оның орнына жаңа құрылымдардың табиғи орын теуіп болмаған кезеңінің сырь мен мұнын шебер суреттеді. Жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің іргелі жанрларын қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосып, биік белеске шығарысқан аса көрнекті суреткер жазушы, ақын әрі драматург Бейімбет Майлин — өндіре жазып, сөз өнерінің алтын корына жататын туындылар берген бірегей дарын. Замандастары: «Маңдайына түскен шашын сұқ саусағына орай ширата отырып, жазудан бас алмайтын еді», — деседі. Сондықтан да кемел қаламгердің қыршын жаста — қырықтың төртіне жетер-жетпесте — дүние салғанына қарамай, атағы да зор, артына қалдырған әдеби мұрасы да аса бай. Бейімбеттің көлемді де, көркем тұңғыш туындысы, қазақ прозасының тартымды үлгілерінің бірі- «Шұғаның белгісі». «Шұғаның белгісі» - қазақ прозасының шоқтығы биік туындыларының бірі. Бейімбет Майлин — "қазақ әңгіме жанрының атасы" деуге болады. «Повестегі бас кейіпкер – Шұғаның бейнесі әртүрлі іс-әрекеттің даму барысында айқындалады. Кейіпкер арқылы тағдырына ата-анасын да емес, бауырларын да емес, өзін қоршаган әлеуметті де емес, тек қана ата салтын кінәлап, шарасыздыққа, өлімге барып тірелген қызы тағдырының өкініші, арманы көрсетіледі. Суреткер қайғылы Шұғаға бейтарап қарамайды, оған аяушылық сезім білдіреді. Қиянат көрген, өмірден түңілген қаһарманына жаңы ашиды. Повесте ескі қазақ қоғамындағы ең өткір мәселе-әйел теңсіздігі сөз болған. Шығармада бірін- бірі сүйген екі жастың- Шұға мен Әбдірахманның арманына жете алмаған трагедиялық жай айтылады. Шұғаның экесі қызын кедей жігіті Әбдірахманға бергісі келмей, түрлі жаламен Әбдірахманды жер аудартады. Осындаі зорлыққа душар болған Шұға қайғыдан, күйіктен қайтыс болады. Жазушының негізгі мақсаты- жастардың бас бостандығына ерік бермей, қасіретке ұшыратқан ескі дәстүрлерді сынау. Жастардың бас азаттығын көксеу, бұған кедергі келтіретін әдеттерді батыл таңбалau XX ғасыр басындағы демократиялық қазақ әдебиетіндегі басты сарындардың бірі еді.

Б. Майлин өз шығармашылығында халық өмірінің түрлі торабын қамтыған. Оның шығармалары жазушылық өнер үшін халықпен күшті байланыста болудың, ел өмірін бес саусағындағы біліп отырудың қаншалықты маңызды шарт екенін айқын танытады. Суреткерлік ең үлкен паразы – заман шындығының жаршысы бола білуі, халық тіршілігін анық, толық бейнелеуі Б. Майлиниң өшпес еңбегі. Ауыл адамдарының жаңа тұрмысқа қөшуінің қыын процесін ол терең білгілікпен біртіндеп, сатылап әңгімелейді. «Қара шелек» деген әңгімede колхозға ұйымдасудың бір көрінісі табиғи елестетілген. Мұнда қарапайым ауыл әйелдерінің бірі Айшаның «Коллектив боламыз» деген жиналыста ойламаған жерден белсенділік көрсетіп, ауыл адамдарының атынан сөйлесуі, «майкөт» (байкот) болған екі байдың жиналыстан шығарылуын талап етуі, ақырында өз артель бастығы юолып сайлануы баяндалады. Жиналыс кезінде өжеттік көрсеткен Айша кенет өзін артель бастығы етіп сайланғанда қатты толқиды. Қолдағы малын ортаға салуға іштей кимағанымен, ол жұрттың ауқымынан, заманың ағымынан сырт кете алмайды... Сөйтеп тұра, малын колхозға беруге ризалығы жеткен Айша қара шелегін бұлдіріп қойғаны үшін көрші әйелге қол жұмсайды. Автор Айшаның санасындағы жекеменшікшіл психологияның қайшылығын көрсетпек болған. Оқиғалар мен мінездерді өмірдің өз ағынынан ойып ала білген суреткер, әлгіндей бір көрініс төнірегінде-ақ ұжымдастыру жүзеге оңай аспағанын, бұл жолда талай-талай шыргалай мен сарсан, күдік пен толқу болғанын байқата алған.

## 5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: презентация

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 74 беті

Презентация студенттерге слайдтар, қағазда үлестірілетін материалдар, компьютер экранда анимациялық көріністерді бейнелеуге, дайындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тақырыптарды еркін менгеруге көмектеседі.

**Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 30мин.

Шығармаға байланысты сұраптарға өз ойларынызды қосыныздар?

1)Шығарма неліктен «Шұғаның белгісі» деп аталағы түр?

Ертеде бұл жер Қамыстықөл деп аталған. Осы оқиғаға байланысты бұл жерді Шұғаның белгісі деп атап кеткен.

2) Хикаят дегеніміз не?

Көлемі жағынан әңгімeden үлкен, романға жақын баяндау түрінде қара сөзбен жазылған оқиғалы көркем шығарманың түрін хикаят деп атайды.

3) Хикаятта суретtelген табиғат көрінісін қалай атаймыз?

Пейзаж

4) Шығармада Шұғаның бейнесі қалай суретtelген ?

Ақ құба, талдырмаш, көзі қап-қара, үріп ауызға салғандай, ажары қандай болса, ақылы да сондай, женілдік дегеннің не екенін білген емес.

5) Шұға мен Әбдірахман бір-бірін алғаш рет қашан, қандай жағдайда... көреді?

Алтыбақанда (казақтың ұлттық ойыны)

6) «Жап-жас жігіт екен ғой »-деген Шұға сөзінен қандай ой тұжырымдауға болады?

Шұғаның Әбдірахманды ұнатып қалғанын анғаруға болады.

7)Шұға мен Әбдірахман арманына неге жете алмады?

Олардың қосылуына Шұғаның әкесі Есімбек қарсы болды? Шұға қайғыдан ауырып қайтыс болды.

8) Екі жас өз бақыттары үшін күресті ме?

Иә, күресті.

9) Есімбекті қандай әке қатарына жатқызар едіңіз?

Қатал әке.

10) Шұға неліктен тәуір болғысы, жазылғысы келмеді?

Өйткені ол Абдрахмансыз өмір сүргісі келмеді.

11) Сіз өз бойыңызға Шұға мен Әбдірахманның қандай қасиеттерін алар едіңіз?

Махаббатқа берік, ақылды, бірін-бірі шын жақсы көруі ,

12) Қазіргі қазақ қыздарының тағдыры Шұғамен салыстырмалы түрде қандай деп ойлайсыз?

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10минут

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

## 5. 6. Әдебиет:

1.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014

2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;

3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;

4.Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;

5.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;

6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011

7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

## Қосымша әдебиеттер:

1.Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.

2.Сәтбаева Ш, Ш.Құдайбердиев – Алматы 1990

<p>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 75 беті

3. Сыздыкова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
- 5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
6. Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
7. Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
8. І.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
9. Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.
10. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 10 рмин.

**5.7. Бақылау:** ауызша сұрақ-жауап

1. Б.Майлин неліктен «Ауыл өмірінің жыршысы» аталды?
2. Байлардың мал- мұлқін кәмпескелеу науқаны қазақ халқының ғасырлар бойында орныққан өмір қалпының ойранын шығарғаны жазушы әігімелерінде қалай көрінген?
3. Ұйымдастырудың тұрпайы тәсілмен жүргізілген «Ұлбосын» шығармасында қалай бейнеленген?
4. Қазан төңкерісінен бұрын еріксіздікке шырмалған қазақ қызының тағдыры туралы айтып беріндер.
5. Шұға мен Әбдірахман бейнесіне талдау жасандар.
6. «Шұғаның белгісі » тағы қандай кейіпкерлер бар? Толық тоқталып өтіндер.
7. Жазушының жалпы шығармашылығын. Өмірбаянын айтып беріндер.

**№ 24 сабак**

**5.1. Тақырып:** Илияс Жансүгіров. «Ағынды менің Ақсуым», «Жетісу суреттері» өлеңдері. «Құлагер» романы.

**Сағат саны:** 2 сағ.

90 мин.

**5.2. Мақсаты:** оқушыларға И.Жансүгіров өмірі мен шығармашылығына қысқаша мәлімет беру, өлеңдерінің мазмұнын менгерту. Тақырып бойынша білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, тиянақтау. Пәнге қызығушылығын арттыру.

**5.3. Оқу мақсаттары:** қазақтың ақын - жазушыларын біліп, құрметтеуге, отансүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу. Өлеңді жаттай отырып есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту; ой түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру.

**Ұйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1. Ақынның өмірі мен шығармашылығы.
2. Лирикасы. Поэмалары.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 20 мин

Илияс Жансүгіров 1894 жылы Талдыкорган облысы, Ақсу ауданында туған. Анасынан ерте қалған Илияс әкесі Жансүгірдің тәрбиесінде өседі. Жансүгір хат танитын кекірегі ояу, әңгімеші, домбырашы, ұста, көшелі кісі болған. Алғашқыда әкесінен хат таныған, одан соң молда алдын көрген Илияс кейін Карагаш деген жердегі татар үлгісіндегі мектептен оқып, әртүрлі пәндерден дәріс алады.

1920 жылды Алматыдан мұғалімдер курсын бітіреді. Кейін Ташкенттегі Қазақ ағарту институтының жанындағы қысқа мерзімді курста оқиды, бірақ денсаулығының нашарлауына байланысты ауылдана қайтады.

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 76 беті

Ілияс поэзиясындағы мөлдір арнаның бірі – табиғат лирикасы. Тұған жерін, елінің тау-тасын, өзен-көлін беріле сүйген патриот ақын қоршаған ортаның ғажап сұлуплығынан өз шабытына нәр алып, сан алуан бояулары бунырқанған ғажап суреттер салды. Бұлардың ішіндегі нақты географиялық адресі танылатын «**Ағынды менің Ақсусым**» өлеңі. Онда табиғаттың бір сәттегі көрінісін бейнелейтін құбылысты көз алдыңа әкелетін түрлі үлгілер бар. Натюрморт, этюд, экзиз сипатындағы туындылардағы ойлар, символдық бейнелер, филисофиялық идеяларға жетелейді, көпмағыналы сарын-әуездері тудырады.

**«Құлагер поэмасы».** Илияс Жансүгіровтің жазушылық кемелденуінің сапалы бір белгісі қазақ халқының өмірін, өткен оқиғаларды бейнелегендеге даму, өзгеріс үдерістеріне тарихи түрғыдан қарап, әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді жеке адамдардың тағдыры, нақты, реалистік көркем образдар арқылы бейнелеуінен көрінеді. Осындай туындының бірі – «**Құлагер**» (1936) поэмасы.

Ақын «**Құлагер**» поэмасының «Толғану» деп аталатын беташар тарауында өзінің әлеуметтік-қоғамдық ұстанымын, көркемдік идеяларын ашық жарияладап, оқырманмен емен-жарқын сырласады. Қаламгердің қоғамдағы орнын терең түсінген Илияс оны әлеуметтік тілі, ойы, сезімі деп білді:

Халқымның қуанышты бұлбұлымын,  
Жұртымның жүйрігінің дұлдулімін.  
Көтеріп көптің көңлін күнде шауып,  
Жұлде алар жұма сайын туды күнім.

Қашаннан тарихы терең халықтың өткен замандағы көрген қорлық, зорлықтарын айтудағы мақсат бүгінгі ұрпақтың кегін қозғау екенін ақын эстетикалық нысана етіп ұстайды. «Тұған жер» тарауындағы лирикалық кейіпкер тебіренісін ақынның өз сыры, өз монологі деп қарастырылады: тауда туып, таста өскен, мұз төсөніп, қар кешкен, Аршалыда қозы жайып, бұлттың қасында ойнаған тау баласы расында да бұдан бұрын талай рет Гималай, Кавказ, Хантәнірі, Алтай, Алай сынды асқар тауларды, көкпен таласқан құз-құз шындарды жырлаған болатын. Жырламаған ғажап бір тау бар екен. Ол – Көкшетау. Ақын салған сурет мынадай:

Көк орман, көркем тоғай маужыраған,  
Сұлудың көзіндей көл жауажыраған.  
Малта тас, маржан ақық, меруерт тас,  
Төгіліп көл жиекке саудыраған.

Көк кілем балаусасы балбыраған,  
Ақ жібек жапырағы жалбыраған.  
Ақ қанат аспандары сонда жауып,  
Бал бұлақ таудан, тастан орғылаған...

### **5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Эр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

**Тапсырма:** Ақын поэзиясындағы тіл байлығы мен көркемдік ерекшеліктерге мысал келтіре отырып айтып беріндер.

**Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 25 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 10 мин.

### **5.6.Әдебиет:**

Негізгі:

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 77 беті

1. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014
2. Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;
3. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;
4. Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
5. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

**Қосымша әдебиеттер:**

1. Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
2. Сәтбаева Ш, Ш. Құдайбердиев – Алматы 1990
3. Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
5. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
6. Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
7. Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
8. Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
9. Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.
10. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 5 мин.

**5.7. Бақылау:** ауызша сұрақ жауап.

Сұрақтар мен тапсырмалары:

1. И.Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылығын айтып беріндер.
2. Табиғат суретін жасауда ақын қандай дәстүрлі көркемдік тәсілдер қолданылды?
3. Ақынның «Ағынды менің Ақсуым» өлеңіне тән ерекшелік неде?
4. «Жетісү суреттері» өлеңі неше тараудан тұрады?
5. «Кұлагер» поэмасына арқау болған тарихи тұлға мен тарихи оқиға туралы не білесіндер?

**№ 25 сабак**

**5.1. Тақырып:** Мұхтар Әуезов өмірі мен шығармашылығы. «Абай жолы» роман-эпопеясынан үзінді. «Еңлік - Кебек», «Қарагөз» драмалары.

**Сағат саны:** 3 сағ.

135 мин.

**5.2. Мақсаты:** оқушыларға Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін кеңейту.

**5.3. Оқу мақсаттары:** Мұхтар шығармаларының тақырыбын аша отырып, оқушыларды адам бойындағы жат мінездерден аулақ болуға тәрбиелеу.

Электрондық оқулық арқылы ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту; ой түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру; ұзақ дастандарды түсініп оқып, әңгімелеп беруге, дастаннан үзінді жаттауға, ауызекі сөйлеуге дағылдандыру, ой-өрісін кеңейту.

**Үйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысусын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

- 1.Мұхтар Әуезов өмірі мен шығармашылығы.
2. «Абай жолы» роман-эпопеясынан үзінді.
- 3.«Еңлік - Кебек», «Қарагөз» драмалары.

<p>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 78 беті

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 40 мин.

Казақ халқының әдеби-мәдени даму тарихында жазушы, драмашы, публицист, зерттеуші, аудармашы әрі қоғам қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің алатын орны ерекше. М. Әуезов – ауыз әдебиеті мен классикалық әдебиеттің, Батыс пен Шығыс көркемсөз мұрасының озық дәстурін жете менгеріп, қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиетінің реалистік сапасын арттыруға, әдеби тілді байытуға ересен еңбек сінірген ұлы жазушы. Шығармашылық сапары Қазан төңкөрісімен тұстас келген суреткер жиырмасынышы жылдардың бас кезінде жазылған «Қорғансыздың күні» әңгімесінен «Абай жолы» роман-эпопеясына, «Еңлік-Кебек» трагедиясынан «Қарақыпшақ Қобыландыға», отызынышы жылдардағы әңгімесі – «Білекке білектен» «Өскен өркен» романына, эпос, әдебиет тарихы туралы мақалаларынан КСРО халықтары әдебиетіндегі дәстүр мен жаңа шығармашылық, ұлттық және интернационалистік сипат мәселелеріне арналған терең теориялық зерттеулеріне дейін ұзақ та жемісті жол кешті. Оның бүкіл қазақ әдебиетінің күмбезіндегі «Абай жолы» роман-эпопеясы әлемдік даңққа ие болды.

**Өмірі мен шығармашылығы.** Мұхтар Әуезов 1897 жылы 28 қыркүйекте бұрынғы Семей облысының Абай ауданындағы Бөрілі деген жерде туды. Мұхтардың атасы Әуез ескіше сауаты бар, араб, парсы, ортазиялық түркі әдебиетімен таныс кісі болған. Мұхтар бала кезінде атасының үйретуімен арабша хат таниды. Мұхтардың әкесі Омарханда, атасы Әуез де Абай ауылымен іргелес отыратын, құдандалы, дос-жар адамдар еді. Абай ауылымен аралас-құраластық, ұлы ақынның шекірттерімен және балаларымен бір ортада өсу жас Мұхтардың рухани жетілуіне игі әсер еткен. Ол хат танығаннан кейін атасының ықпалымен ауыз әдебиетінің үлгілерін, Абай өлеңдерін жазып алғып, жаттап үйренеді. Классикалық түркі әдебиетінің жекелеген нұсқаларымен таныстыры да осы кезеңде басталған. Бұл жағдай алғыр ойлы, зерек Мұхтардың сөз өнеріне деген құмарлығын оятады.

**«Алғашқы кезеңдегі шығармалары».** М. Әуезов жиырмасынышы жылдардың бас кезі мен орта шенінде көптеген әңгімелер («Қорғансыздың күні», «Жетім», «Жуандық», «Ескілік көлеңкесінде», «Кім кінәлі», «Барымта» т.б.) жазып, оларда есқі қазақ аулының әлеуметтік шындығын реалистік дәстүрде бейнелейді, қоғам өмірінің, халық тіршілігінің терең қатпарларын, ішкі қайшылықтарын білгілікпен суреттейді. Өмірдің ақықат ағысын, типтік құбылыстарын зерттеу жазушыға қазақ қоғамының көкейкесті мәселелерін көтеруге мүмкіндік берді. **Қорғансыздың күні** - М.Әуезовтің 1921 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының 3-4 сандарында «Арғын» деген бүркеншік атпен жарияланған алғашқы қөркем шығармасы. 1922 жылы Орынборда «Қорғансыздың күні» деген атпен жеке кітап болып шықты. Мұхтар Әуезов осы әңгімені жазғанда өзінің ішкі жан дүниесіндегі қиналған кезін баяндап берген.

«Қорғансыздың күні» оқырманның көз алдына байырғы қазақ ауылымдағы кедейлер өмірінің бір көрінісін тамыр-тереңінен қопарып әкеліп, бейшара, қорғансыз жандардың тұрмыс-тіршілігіндегі жан түршігерлік азап пен ауыртпалықты аса шыншылдықпен әсерлі баяндайды. Жазушы өмір шындығын, заман сипатын, адамның тіршілік-тынысымен байланыстыра, сабактастыра шебер әңгімелеп жеткізеді. Оқиға басталғаннан-ақ оқырманды қорқынышты бір үрей сезімі билейді. Тағдыр тауқыметін арқалаған жүдеу үйдегі соқыр әйел, кәрі әже, жас қыздың зарлап калуы кімді болса да тебірентпей қоймайды. Тек Ақан сияқты қатыгез, жауыз болыс қана міз бақпай, өзінің айуандық бет-пердесін біртіндеп ашады, қара ниет ауыл әкімінің тағылық қылықтары әшкөреленеді. Жас қызды зәбірлеп, зорлық қөрсетуі Ақанның азғындығын, адамгершіліктен жүрдай екенін дәлелдейді. Сондай-ақ оқырман Ақан, Қалтай сияқтылардан ешқандай жақсылық күтүге болмайтынын түсініп, ұғынады. Қорлыққа жаны төзбеген, жауыздықтың құрбаны болған Фазизаның әкесінің моласына

<p>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 79 беті

бaryп, үсіп өлуі себебін жазушы өте анық та дәл шебер суреттейді. Қыздың адам айтқысыз озбырлық, қорлыққа шыдамай, боранға ұрынып, үсіп өлгені айтылған.

### Шығарманың басты кейіпкерлері

Ғазиза-13 жастағы жіңішке сұңғақ бойлы, аз ғана сепкілі бар, дөңгелек ақсұр жүзді, сырпайы, сүйкімді қыз.

Ақан-жасы 30 шамасындағы болыс. Орта бойлы, дөңгелек денелі, қысқа мұртты, шоқша сақалды кіси.

Пысық, сөзге ұста, қалжыңқой ер жігіт.

Жақып-Ғазизаның әкесі.

Мәрден-Тобықтының жуан аулының кісісі.

### Жетім әңгімесі.

М.Әуезов балалар әдебиетінің ғылыми тұрғыда зерттелуіне көңіл бөлүмен қатар, өзі де балаларға арнап бірнеше шығарма («Қорғансыздың күні», «Жетім», «Көксерек» әңгімелері, «Қараң-қараң оқиғасы» повесі) жазды. «Жетім» әңгімесіндегі басты кейіпкер – жас бала Қасым. Шығармада он жастағы жас баланың қын тағдыры, аянышты халі берілген. Бұл шығармасында қаламгер бала ұғымын, сезімін беруде өзінше ізденіс танытқан.

### Қасымның ересектігі шығармада қалай көрінеді?

Әжесі өткен соң «жақыннымын» деп, жаны ашыған ие болып шығып, Иса деген ағайыны Қасымды қолына алды. Қасымның әке – шешесінен отыз шақты қой, он шақты қара қалып еді.

Исаға қасымның малын берерде жүрт: «Жетімнің малына қиянат қылма! Өзін адам ғыл, күт, асыра, жылатпа!» деп тапсырған болатын. Бірақ Иса Қасымға қатты қысым көрсетті.

Мені мұндай сорлы ғылғандай не жазып едім? ... Ненді жеп едім?! Жазығым – қуарып қалған жетімдігім бе? – деп, жерде жатқан үлкен тасты ала салып төніп келіп қалған Исаңы тізесінен періп кеп жіберіп, даラға қарай қаша жөнеліп еді. Иса аузына келгенін айтып боктап, аяғы мертігіп «бақ» етіп отырып қалды. Қасым сол бетімен тас лактырып қуған балаларына жеткізбей, үлкен тауға қарай жөнеліп кеткен.

**«Абай жолы» роман-эпопеясы.** М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы – қазақ әдебиетінің аса көрнекті шығармасы. Романың идеялық – көркемдік биік жетістігін жер жүзінің прогрессіл әдебиет, өнер қайраткерлері жоғары бағалады. Орыс кеңес жазушысы К. Федин: «Ұлт туралы толық та тұтас түсінікті бізге жазушының өнері береді... Мұхтар Әуезов өзінің «Абайымен» менің қазақ халқы туралы түсінігімді толықтырды, мен енді ғана хош иісті самал ескен даланың ауасын жүтіп, қазақ бол кеткен тәріздімін...» - деп жазды. Француз жазушысы Л. Аргонның: «Эпикалық «Абай романы»... XX ғасырдағы ең мәнді романдардың бірі» деген сөздері демократиялық бағыттағы шетел жазушыларының ортақ лебізі еді.

**Романың шығармашылық тарихы.** Әдебиеттің әрбір татымды туындысы суреткердің тақырыпты жан-жақты менгеруі, көп ізденуі, ұзак енбектенуі нәтижесінде жасалады. Сондай-ақ М. Әуезовте ұлы ақын Абай өмірі мен шығармашылығын кең де кемел зерттеп, мол көркемдік ізденіс сатыларын бастан өткізген еді.

М. Әуезовтің Абай шығармаларын жаттап сауат ашуы, ол шығармалар туған орта мен шындықты бала жасынан көріп, біліп өсуі болашақ романға негіз салған алғашқы әсер деуге болады. Жазушы ұлы ақынның көп өлеңдерінің қандай себептен туып, кімдерге арналғанынан да жастай таныс еді. Ал «Абай жолында» суреттелген оқиғалар мен кейіпкерлер іс-әрекеті де кебінше жазушының құлағына ерте сіңген әңгімелер желісіне құрылды. Мәселен, романың бірінші кітабында қодар мен Қамқаның тарихы да, романың өзге тарауларындағы сүйекті оқиғалардың қай-қайсысы да өмірде болған, ел ішінде айтылып келген әңгіме-аңыз дерегіне негізделген.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 80 беті

**Абай тұлғасы.** Эпопеядағы орталық тұлға, типтік характер – Абай. Ол – бүкіл бір халықтың рухани адамшылық келбетін елестете алатын бейне. Абай сөзі мен ісі нақты, әрбір әрекетіне нандаратын тұлға, заман мен халық қамын терең толғайтын үлкен ойшыл, ұлы ақын сипатында көрінеді. Абайдың көркем бейнесін жасауға ақынның өз өлеңдерінің көп көмегі тиғен. Суреткер ұлы ақынның шығармаларын туғызған жағдай мен себептер табиғатына терең бойлау арқылы оның өмір жолына қанығады. Абай халық қиялында қаншалықты биік сатыда тұрса, роман оның көркем бейнесін соншалық жоғары деңгейде көрсетеді.

«Абай жолы» роман-эпопеясы жазу тәжірибесін баяндаған мақаласында жазушы ескі дәстүрдің қырағы корғаушысы Құнанбайды, жаңалық пен жақсылықтың, әділдік пен адамшылықтың күрескери Абайды орталық қаһармардар дейді. Дәүірлеп тұрган солқаңарлы Құнанбайлар мен Абай және оның серіктерінің арасындағы тартыс әке мен баланың арасындағы жай бір түсініспестік емес, кең мағынасындағы заманалық шайқас, ескі мен жаңаның күресі.

Абайдың адам ретінде қалыптасуын көрсететін бірінші кітаптың маңызы зор. Қодар өлімі тұсында жас Абайдың тітіркеніп түршігүін, зұлымдықтан шошып ауырғанын көрсету көркемдік шындық шартына лайық. Әмірі бүкіл бір **Құнанбай және басқа үstem тап өкілдері**. Романда Құнанбай бейнесі ғасырдағы қазақ қоғамына тән салт пен сананың қорғаны ретінде көрсетіледі. Ол – бір ауыл басшысы ғана емес, рулық-феодальдық көне дәуір қалыптастырған құндылықтардың да берік сақшысы, ірі тұлға. Қазақ әдебиетінің «Абай жолына» дінгі дәрежесенде билеуші ақсүйек қауым адамдарын көбіне бірыңғай қаралап, бірден мансұқтап көрсету жиі орын алатын. Реалистік әдебиеттің сан қырлы суреттеу дәстүрін терең менгерген М. Әуезов бұл мәселеге жаңаша келді. Ол қаһармандардың шын болмысын жағдай мен ортаға, мінезге сәйкес табиғи түрде ашты.

### Халық өкілдерінің бейнесі.

«Абай жолы» роман-эпопеясында еңбекші халық өкілдерінің жарқын бейнелері бар. Бұлардың іс-әрекетін, үміт-арманын, қоғамдағы орнын көрсету-романда жетекші сарындарының бірі. Қарапайым халықтың қайнаған ортасын таныстыру, мұнды мен сырын сездіру, жүрек түкпіріндегі тілек-талағын айту-эпопеясының бір жарқын сипаты. Халықтың шынайы өкілдері Дәркембай мен Базаралы тұлғалары негұрлым толыққанды бейнелер қатарына жатады. Абайдың халықпен тығыз байланысы осы секілді адамдармен тілекtes, пікірлес болуынан да айқын көрініс береді. Дәркембай – қолы қысқа кедей болса да, күштілерге намысын жібермейтін өткір тілді, өжет адам. Басына тұсken қаншама тауқыметті ол қайсарлықпен көтереді. Сронымен қатар Дәркембай өзге кедейлерге де ұйытқы, ақылшы бола алатын қабілет танытады. Малсыздықтан жатақ болып күн кешкен ауыл адамдарының да естияр, бас көтерері-сол. Бірақ оның теңдік үшін құресерге қауқары шамалы. Ақылы дана, көңілі сара қарттың сөздерінен оның таптық мұдделестікті жаксы сезе бастағандығы көрінеді. «Күйі бірдің – күні бір. Тұсым, аталасым емес, өзіммен мұнды бір, бейнеті бір жатақтар», - дейді ол. Жатақтардың хал-жайын білгісі келген Абайға Дәркембай өзінің ашы-ызасын білдіре, мысқыл араластыра шешен баяндаиды:

**Әйелдер бейнелері.** Шығармада алуан түрлі әйелдер тұлғасын көрсету арқылы жазушы заман, қоғам шындығын беруді тереңдете тұсken. Сол бейнелер қатарынан, алдымен, Абайдың әжесі Зере мен анасы Ұлжанды атап өту орынды. Бұлардың бойынан қазақ әйелдеріне тән ең жаксы қасиеттер молынан көрінеді. Зере де, Ұлжан тек бір отбасы көлемінің қамымен шектелген жандар емес, олар ағайын тыныштығын, жас жеткіншектердің адамшылық жолымен жүруін қалайды, өздерінің ақыл, парасатын, мейірімін осы мақсатқа жұмсайды. Ұлжанның ақылды ана, балаларына қамқор тәрбиеші екенін көрсетумен қатар оның басындағы ішкі жарадай сыздатқан мұнды да жазушы анық аңғартады. Құнанбайдың өзге әйелдерімен арадағы күндейстік қасіретін Ұлжан

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 81 беті

сыртқа шығармай, ақылмен жеңе біледі. Оның осындай тартымды мінезі, талғамды зейіні қөп тұстарда жарқын ашылады.

Абайдың алғашқы махаббаты Тоғжанға тағдыр қоспаған өкініші романда мұнды саздай естіледі. Тоғжан мен Абай сүйіспеншілігін суреттеуге романда көп орын берілген. Абай сүйген адамымен қосыла алмау өксітін ұзақ уақыт ұмытпайды, оның жан жарасы тек Әйгерімді тапқаннан кейін ғана жазылады. Тоғжанның да, Әйгерімнің де тұлғалары шығармада әсерлі, шыншыл өрнектелген.

**Романның әдеби-тариҳи маңызды.** «Абай жолы» роман-эпопеясы-қазақ әдебиетінің ғана емес, бүкіл кеңес әдебиетінің де дүниежүзілік данққа бөленген ұлы туындыларының бірі. Шығарма елуден артық тілге аударылып, әлемнің барлық құрлықтарына тарады. Көптеген елдің адамдары бұл романнан қазақ халқының жартығасырлық өмірің толық суретін, әлеуметтік жайғдайын, мәдениетін, тұрмысын таныды.

дуанға жетіп тұрған Құнанбайға әлсіз Абайдың ол тұста көрсетер қайраты жоқ. Оның көзінен жас төгіп, қатты тебіренуі қatal зорлыққа қарсылығы еді. Қиянатқа сонша күйіне білген Абайдың есейгенде әділетшіл қүрескер болып шығуы заңды.

### **5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** бағыт беру

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

1-тапсырма: Романда Абай тұлғасының толысу сатылары қалай суреттелген?

2-тапсырма: Жазушының жиырмасыншы жылдардағы әңгімелерінде ескі ауыл өмірін бейнелеуіне қандай себептер болды?

3-тапсырма: М.Әуезов шығармашылығы қазақ көркемдік мәдениетіне нендей жаңалықтар косты?

**Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 15 мин.

### **5.6. Әдебиет.**

Негізгі:

1.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014

2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;

3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;

4.Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;

5.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;

6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011

7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

### **Қосымша әдебиеттер:**

1.Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.

2.Сәтбаева Ш, Ш.Құдайбердиев – Алматы 1990

3.Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990

4.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .

5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002

6.Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.

7.Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 82 беті

8.Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.

9.Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2006.

10.Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

### 5.7.Бақылау: шағын топта жұмыс

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

Жазушының шығармашылық тағдырына әсер еткен қандай елеулі оқиғаларды көрсетер едіндер?

М.Әуезов шығармашылығы қазақ көркемдік мәдениетіне нендей жаңалықтар қосты?

«Еңлік -Кебек трагедиясының тарихын, көркемдігін, мазмұнын айтып беріндер»

М.Әуезовтің Абай жөнінде тарихи роман жазуына түрткі болған жағдайлар қандай?

«Абай жолы» роман-эпопеясы неліктен XIX ғасырдағы қазақ өмірінің көркем энциклопедиясы деп бағаланды?

Романда Абай тұлғасының толысу сатылары қалай суреттелген?

Өмірдегі Құнанбайдың көп игі істері Құнанбай бойында жеткілікті қамтылмаған деген пікірлерге не айтар едіндер?

М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясының әлемдік даңқы туралы айтып беріндер?

### № 26 сабак

**5.1.Тақырып:** Сәбит Мұқанов. «Сұлушаш» поэмасы. «Аққан жұлдыз» романынан үзінді.

**Сағат саны:** 2 сағ.

90 мин.

**5.2.Мақсаты:** оқушыларға С.Мұқановтың өмірімен жазушының шығармашылығы.

«Сұлушаш» поэмасының мазмұнымен танысу, кейіпкерлер жүйесіне талдау жасау, тақырыбы мен идеясын ашу. Тақырып бойынша білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, тиянақтау. Пәнге қызығушылығын арттыру.

**5.3.Оқу мақсаттары:** қазақтың ақын - жазушыларын біліп, құрметтеуге, отансүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу.Электрондық оқулық арқылы ойлау, есте сактау, көру қабілеттерін дамыту; ой түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру.

**Үйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1.С.Мұқановтың өміrbаяны, шығармашылығы

2. Аққан жұлдыз романының көркемдік ,композициялық ерекшеліктері , кейіпкерлерді даралау , адам мінездін сомдау шеберлігі.

3. «Аққан жұлдыз» тарихи роман. Шоқан образы. Айғаныс мен Шыңғыс бейнелері.Тіл көркемдігі.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 20 мин.

Сәбит Мұқанов – қазақ әдебиетін көп жанрда көркейтуге көрнекті еңбек сіңірген жазушы. Оның шығармалдарында қазақ елінің бастаң кешкен құрделі оқиғалары, алуан түрлі адам тағдырлары мен мінездері көрініс тапты. Кеңестік дәуірдің дүниетанымы мен өмір шындығы – жазушының көпқырлы туындыларының өзекті тақырыбы болды. Қаламгер шығармашылығының көркемдік тәсілі де әдебиетті идеологиялық құрал деп таныған замана талабына орайлас қалыптасты. Суреткер еңбектернің табиғатын осы тұрғыдан қарағандағандағандағанда озығы мен олқысын дұрыс көрсетуге болады.

**Дәүір перзенті.** С. Мұқанов 1900 жылғы 26 сәуірде Солтүстік қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Жаманшұбар деген жерде кедей отбасында дүниеге

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-233
Әдістемелік өндөу		128 беттің 83 беті

келеді. Ол балалық шағынан өмірдің ауыртпалығын бастан кешіреді: жеті жасында әкесі, одан кейін шешесі дүние салып, жетімдік тақсіретін тартады. Ауыл байларына жалышылыққа тұрады. Сәбит жеті жасында ауыл молдасынан оқып хат таниды, өз бетінше білімін жетілдіреді. 1918-1919 жылдары Омбы қаласында оқытушылар даярлайтын курста оқиды, ауылда бала оқытады. Қазан төңкерісінен кейін С. Мұқанов ауылды кеңестендіру істеріне араласып, кулактардың қастандығын басу үшін құрылған төтенше әскери бөлімнің жауынгері болып, Көкшетау ревкомында қызмет атқарады. 1922-1926 жылдарда Орынбор қаласындағы жұмысшы факультетінде (рабфак) оқиды. Мұнан соң «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазатқстан») газетінде бөлім менгерішісі, Қазақстан педагогикалық баспасында бас редактор болады. 1935 жылы Мәскеудегі қызыл профессорлар институтын бітіреді. Сол жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы болып тағайындалады.

**Сұлушаш поэмасы.** Өзінің мазмұны және көркемдік кестесі жағынан «Сұлушаш» эпикалық дастандар сарынан үндес шығарма. Қысқаша мазмұны Тілеуберді деген байдың сұлу қызы Сұлушаш пен құл мен құннен туған Алтай атты жігіттің бір-біrine ғашықтығы, бұлардың ата-аналарының әuletтік бөлектігі салдарынан таудай кедергіге ұшырап, ақырында, екі жастың дегеніне жете алмай, қайғылы қазаға душар болып, өмірден арманда өткендіктегі құрылған поэмада жастардың бас бостандығы мәселесі көтерілген. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде көп жырлаған бұл тақырып кеңестік дәүірдің алғашқы тұсында өзінің әлеуметтік мәнін сарқып болған жоқ еді. Ата-аналардың ырқынан өз бетінше бұлқынып шықпақшы болған ғашық жастардың есік салттың торына ілініп, қасірет шеккенін баяндайтын көне сарынның тартыстқ негізі «Сұлушашта» нақтылана, өткірене түсін. Байдың қызы Сұлушашқа кедей жігіті Алтайдың ғашықтығы жолындағы бөгет-бұлардың ата-аналарының арасындағы дүниемүлік теңсіздігі, тұжырып айтқанда, таптық керегарлық... Ақын коммунистердің байларға қарсы жүргізілген қатал саясатын қолдайды, сондықтан да бұрынғы күштілердің зорлығын, әлсіздердің көрген қорлығын әшкере етуді алдына мақсат етіп қояды. Мұны поэманың «Кілт» деп аталған кіріспе тарауынан да анық аңгаруға болады.

Жалғанда табынатын тәңірім – табым,  
Табы жоқта тәңірі жоқ – құні жарым.  
Табым десем, бұлақтай таудан аққан,  
Өн бойымды шымырлап билейді ағын...  
Тұпсіз қара тұнықта суды кешсем,  
Тап – қолыма медеу ғып ұстар шашым.  
Мениң табым еңбекші, еңбек ері,  
Онсыз мен де көрген құн – бұлдыр сағым.

Ақын барлық өмір құбылысына таптық көзқарас тұрғысынан баға береді, байлардың астамдығын, малсыздың мүшкіл халін салыстыра көрсетіп, мұндай теңсіздікті әділетсіздік деп түсінеді. Сөйтіп, тар заманда ғашықтық мұратына жете алмаган Алтай мен Сұлушаштың зарналасын тебірене жырлайды. Сонымен қатар ақын өткендегі бір қайғылы тарихты қайта еске түсірумен шектелмей, поэма қаһармандары Сұлушаштардың, Алтайдың оның досы Қайсардың өз құқы мен еркі үшін күресе алатындығын да көрсетуді мақсат еткен.

Сұлушаш ғашықтық эпос қаһармандары Баянның, Назымның, Ақжүніс бейнесінің жалғасындағы әсер қалдырады. Оны мінсіз сұлу, парасатты етіп суреттеу де эпосқа тән әсірелеудің сарыны болып көрінеді.

Он алтыға келгенде қызын жасы,  
Төгіліп тізесіне түсті шашы.  
Қаламмен жалғыз сызық тартқандай боп,  
Қылды қап-қара боп қиғаш қасы.

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 84 беті

Қарақат көз, қыр мұрын, ұзын кірпік,  
Тістері меруерттің тізген тасы.  
Бетінен нұры бөртіп, қаны тамған,  
Толқыған сұлу айдай кесер бас...

Сұлушаш асқан сұлу ғана емес, өзінің махаббат мұраты жолында қандай қызындыққа да қарсы бара алғатын намысты, жігерлі жан болып суреттеледі. С. Мұқанов 1900 жылы Қызылжар жерінде дүниеге келген. Әдебиетіміздің ірі өкілі, қоғам қайраткері, ғалым, академик. Жастайынан жетім қалған Сәбит жоқшылық тақсиретін тартып, кісі есігінде жалшылықта болады. Табиғатынан талантты, ұғымтал Сәбит халық арасындағы қисса-дастандарды жаттап өседі. Ауыл молдасынан хат таниды. Ескі оқумен алысқа бара алмайтынын білген Сәбит 1922 жылы Орынбор рабфагына оқуға түсіп, білімі мен ақындық таланты ұштасып, оны 1926 жылы бітіріп шығады. 1926-1928 жылдары "Еңбекші казак" газетінде, баспа орындарында қызмет істейді. Мұнан кейін Ленинград университетінде оқып, кейін Мәскеудегі қызыл профессура институтын бітіреді. 1935 жылы "Қазақ әдебиеті" газетінің редакторы, 1937 жылы Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы қызметін атқарады. 1947- 1963 жылдары Жоғары Кеңестің депутаты болады. Ұзақ жылдар бойы қазақтың XIX ғасырдағы ойшыл-демократы, ағартушы ғалымы Ш. Уәлихановтың өмірі мен шығармаларын терең зерттеу нәтижесінде "Аққан жұлдыз" романының екі кітабын шығарады. Жазушының жоспарынша 4 том болуға тиіс бұл роман аяқталмай қалады. Атақты ғалым Ш. Уалиханов туралы көптеген зерттеу, маңызды еңбектерге, фактілерге негізделіп, Шоқан болған жерлерге саяхаттар жасау нәтижесінде өмірге келген шығарма. Ол осы тақырыпта "Ш. Уалиханов", "Қашқар қызы" деген пьесалар да жазды. Қашқар сапары туралы жазбалар осы тамаша адамның негізгі айтулы еңбегін құрайды. Сондықтан Сәбит Мұқанов - қазақ әдебиеттану ғылымына, фольклористикаға, этнографияға зор үлес қосқан ғалым. Ол 30-ға да толмастан өкпе ауруынан қайтыс болды. Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорд Уәлихановтың айрықша қабілетті екенін байқап, оның ғылыммен айналысусына барынша жағдай жасады және ғылым әлеміне тамаша нәтиже әкелген Қашғар сапарына баруына жәрдемдесті. Уәлиханов Қашғардан оралған кезде Гасфорд сапардың есебін реттеуге өзі қатысып, кейіннен Уәлихановқа Петерборға барып келуіне жағдай жасады. Қашғар сапары туралы жазбалар осы тамаша адамның негізгі айтулы еңбегін құрайды. Шығармада Шоқанның шыққан тегі, өскен ортасы, білім алу сапары, еңбек жолы, ағартушылық-демократтық қозқарасының қалыптасуы, орыстың озық ойлы ағартушыларымен қарым-қатынасы, қазақ қоғамындағы өзі өмір сүрген дәүірдегі көртартпа, ескі әдет-ғұрыпқа қарсы көзқарасы, ел билеу ісіндегі кемшиліктерді өзгертуге үмтүлісі, жаңа реформа жасаудағы талпынысы, жасаған саяхаттары нәтижесінде жинаған еңбектерін жүйелі жинақтап баспаға беруі, өлкетану, этнография, әдебиет, өнер саласын зерттеуі кең түрде қамтылып жазылған. Шоқанның жеке өмірінде отбасы, ата-анасы, туыстары, сүйген қызы Айжанмен, қарапайым халықпен қарым-қатынасы тамаша суретtelген.

Ол 30-ға да толмастан өкпе ауруынан қайтыс болды. Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорд Уәлихановтың айрықша қабілетті екенін байқап, оның ғылыммен айналысусына барынша жағдай жасады және ғылым әлеміне тамаша нәтиже әкелген Қашғар сапарына баруына жәрдемдесті. Уәлиханов Қашғардан оралған кезде Гасфорд сапардың есебін реттеуге өзі қатысып, кейіннен Уәлихановқа Петерборга барып келуіне жағдай жасады. Қашғар сапары туралы жазбалар осы тамаша адамның негізгі айтулы еңбегін құрайды. Ол 30-ға да толмастан өкпе ауруынан қайтыс болды. Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорд Уәлихановтың айрықша қабілетті екенін байқап, оның ғылыммен айналысусына барынша жағдай жасады және ғылым әлеміне тамаша нәтиже әкелген Қашғар сапарына баруына жәрдемдесті. Уәлиханов Қашғардан оралған кезде Гасфорд сапардың есебін

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 85 беті

реттеуге өзі қатысып, кейіннен Уәлихановқа Петерборға барып келуіне жағдай жасады. Қашғар сапары туралы жазбалар осы тамаша адамның негізгі айтулы еңбегін құрайды. "Аққан жүлдyz" романында кейіпкерлерді дараңау, адам мінезін сомдау шеберлігі шынайы бейнеленген. Романды жазу барысында Сәбит Мұқановтың үлкен ізденіс үстінде болғаны бірден байқалады. Шоқанның өмірін түгелдей зерттеп, кейінгі ұрпаққа өшпес мұра қалдыру асқан ерлік. Ол өз шығармасында ойын ондай, сөздерін талдай біліп, "қазақ" деген дана халықтың жарық жүлдзызы ағып түскенін аңғартқандай. Жалпы оның монография, зерттеулері қазақ халқының мәдениеті, тілі, өнері, материалдық тұрмысы, тағы басқа туралы жазылған сүбелі еңбек болып табылады.

### **5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

С.Мұқанов қазақ әдебиетіндегі роман жанрын дамытудағы еңбегі туралы айтып беріндер

**Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 25 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 10 мин.

### **5.6. Әдебиет.**

Негізгі:

- 1.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014
- 2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;
- 3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;
- 4.Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
- 5.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

### **Қосымша әдебиеттер:**

- 1.Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
- 2.Сәтбаева Ш, Ш.Құдайбердиев – Алматы 1990
- 3.Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
- 4.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
- 5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
- 6.Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
- 7.Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
- 8.Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
- 9.Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.
- 10.Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 5 мин.

### **5.7. Бақылау:**

1.С.Мұқановтың өмірі мен шығармашылығына талдау жасандар.

«Дәуір жыршысы» атанған қаламгер туындыларында заманның қандай күрделі мәселелері көтерілді?

«Сұлушаш » поэмасының идеялық – көркемдік жаңалығы неде?

«Сұлушаш» поэмасында дәуір шындығы қалай суреттелген?

Поэмадағы Сұлушаш пен Алтай маҳаббатына кімдер кедергі болды?

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 86 беті

С.Мұқанов шығармаларында кедейлер арасынан шығып,, ел ісіне араласқандардың мінез құлқындағы өзгерістер қалай сипатталды?

С.Мұқановтың қазақ әдебиетіндегі роман жанрын дамытудағы еңбегі туралы айтып беріндер?

«Ботагөз» романының мазмұнына тоқталындар.

### № 27 сабак

**5.1. Такырып:** Ғабит Мұсірепов . «Қазақ солдаты» романынан үзінді, «Ақан сері - Ақтоты» трагедиясы.

**Сабат саны:** 3 саб.

135 мин.

**5.2. Мақсаты:** Оқушыларға Ғабит Мұсірепов туралы мәлімет беру, алған білімдерін қорыту, жинақтау, шығармаларының көркемдік ерекшеліктерімен таныстыру.Шығармалардың мазмұндық желісін тақырыбына сай талдау жасау арқылы оқушының ойлау қабілеттерін арттыру, эстетикалық сезімін ояту, әдеби пікір – таластар арқылы оқушының тілін дамытып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, өздігінен іздену және өзіндік ой тұжырым жасауға баулу.

**5.2.Оқу мақсаттары:** Жас ұрпақты адамгершілікке, адалдыққа, іздемпаздыққа, уәде беріктікке тәрбиелеу.

**Ұйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1.Өмірі мен шығармашылық жолы.

2. Новеллалары мен әңгімелері.

3. «Оянған өлке» романы.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 40 мин.

**«Қазақ солдаты» романы туралы** «Қазақ солдаты» романының тілі бай. Ғабит Мұсірепов романының басты кейіпкері Қайроштың образын жасауда, оны тұлғаландыра түсude барынша күш салған. Романның бірінші бөлімінде Қайрош Кеңестік тәрбие көрген азамат, оның жастық шағы, өсіп, ер жетуінде өмірде жолын тауып, оку ізден қалаға қашуы айқын бейнеленеді. «Мүмкін менің алдыңда сағым теніздей құлпырып, алыстан қол бұлғап тұрарлық» деген сөздерінен жарқын болашағына үлкен үмітпен қарауын аңғартады. Ғабит Мұсірепов романда Қайроштың табандылығы мен қайсарлығын көркем көрсете білген. Бір сөзben айтқанда адам – образ, мінез-құлқын жасауда аса көркемдіктің биік шыңына көтерілген. Тағы айта кететін жайт, Қайроштың алғаш қалаға келіп тапқан достары – Шегенниң Қайрош көзімен көрген сипаты мынадай: Шегенниң мұшемшөшелерін бар сымбатында тізе біліп, жаңа көрген балаға Шегенниң сақылданап құлғеніне дейін қызығылықты, жанына жылы және ұзаққа естелік болып қалатында. Бір жағынан оның сөйлеген сөздері де ерекше. «Сен оқуың керек!», «Алтын жатса – алмаймыз, Өтірік айтпаймыз!» - деген сияқты сөздері ағалық мейірімін танытады. Сонымен қоса, өзінен жасы кішілеу болса да іні болып кеткен Бораш образын да ерекше атап көрсетуге болады. Сөйтес тұра Бораштың өнерге, әсемдік атаулыға құштарлығы қаршадай болатын. Бірі аға, бірі іні ретінде қадірі откен осы екі кейіпкердің образын автор барынша көркем, барынша жоғары деңгейде жеткізе алды. Жазушы романда кейіпкерлерді тарих сахнасына алып шығып, кілең сайып қырандар иық тірестіре тұра: «Жаудың бірлігі – күште, біздің күшіміз - бірлікте» - деп, Отан мен адам проблемасын негізінен алғанда осылайша сенімді суреттейді. Демек, Ғ.Мұсірепов айтулы шығармасында Ұлы Отан соғысының жылдарындағы халықтар достығының кесапаты мол ауыр сынға төтеп

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 87 беті

береді. Володя Толстов, Самед Абдуллаев, Зонин, Гришин сияқты Кенес елінің ұлт өкілдерінен құралған армия жауынгердерінің жүргеңдегі интернационалдық сезім күйлері олардың іс-әрекеттерінен, бүкіл мінезінен көрінеді. Сонымен, көп ұлтты кенес жауынгерлерінің көптеген сыры Қайрош арқылы ашылды. Сөйтіп, автор ел басына түскен трагедияны аса суреткерлікпен барша шындық, көркем шығарманың толық ашылар қасиеті мен нанымдылығы, шебер композициясы айқын жеткізгені сөзсіз. «Қазақ солдаты» романында майдан шындығы, өсіреле, Қайроштың ерлігі реалистік түрғыда бейнеленген. Туған жері есіне түскен сайын қанаттанып, көкке жүзгендей болады. Алайда соғыс оның өмірінде үлкен із қалдырады. Содан бері ол Қайрош Сарталиев алған бетінен қайтпайтын, бірбеткей жан болып қалды.

«Қазақ батыры» повесі 1950 жылы «Қазақ солдаты» деген атпен роман ретінде басылып шыққан. Бас-аяғы 300 беттен тұрады. Роман үш бөлімге, бөлімдер бірнеше тарауларға бөлінген. Романың бірінші бөлімі он тараудан, екінші бөлімі он үш тараудан, үшінші бөлімі он бір тараудан тұрады. Бас кейіпкер – Қайрош Сарталиев, прототипі – Кенес Одағының батыры Қайырғали Смағұлов екені оқыған жаңға айдан анық. «Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытып. Зытып келе жатқаным – қашып келемін, артыма қарай беретінім – қорқып келемін». Шығарма басы осылай басталады. Оқиға Қайроштың сөзімен баяндалады. Сиыр айдап жүрген бала шығарма соңында ержүрек, қайсар, батыр тұлға болып қалыптасады. Барлық кейіпкерлердің өз прототипі бар, демек, ойдан шығарылмаған әдеби шындығы бар роман. Осы ретте, жоғарыда айтылған Зейнолла Қабдолотовтың сөзі дәлелденгендей. Романың композициялық құрылышы өзгеше шеберлікпен берілген. Кенес заманында туып-өскен адамның өсу, жетілу жолы басты әңгіме болып баяндалған. Ұрыс кезіндегі жауынгердің батырлық мінезі, азаматтық бейнесі, адамды танып-білу сияқты қасиеттері қалыптасуын көресіз. Шығармадағы кейіпкерлердің бейнесі, мінезі, іс-әрекеті, табиғат суреті, болып жатқан оқиға – бәрі жүйелілікпен берілген. «Шанқан шілденің аяқ кезі болар деймін... Пісіп қалған ақселеулер баяу тенселең, үкідей бұлғаңдаپ, кейде жұмсақ қана тізеден сипайды да, кейде инесін қадап алады. Сипағанда, талғамай сипаса, инесін қадарда екі сирактағы жара мен жарықты тауып алып қадайды. Күннің көзі жер бетінде шаншила қадалып, көлеңкең тәлтип, бауырыңа кіріп барады. Бар ыстық менің қойныма тығылғандай, шоқпыт қомшаның екі қолтығы қыж-қыж қайнайды». Табиғаттың бір бөлшегі – ақселеудің адам денесіне қалай әсер ететінін оқырманға дәл жеткізеді. «Өсіреле» деп еkipін беріп, «жара мен жарықты тауып» алатынын да әсерлі береді. Күннің төбені тесетін көзі, денені «қыж-қыж қайнататын» ыстығы да оқырманға таныс дүние секілді. Ал Ақбота туралы әңгіме бір бөлек. Қайрош өзінен үш жас кіші, бойында «жас ботаның ерке сипаты мен жас лақтың ойнакы мінезі бар», «септік ғана бұрымы бар, лақтай секіріп жүретін, мөлдір қара көзді, аппак» Ақботаны жанындағы жақсы көреді. «Бір тайынша жоғалса, он жыл сарайға қамаймын!» дегеннен қорықкан бала Қайрош сол кезде Ақбота өзгемен кетіп қала ма деген ойдан да қорықкан еді. Ақбота мен Қайроштың балалығы суретtelген тұсы да өте қызықты. Бірі жұдырықтаң жіберсе, бірі құлағынан тартып ойнаған шағы, кейін татуласқандары еріксіз құлкі сыйлайды... «Мүмкін менің алдында сағым тенізіндегі құлпышып, алыстан қол бұлғап жана өмір жатқан шығар. Мүмкін шаrasы шайқалмаған ескі ауылдың ескі өміріне қанағат етпеген бала ойы осындағы бір себепті бұрыннан іздел жүрген шығар... о да мүмкін, бұ да мүмкін... Эйтеуір, қалаға қарай сызып келемін». Мына мәтіннен, қандай жағдай болмасын, болашағына сенетін баланың ойы жатқанын байқайсыз. Өзге тірлікті, өзге өмірді көргісі келеді. Жүгіргені соншалық, жүргең қабырғасын тесіп шығардай дүрсілдеп, таныс дүниеден беймәлім ортаға бара жатқаны үшін өз-өзіне масаттанып қояды. «Базар шетіндегі шаштарараздың қасынан өте бергенімде, есігіне жапсырған айнасына көзім түсіп кетіп еді, бет-ауызым шын-ақ астан-кестен екен. Туғалы

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 88 беті

жуынбаған адамдай қарала, торала бетімді жұдырықпен укаласап айғыз-айғыз етіппін. Көз деген бір қос томпақтың үстінгі жағы маса талағаннан көлт-көлт етіп тұр. Тыриған арық мойыннан әр жеріндегі шұңқырына қақ тұрып қалғандай. Көзімді ежірейтінкіреп ашайын десем, бет пернем одан жаман бұзыла түседі. – Қайда жүріп масқара болғансың? – дегендей, айнадан бір сұмпайы бала маған қарайды...». Мына әзіл-шыны аралас мәтіннен баланың өнін көресіз. Қашып жүріп, сұқпытасты қашқан бейнесін өз суретіне ұқсатқысы келмейді. Образды суреттеудің өзінен-ақ Ғабит шеберлігін байқайсыз. Адам бейнесін суреттеудегі дәлдік, оны жеткізу degi ұшқырлықты танисыз. Кейіпкерлердің диалогтері де қарапайым тілмен жеткізілген. Ағайынды Шеген мен Борашты кездестіргендегі олардың тіл табысуы да ерекше. «Өй, өзінді қасқыр талаған ба?» дегеннен басталған әңгіме танысуға ұласады. Танысадан кейін «Костя» деген есім алған Қайрош олармен достасып та кеткен. Әдемілікті жаны сүйетін екі ағайынды өнерге жақын, әнге жақын болып шықты... Әндегіп, әуелетіп базарға қарай жол тартты... Ал жастық шағы аты жаман сұрапыл соғыспен тұспа-тұс келді. Отан алдындағы азаматтық борышты өтеу үшін майданға аттанған Қайрош бойындағы, шығарма басындағы қорқынышты жеңе білді. Новороссийск, Элтиген, Керчъ жерлерін жаудан азат етуге күшін салған ол түрлі жаракат та алды. Сол кезде бейнеленген соғыс алаңы, жауынгер рухы, Отанға деген махаббат, туған елге деген сағыныш бір-бірін жалғап жатты. Қазақ романдарының ішіндегі ерлік пен асқақтықты насиҳаттайтын, ауыл баласының ерік-жігерін көрсететін «Қазақ солдаты» романы өзге тілдерге аударылып, тек қазақ елінің ғана емес, шет мемлекеттердің кітапханаларында сактаулы.

"Ақан сері – Ақтоқты" – Ғабит Мұсіреповтың 1941 жазған тарихи шығармасы. Пьеса қазақ әдебиетінің драматургия саласындағы шоқтығы биік туындылардың біріне айналды. Шығармада XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ халқының әйгілі әнші-композиторы, әрі ақыны, сал-серісі Ақан Қорамсаұлының өмірін суреттейтін және замана шындығын танытатын тарихи шындық сипатталады. Бұл пьеса 4 переделі, 5 суретті драма. Драматург осы шығармасының 2 түрлі нұсқасын жазған. Пьеса романтизм үлгісінде жазылған. Пьесада Ақанның кішкентайынан бастап өнер жолына шығуы, тыныс-тіршілігі түгелімен көрініс табады. Ақан жас кезінде көбінесе махаббатты, сұлулықты жырласа, есейе келе сүйіспеншілік тақырыбына ел мәселесі де қосылады. Ол бай-болыстардың қараңғы халықта көрсеткен озырылдығын, қастандығын ашық түрде айтады. Қазақ елінің Ресей қосылу тарихының маңызын тереңнен түсіне алмады және осы жайлар кейбір қайшылықтарға да әкеліп соқтырыды. Өмірде Ақан серінің өз басының қайғы-қасіреті де көп болған адам. Оның сүйіп қосылған жарының өмірі қысқа болып, жалғыз ұлы мылқау болады. Ақтоқтыдай сұлу қызға ғашық болып, үйленбек мұратына жете алмайды. Сөйтіп ол Ұрқия деген қызға үйленіп, үш айдан кейін шешек ауруынан ол да қайтыс болады. Бір басына осы жылы қайғы тым ауыр тиеді. Оның қыран құсы Қараторғай өледі. Қасқыраға салған уды жеп тазысы да өледі. Құлагердей пырағы опасыз байлардың қолынан мерт болады. Ақан патшаның отаршыларынан да опасыздық, зорлық көріп, туған жерінен айырылып, жалғыз мылқау ұлын қасына алып, мұнлы жүргегіне домбырасы жұбаныш болып, елден безіп, көл жағасында қайғырып күн кешеді. Оған елдің «Ақан сері перінің қызымен көніл қосыпты» деген сөздері жаралы жүргегіне бата түседі. Ақан Қорамсаұлы өмірден осындағы ауыр қайғы-қасірет пен азап көреді. Ол қартайып, ұзақ уақыт науқастанып 1913 жылы жездесінің қолында қайтыс болады. «Ақан сері - Ақтоқты» трагедиясы жайлар қазақ зиялышарының пікірлерін назарларынызға ұсынамыз. Қабдеш Жұмаділов: «Ғабенің прозасы өз алдына. Ал әдебиеттегі үлкен қыры – драматургтігі. Кейде «Жазушының прозасы мықты ма, әлде драматургиясы мықты ма?» деп ойлаймын. Қарал тұрсаң, екеуі тең түсетіндей. Мысалы, «Қозы Қөрпеш–Баян сұлу», «Ақан сері–Ақтоқты», «Қыз Жібек» пьесалары қандай! Басқа біреудің қолына түскенде, «жібекті түте алмаған

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 89 беті

жұн етеді» демекші, бұлдіріп алар ма еді? Осы туындылардың бәрін Ғабиттің жазғаны дұрыс болды. Қас шебердің қолына түскен халықтың асыл қазынасының қайта ел алдына шыққанының өзі бір бақыт дер едім. Ғабенің драматургиялық шығармаларының сонау 1930 жылдардан бері сахнадан түспеуі – қазақ фольклорымен, тұрмысымен байланысты болуында. Мәселен, Ақан сері – халқымыздың ұғымында көрнекті бейне. Оның басындағы трагедияны көрсету, Ақтоқтымен арадағы махаббатты бейнелеуі сәтті шыққан. Ал «Қозы Қөрпеш–Баян сұлуы» – шедевр туынды. Бір міні жок. «Ақан сері–Ақтоқтыда» заман ағымына байланысты бір-ақ әттеген-ай бар. Ол уақытта дінді, хазіреттерді жамандау сәнге айналғандықтан, Ақанның ұстазы болған Науан хазіретті жағымсыз бейнелеген Ғабен де сол араға кішкене «ілініп» қалған. Шындығында, Науан хазірет – үлкен қайраткер болған адам. Кейін Ақан сері жайлы роман жазған Сәкен Жұнісов те Науан хазіретті ұнамсыз кейіпкер ретінде бейнеледі. Болашақ ұрпақ осы қателікті түзететін шығар.» Дулат Исабеков: «Драматургияда тақырып және тақырыпты игеру деген бар. Игерудің де бірнеше тармақтары болады. Қазақ тілінің құдіретін сезінгіңіз келсе, қара сөзбен жазылған поэма – «Ақан сері–Ақтоқтыны» оқыңыздар дер едім. Ғабен Ақанның трагедиясы халықтың трагедиясымен астасып жатқанын Ақаның домбырасын сындыру арқылы керемет бейнелейді. Жалпы, Мұсіреповтің «Ақан сері–Ақтоқтысы» – қазақ драматургиясының шыңы.» Сәрсенбі ДӘҮІТҰЛЫ: «Қазақтың тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпы мен ауыз әдебиетін білген адам пьесаның да майын тамызып жазады. Ғабенің драматургиялық енбектері сол себепті биіктен жарқырай көрінді.» Тұрсын Жұртбай: «Драматургия ол кісінің жазу мәнері мен көркем ойлау жүйесіне барынша жақын жанр болды. Қыз Жібек те, Ақан сері мен Ақтоқты да – тарихи тұлғалар. Ал тарихи тұлғаларды жазуда өмірлік шындықтан көркем шындықты ажыратып бейнелеуі – Ғабенің үлкен шеберлігі. Дегенмен оларда қазір өзгертуге болатын тарихи көркем қисындар кездеседі. Мысалы, «Ақан сері–Ақтоқты» пьесасында Науан хазіретті жеккөрінішті етіп сипаттаған. Шындығында, ол кісі 1904-1906 жылдары қазақтың азаттығы мен рухани бостандығы үшін күресіп, Сібірге айдалып кеткен. Ақан серінің дінге қарсы күресі де жалған. Мағжан Жұмабаев Ақаның Шәкерімнен бұрын да жалғыз өмір сүріп, сопылық құрып, діни насихатқа құрылған өлеңдер шығарғаны жайлы жазған. Алайда Ғабенің пьесасында Ақан сері бейнесінің солай көрінуі – заманына қарағанда занды. Өкінішке қарай, сол көзқарастардың кесірінен Ақаның діни қиссалары мен шығармалары, өлеңдері жоғалып кетті. Ұрпақтың бейнесінде ол тек сері күйінде ғана қалды.» Шығарма кейіпкерлері: «Ақан сері – Ақтоқтының» барлық кейіпкерлерінің мінез-құлыштары, іс-әрекеттері жалындан сөйлей жөнелетін шешендіктері пьесада нанымды суретtelген. Мұнда ұзақ монологтар, қаһармандардың өз-өзімен сырласып кету сәттері жиі кездеседі. Шығармадағы басты кейіпкерлері тарихта болған адамдар. Ақан - ақыл-ой иесі, жалынды, қайратты жас, сұлу сезімі, үлкен жаны бар, өз заманында, өз ортасында озық білім алып, өмірдің мағынасын іздел толғанған адам. Өмір шындығын дін жолынан, құдайға құлдықтан іздейді. Бірақ, ол дін жолынан шындық таппайды. Ақтоқты - Ақаның ауылдасы Боктабай деген байдың қызы. Ақаның ғашықтың әндері Ақтоқтыға арналған. Ақтоқты Ақанды сүйген, оған тұрмысқа шығуға уәде беріп, Ақан оны алып қашады. Қыздың ағайын-туыстары қызды корқытып, үркітіп оны айнытаң тастанады. Сөйтіп, Ақтоқты сертінен тайқып, Ақаннан кетуге рұқсат сұрайды. Ақан өз сүйгеніне зорлық жасай алмай, бұл азапқа көнеді. Ақтоқты өзін атастырған жерге тұрмысқа шығып, бірнеше баланың анасы болып, жасы жетпістен асқанда қайтыс болады. Жалмуқан - Ақтоқтының өмірде айттырған күйеуі, Сүтемеген деген байдың баласы. Сердалы - ақын. Ол көптеген қиссалар, өлеңдер жазған ақын, Ақаның құрдасы әрі жерлесі. Ол күншіл, іші тар адам болған. Балта, Мәрзия, Жылкелді, Мұрат, Балуан - халық өкілдері. Бұлардың бойында қайнаған қайрат, қауқарлы күш бар. Сейіт, Дәмелі,

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 90 беті

Қонқай, Қорамса -халық өкілдері. Бірақ күш-қуаты аз, қайраты кем қарт адамдар. Науан - Ақанның немере.

### **5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру**

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

#### **Тақырыпты өрбіту:**

*I топтың тапсырмасы:* жазушының ана туралы новеллалары қазақ әдебиетін қандай жаңалықтармен байытты?

*II топтың тапсырмасы:* F.Мұсірепов шығармаларына рет- ретімен шолу жасандар.

**Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 15 мин.

### **5.6. Әдебиет**

Негізгі:

1. Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014
- 2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;
- 3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;
- 4.Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
- 5.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

#### **Қосымша әдебиеттер:**

- 1.Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
- 2.Сәтбаева Ш, Ш.Құдайбердиев – Алматы 1990
- 3.Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
- 4.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
- 5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
- 6.Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
- 7.Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
- 8.Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
- 9.Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.
- 10.Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010ж.

**Үйге тапсырма беру:** 10 мин.

### **5.6. Бақылау:** ауызша сұрақтар.

1. F.Мұсіреповтің өмірі мен шығармашылық жолын айтып беріндер.
2. Қазақстандағы асыра сілтеу зардабы, 1930-1933 жылдардағы ашаршылықтан халықтың халықтың қырғын табуы F. Мұсіреповтің қай шығармасында батыл әшкөреледі?
3. «Оянған өлке» романының қазақ әдебиетіндегі биік орны ,оның қандай қасиеттермен белгіленеді?
4. «Оянған өлке» романының негізгі мазмұны не туралы?
5. Осы романдағы басты образдар кімдер? Олар қандай характерлерімен ерекшеленді?

<p>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 91 беті

## № 28 сабак

**5.1. Тақырып:** Қасым Аманжолов. «Ұлы Отан соғысы туралы жыр», «Байкал», «Орал», «Елге хат» өлеңдері. «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы.

**Сағат саны:** 2 сағ. 90 мин.

**5.2. Максаты:** Қ.Аманжоловтың өмірі туралы мағлұмат беру, Қасымның жыр әлемімен танысу, поэзияның тереңіне бойлау, өлеңдерінің идеялық мазмұнын мәнерлеп оқыта отырып талдау.

**5.3. Оқу мақсаттары:** оқушылардың танымдық деңгейін көтеру, ойларын еркін айтуда, іздемпаздыққа баулу, шығармашылықпен жұмыс істеуге ұмтылдыру, тұған жерге деген сүйіспеншілік, патриоттық сезімдерін қалыптастыру.

**Үйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1.Өмір белестері.

2. Алғашқы ізденістері.

3.Ақын және заман.

Жаңа сабакы түсіндіру: 20 мин.

Қасым Аманжолов қазіргі Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы Қызыл деген жерде 1911 жылы дүниеге келеді. Қаракесек Арғын руынан. Майданнан өлеңмен жазған "Ағайыма" деген хатындағы: "Қыс. Қыстау. Атамекен Қызылдағы" дегендегі Қызыл – сол тұған жері. Әкесі де сонда қайтыс болады. Жас болса да Қасым соның бәрін есінде жақсы сақтап қалған. Әке-шешеден жастай жетім қалған, ол біраз жыл ағасының қолында өседі. Алғашында жаңадан ашылған ауыл мектебінде оқып, сауатын ашады. Кейін, 1924 жылы, ағасы Қасымды Семей қаласындағы интернатқа орналастырады. Қасым онда 1927 жылға дейін тәрбиленеді. Одан әрі қарай үш жыл Семей мал дәрігерлік техникумында оқиды. Алғашқы өлеңдерін де осы кезде жазады. 1930 жылы Алматыға келіп, біраз уақыт "Лениншіл жас" газетінде істейді. 1931 жылы Ленинградтағы орман шаруашылығы институтына түсіп оқиды. Бірақ, денсаулығына байланысты және түскен оқуын да онша ұната қоймағандықтан, бірер жылдан кейін елге оралып, Орал қаласында "Екпінді құрылыш" газетіне қызметкө орналасады. Жас ақынның көптеген өлеңдері осы газетте жарық көреді. Әншілік, әртістік өнерге бейім, домбыра, мандолина бастаған бірсыныра музикалық аспаптарда еркін ойнайтын ақ көніл, жайсақ жанды "ерке Қасымның" Оралда болған, әсіресе 1935-1936 жылдары Оралдағы қазақ театрындағы қызмет еткен кезі өміріндегі ең бір қызықты, қымбат шағы болып қалады. Оның бойындағы тұа бітті зор талантты да осында белгі беріп, ақындық жолына біржолата бет бүрады. 1938 жылы тұнғыш өлеңдер жинағы "Өмір сыры" деген атпен жарық көреді. Жинаққа енген өлеңдерден болашақтағы кемелденген ақын поэзиясының отты, лепті, сыршыл мінезі танылатын жекелеген жол, шумақтар табылғанымен, тұтастай алғанда, жинақ ақынның әлі де үйрену, елкітеге үстінде екенін көрсететін еді. Әсіресе көзге ауыз әдебиетінің 7-8 буынды терме, толғау үлгілеріне бой үрүре жиі шалынатын. Өлеңіне арқау етіп алған өмір құбылыстарын сырттай таңырқап, тамашалауға, көрген-білгенін тәптіштеп, тізбелеп суреттеуге әуестік байқалатын. Бірақ ақын бұл қалпында көп кідірмей, осыдан кейінгі не бары екі-үш жылда-ак:

Ішім пысты, жалықтым,

Жүре алман енді аяңдап.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 92 беті

Кенде қаппын, жаңа ұқтым,  
Не болса соған аяңда –

немесе:

Нар тәуекел! Құлаш ұрдым қыынға,  
Қайрат шіркін алып шықса, қын ба!..  
Жығылам деп жүре алмаймын жай басып,  
Жүгіремін киіп-жарып, айқасып.  
Мұлғи берсін, ілбі берсін қорқақтар,  
Іш пыстырып, жалт-жұлт қарап, жай басып  
Жығылсам да, жүгірумен етемін,  
Аяңшылдың ақылын мен не етемін.  
Жығылармын, алқынармын, шаршармын,  
Барар жерге бұрынырақ жетермін, –

дегеніндей-ақ, қатты талпынып, талантына мәдениеті қосылып, ақындықтың шырқау биігіне самғап көтерілді. Махамбет, Абай поэзиясының көркемдік табиғатына терең бойлау, дүниежүзілік поэзияның үздік, асыл үлгілерінен үлкен алымдылық, шалымдылықпен үйрену оның буырқанған күшті таланттың тез қанаттандырыды. Қасым 30-жылдардың өзінде-ақ А. Пушкинен, М. Лермонтовтан, Т. Шевченкодан, Дж. Байроннан, В. Маяковскийден шебер аудармалар жасады. Бұл оның үлкен поэзияның сырына терең бойлап, ақындық өнерінің қыр-сырын тануына көмектесті. 1939-1940 жылдар ақынның өсу жолындағы елеулі кезең болды. "Нар тәуекел", "Бурабай толқындары", "Дауыл", "Көкшетау", "Орамал", "Сұлтанмахмұт туралы баллада", "Өз елім", "Ғашық едім қайтейін" сияқты тамаша туындылары осы жылдары дүниеге келді. Бұл кезеңдегі ақын өлеңдерінде түр, дыбыстық үндестік, ырғақ жағынан да жаңалықтар көрініс берді. Сондай-ақ, Қасым лирикалық өлеңдермен қатар сүйекті туындылар жазуды да қолға алады, "Құпия қызы", "Бикеш" (алғашында "Азғынбаев" деп аталған) секілді алғашқы поэмаларын жазады.

Ақын 1941 жылы армия қатарына шақырылады. Сол қарсанда "Мазасыз музыка", "Қоштасу", "Бейсекештің бес ұлы" секілді әсерлі, сыршыл сезімге толы, лепті өлеңдерін жазады. 1941-1943 жылдары Қыыр Шығыста болған Қасым 1943 жылды батыстағы майданға ауыстырылады, содан соғыс аяқталғанға дейін "қанды қырғын, қып-қызыл өрттің ішінде" болады. Намыскер, өр, қайсар Қасым жауынгерлік міндетін жан аямай атқарады, абыройлы болады. Қыыр Шығыс пен батыстағы майдан аралығындағы ұзақ сапар, атамекен – Қазақстаның қақ жарып өтетін жол әсершіл, ұшқыр қиялды ақын жанын қатты тебірентеді. Соның нәтижесінде "Орал", "Сарыарқа", "Байкал", "Өтіп бара жатырмын" тәрізді тек Қасымның ғана емес, сол кездегі бүкіл қазақ поэзиясының жетістігі болып саналатын өлеңдері дүниеге келеді. Ақын рухының бұл қуатты серпілісі майдан жырларына ұласып, мазмұн, тақырып, түр, көркемдік бейнелеу құралдары, ой мен сезім терендігі жағынан жаңа сапа тауып, биік белеске көтеріледі. "Елге хат" (бес бөлімнен тұратын ұзақ толғау), "Ұлы күтіс", "Үстімде сұр шинелім", "Подполковник Әлпинге", "Қапанға", "Сәбитке", "Фалиға жауап", "Қызғалдақ", "Сен фашиссің, мен қазақтың", "Дариға, сол қызы" сияқты хрестоматиялық өлеңдері мен әйгілі "Ақын өлімі туралы аңыз" поэмасы – соның айғағы.

«Құя алман үгітілген балшық өлең, Көңілімде көл жасаман тамишыменен, Серінің сертке соққан семсеріндей, Өлеңнің өткірін бір алишы менен», — деп ақын бұл кезеңде қазақ өлең өнеріне мазмұн жасағынан да, түр жасағынан да мол жаңалық әкелген. Көркемдеу құралдарының образды сөз өрнектерінің жан тебірентер жаңа үлгілерін

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 93 беті

тауып қолданды. Бұл тұста ақынның «Байқал», «Оралым», «Подполковник Альпин», «Дарига сол қызы» өлеңдері, «Мартбек», «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмалары жазылды. А-тың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасын F. Мұсірепов қазақ поэзиясындағы жаңа бетбұрыс деп бағалады. Соғыстан кейін А. не бары он жыл өмір сүрді. Көркемдік сапасы жоғары лирик өлеңдермен қатар «Боран», «Біздің дастан», «Бикеш», «Жамбыл тойында», «Құпия қызы» тәрізді үлкен эпик поэмалар жазды. А. ақындығымен қатар үлкен сазгер де болған. Оның әнін де өзі шығарған «Дарига сол қызы», «Туған жер», т.б. шығармалары халықтың сүйікті әндеріне айналған. А. қазақ әдебиетінде аударма жанрының дамуына да зор үлес қосты. Ол А.С. Пушкиннің «Полтава», М.Ю. Лермонтовтың «Маскарад», А.Т. Твардовскийдің «Василий Теркин», Низамидің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмаларын, Т. Г. Шевченконың, В. В. Маяковскийдің өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Қазақ поэзиясына он буынды өлең түрін енгізіп, оны әбден тұрақтандырды.

Майданнан оралғаннан кейінгі алғашқы жылдары Қасым журнал редакцияларында істейді, ара-тұра поэзия, ақындық өнер тақырыбына сын мақалалар жариялады, өлеңді де өндіре жазады. Мысалы: 1946 жылы 26 өлең жазыпты, солардың ішінен, әсіресе "Достар", "Туған жер", "Құрбыма", "Сауыншы женгейдің жыры", "Домбыра", "Май келді", "Күйім тасып барады, күйім тасып", т.б. көркемдігі жоғары өлеңдерін ерекше атауға болады. Ақын 1947 жылдан бастап сырқатқа шалдығады. Соның өзінде сол жылы он шақты өлең жазып, "Біздің дастан" поэмасын бастайды. М.Лермонтовтың "Маскарад" драмасын, А.Твардовскийдің әйгілі "Василий Теркин" атты ұзақ та құрделі поэмасын өте шебер аударады. 1948 жылы да Қасым көп жазады, "Дауыл" атты жинағы жарық көреді. Ол туралы үлкен ақын әрі поэзия білгірі Әбділда Тәжібаев "Социалистік Қазақстан" газетінде "Дауылды жырлар" деген мақала жазып, аса жоғары бағалайды. Осы жылдары Пушкин мен Лермонтовтың бірсыныра өлеңдеріне қоса, Пушкиннің "Полтава" поэмасын аударады. "Балбөбек", "Нұрлы дүние" жинақтарын шығарады. 1952 жылы "Таңдамалы шығармалары" жарық көреді. 1954 жылы бүгінде жүртттың көбі жатқа білетін әйгілі "Өзім туралы" толғауын аяқтайды.

Қасымның өлеңдері "Гроза" деген атпен 1946 жылы, "Стихи" деген атпен 1949 жылы орыс тілінде жеке кітап болып басылады. Қасым Аманжолов ұзакқа созылған науқастан 1955 жылғы қантардың 17-сінде қайтыс болды. Өлеңдері. Соғыстың алдында Қасым "Өз елім", "Дауыл", "Нар тәуекел", "Талғар" тәрізді әдемі лирикалық өлеңдер жазды. Бұл өлеңдердің кейіпкері – өз елін, туған даласының табиғатын шексіз сүйген, "көк дауылдай кеуделі жігіт" болып өскен қайратты замандасы. Өмірге көзін ашпай жатып, "жетімдік тағдыр" желкелеген балдырғанды өз тәрбиесіне алған Отанын ақын ерекше сезіммен жырлайды:

Өмірге ендім еңбектеп,  
Шалқалап әкем шықты үйден.  
Жетімдік тағдыр жетті ептеп,  
Қабағын жаба тұксиген.  
Өмірден үміт жоқ өзге,  
Даланың тердім тезегін.  
Әкем боп таптың сол кездे,  
Қайран да менің өз елім.

Қасымның жан күйзелісі үстінде 1938 жылдың өзінде-ақ жазған белгілі өлеңі – "Сұлтанмахмұт туралы баллада". Ақын онда сол кезде екінің бірі айта алмайтын шындықты батылдықпен айта алды. Сұлтанмахмұтты жақтайтын жас ақын мен оны жау санайтын әдебиетші ақын қабірінің басында пікір таластырады.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 94 беті

Бірі айтты:

– Сұлтанмахмұт тірі, – деді,  
 Мәңгіге өлмес жанның бірі, – деді.  
 Қазақтың кең даласын аралап жүр,  
 Өзіндегі өжет оның жыры, – деді.  
 Бірі айтты: – Қателеспе, өлген, – деді,  
 Жырын да, өзін де оның көмген, – деді.  
 Болған соң өзі дүшпан, өзі арам,  
 Тарихқа жазып солай бергем,  
 – деді.

Сол арада Сұлтанмахмұт қабірінен шыға келіп: "Өлгем жоқ!" – деп дауыстайды. Жас ақынды қолтықтап алып, Жазушылар одағынан мүшелік билетін алуға кетіп бара жатып:

Сен, жігіт, өсек айтып жүргенше құр,  
 Моламды мен қайтқанша құзете тұр,

–деп, масқаралап кетеді. Ол жылдарда мұндай өлең жазу нағыз жүрек жұтқан ерлік болатын. Ал Қасым бір бұл емес, мұндай бірнеше өлең жазған. Оның "Біз кім?", "Ақынның мінезі", "Күлемін де жылаймын" секілді өлеңдері сондай дүниелер.

Жылама сен, күл, – дейді,  
 Құлсем және сенбейді.

Қара тер боп тергейді:

Неге күлдің сен? – дейді. Тоталитарлық жүйе тұсында мықтап өркен жайған күдікшілдік, сенбеу, күйе жағу, пәле жабу сияқты кеселді бұлайша әшкерелеу, зығырданы қайнай айыптау да Қасым сияқты ілуде біреудің ғана қолынан келгені шындық. Қасымның осы тақырыпқа жазған өлеңдері соғыс жылдарында, одан кейін де үзілген жоқ, қайта күшіе, салмақтана түсті. Ондай зілді, ызғарлы лебіздерді ақынның майданнан Ғалиға, Ғабдолға өлеңмен жазған хаттарынан да көруге болады. Қасым поэзиясындағы патриоттық, отаншылдық сезім соғыс жылдарында ерекше күшійді. Соғыстың қатал да азы шындығы ақынды да, оның жырларын да тың өріс, жаңа биікке самфатты. 40-жылдардың басында Қасым туған жер табиғатының әсем суреттерін жасаған тамаша лирикалық өлеңдер жазды. Қыыр Шығыстан майданға аттанып бара жатқан жолда туған "Байкал", "Сарыарқа", "Ертіс", "Орал" атты өлеңдерінде ақын ел табиғатының әсерлі көріністерін адамның отаншылдық сезімімен терең байланыста көрсетеді. "Оралға" өлеңін:

Оралым, шықтың алдыннан,  
 Оралым, менін Оралым.

Қол созып қызыл вагоннан

Үстіңен етіп барамын,- деп бастап, онда өткізген жастық дәурен қызықты шағын ризалықпен еске түсіреді.

Оралым, сенің қойнында,  
 Ойнақтап өткен жылдарым.  
 Жарқылдап Жайық бойында  
 Достармен сайран құрғамын.  
 Шағанның бойы көк шалғын,  
 Шалқамнан жатқам шаңқай тұс.  
 Гүл болып менің құшағым,  
 Кеудеме қонған бұлбұл құс.

Кеудесі гүл болып, бұлбұл қонған бұла жастың бақыты қандай ыстық.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 95 беті

Сонау бір шетте, сонау үй,  
 Кетер ме, сірә, көңілден.  
 Алушы ед тартып мені ылғи,  
 Махаббат, жастық лебімен.  
 Терезе алды – жас терек,  
 Тұр еken кімдер сүйеніп?  
 Жұр еken кімдер еркіндеп,  
 Жүргегін ұстап, үйге еніп?..

Біз де ақынмен бірге сол үй, сол терекке қызыға, тіпті құрсіне қарағандаймыз...

Қош болышы енді, Оралым,  
 Құле бер шалқып, сайранда  
 Айтпақшы, қайда бораның

Кетейін алып майданға,- деп, туған ел боранын қатерлі сапарға серік етіп ала кеткісі, сөйтіп, майданға бұрқыратып бірге кіргісі келеді. Ғажап емес пе?! "Байкал" өлеңінде Байкалдың торғын тұман жамылған көлі, таң сәріден кернейлете құйған өзендері, көлге ғашық боп ерте оянған таң – бәрі де ақын қиялын тербетіп, сұлу суретке айналады. Жастық шағын өткізген ыстық қала – Оралға тоқтап, Ертіс, Сарыарқа тұсынан өтіп бара жатқан ақын туган жерге деген мол махаббатын, ел сағынышын төгілте жырлайды. Осында өр мінезді, сезімтал, патриот ақынның жаумен бетпе-бет кездесуі де есте қаларлықтай. Қасымның майдан жырларының лирикалық кейіпкери – қеудесі кек пен ызаға толы, аса қажырлы жан. Оның "ажалдың дегеніне көнбей", "сескену, қорку дегенді" білмей, соғыстың ауыртпалығын әр төзіммен көтерген қайсар бейнесі көп өлеңдердің мазмұнын құрайды.

Бармын мен бұл дүниеде, жүрмін тірі,  
 Жоқсың деп жала жабар құдың бірі.

Түссем де отқа, суға тозар емен,  
 Солдаттың етігіндей жаным сірі.

Соңғы бір жолда қаншама тарих, терең мағына бар. Бұл – поэзиядағы бұрын айтылмаған жаңа сөз, тың образ. Онда кайғы да, қайсарлық та, сабыр мен даналық та бар. Бұкпесіз, шыншыл, сыршыл, кеменгер ақынның:

Мен емес сыртын сылар, іштен іріп,  
 Кимеймін тұмылдырық, көзілдірік.

Откізіп өз көзімнен бар өмірді,  
 АРАЛАП жерде жаяу келем жүріп,  
 - деген сөздерін тебірене оқып, тереңіне ойланған үнілеміз. Ақтарыла сыр ашқан атақты "Фалиға жауаптан" алынған бұл шумақтан әлдекімнің жат, сұық, сұрқай сұлбасы да елес береді. Ол өз аяғынан жүруді, өз көзімен көруді, өз қолымен істеуді ұнатады. Ол жалтармак емес, ауырдың үстімен, женілдің астымен жүрмек емес. Ол өмірдің қайнаған ортасында жүріп, көптің жүгіне өз иығын тосады, бой тасалауды ар көреді, ауыр жүкті арқалаушылардың сапында болу – ол үшін адамгершілік борыш, мерей, мақтанып.

Қасымның ақындық көзқарасының, философиясының, эстетикалық принциптерінің түп қазығы – осы. Бұл – алып кайратты, сарқылмас жігерлі, туған еліне қызметші болуды абырайлы үлесім деп білген үлкен дарынның, үлкен қайраткердің өмір мұраты.

Қасымның майданда жазылған, оның ішінде елдегі ақын аға, қаламдас құрбыларына жазған шыншыл, сыршыл өлеңдерінен, хаттарынан ақынның өз бейнесін, Отан үшін жанын отқа салып жүрген солдаттың образын көреміз.

Елдегі ақын досы Ғабдолға:

Білмеймін, қайда жоғалттым

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 96 беті

Сескену, қорқу дегенді?  
Есігін қақтым тозақтың  
Өлеңмен келіп мен енді,  
– деп сыр ағытса, Гали ақынға жазған ұзақ жауап хатында:  
Ажалдың мен бе көнер дегенине,  
Келермін, күтші, достар, мен еліме,  
– деп болашағына нық сенім артады.

Майдан жауынгерінің ер жүрек бейнесін танытар осы тәріздес жолдар Қасымның эскери лирикасында тіптен мол. Ақын өліммен бетпе-бет кездескен шақта пайда болған солдат мінезіндегі мұнданың сипаттарды туған елінің тәуелсіздігін қорғау кезінде туған жаңа сапа, ерліктің үлгісі ретінде көрсетеді. Осымен катар, Қасымда соғыстың ауыр шындығы жағдайындағы солдаттың адамдық сырлары, мұны, шаттығы, бойын ел, жарсағынышы билеген кезі, сонымен бірге жауға деген кекке толы сезім күйі мол, әсерлі суреттеледі. Ақын соғыстың қыындығын да, үрейлілігін де жасырмайды.

Жылдалап бір жүріп, қан жұтқан,  
Адамды қылғып тірідей.  
Түскендей жерге "тамұқтан"  
Қап-қара алып бір дүлей.  
Ырсиып темір тістерін,  
Жалақтап, жалмап, жұтынып,  
Істеп бір алып істерін,  
Тұр әлі тоймай құтырып.

Соғыстың үрейлі кейпін ақын осылай бейнелейді. Ол мұнданың жағдайда өлімнің де бір-ақ оқ екенін түсінеді. Сонымен бірге мәселе өлуде емес, өмір сұруде, өмір сұрудің тетігі – ерлікте деп біледі. Ақынның:

Өлім – жауым, өмір – дос,  
Неге өлейін бостан бос,  
немесе:

Қорықпаймын жұтар деп оқ,  
Қаршыға жаз жүрегім.  
Қорықпаймын бір есерсөк,  
Салар деп қан шеңгелін.  
Қорықпаймын жұрт сөзінен  
"Тым арзан өлді" деген, - деуі де сондықтан. Мұная күрсінген, көнілденген шақта да ол өмірлік мұратын, азamatтық парызын естен шығармайды.

Қан қақтаған жалпақ дала  
Жалындаған боп жатты өртеніп  
Кешкі аспан қызыл ала  
Төмен түсіп тұрды төніп.  
Оралғандай тұмша бұлтқа  
Отырдым мен бейне күз тас.  
Ішкі толқын теуіп сыртқа  
Шашырады көзімнен жас.

"Қапанға" деген өлеңнен алынған осы үзіндіде өмір, өлім жағаласқан соғыс даласындағы солдаттың жан сезімі, күйзелісі өткір, бірақ нанымды берілген. Майдан даласының құбылмалы мінезі де солдат жанын неше түрлі күйге түсіреді. Ақын осы сезімді сол

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 97 беті

күйінде бұкпесіз суреттейді. Ой, сезім еркіндігін Қасым өзінің туған даласының табиғатынан іздейді. Фалиға жауабында":

Табиғат – анама мен туғам тартып,  
 Күн болып күлемін мен балқып, шалқып,  
 Кек дауыл көкірегімде күрсінгенде,  
 Бұл болып арпалысам, жалын шарпып, –дейді.

Осы тәрізді сезім арпалысының талай кезеңін басынан кешіре отыра, Қасым кейіпкерлері қайсар, ер кейпінен танбайды, жеңіске берік сенеді, оны "қасарыса" күтеді.

Күтудеміз тұрсақ та әзілдесіп,  
 Арпалысып жүрсек те қан-сөл көшіп  
 Күтудеміз сонау сұр окоптарда,  
 Өліп бара жатсақ та талып, өшіп.  
 Мейлі күтіп шыдамай темір сынын,  
 Мейлі көлдер суалсын, тас үгілсін.  
 Қасарысып біз күттік! Шыда, жүрек,  
 Бұл ақырғы, ең ауыр болсын бір сын.

Жеңісті осылай күтудің өзінде қашшама қайсар рух пен ерік жатыр. Ақын өмірдің әр алуан жайттарын, адам күйінің сан қылыш мезеттерін алғып жырлайды. Ол: "мен – солдат", "мен – батыр" немесе "Сен фашиссің, мен қазақтың" дегендеге, елінің атынан сөйлейді. Өзі арқылы басқа адамдардың, отандастарының сезімін, ой-арманын бейнелеуге тырысады. Мәселен, фашистерге жалғыз ол ғана емес, бүкіл халық, соның ішінде мындаған қазақтар да қарсы соғысты. Ақын осының бәрі үшін поэзия дәстүріне сәйкес бірінші жақта өз атынан сөйлейді. Оны, әдетте, лирикалық қаһарман дейді. Сондықтан әрдайым өз ісін, өз ойын ғана емес, өз ой-сезімі арқылы көпке ортақ, жалпыға тән күй-сырды айтады. Мәселен, фашистерді келекелеп, табалайтын жоғарыда аталған өлеңіндегі: "сен аспанда жұлдыз қақтың, мен далада түйе бақтым" деген жолдар Қасым жас кезінде түйеші болған екен дегендегі білдірмейді. Ақын "түйе бақтым" деп ежелгі қазақ тұрмысына тән шаруашылық түрін айттып отыр. Эйтпесе, қазақтар қазіргі замандағы, білімге, мәдениетке жетілген, инженер де, шахтер де, ғалымы да жетерлік халық. Бірақ басқыншылар оларды "тағы", "азиат" деп басынады. Ақын осы психологияны ұгады да, жауын өткір кекесінмен мысқылдайды.

Егер мен де түссем қолға,  
 Қамар ең-ау, темір торға.  
 Олай болмай, бұлай болды,  
 Біздің бақыт, сіздің сорға.  
 Сен фашиссің, мен қазақтың,  
 Өзің айтқан "азиатың".  
 Таң қаларсын "философым"  
 Фажабына табиғаттың.

Көкірегін ұрып, әлемді аяғымның астында таптаймын деген гитлершілдер 1945 жылы өз жерінде күл талқан етілді. Лирикалық қаһарман осыған қуанады, масаттанады. Ақынның өжет те өршіл рухы, жалынды жүрек, жайсаң жаны туған елінің ер мінез, ерен тұлға перзенттеріне ерекше кішіпейіл, айрықша ілтишті. Сондықтан да қазақтың қаһарман батыр, қайсар перзенті, кеменгер азаматына арналған "Бауыржан" атты өлеңінде:

Бір дауыл сапырды кеп өрт тенізін,  
 Тенсeltіп темір топан дүніне жүзін.  
 Бетіне туған жердің өшпестей ғып,

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 98 беті

Ер жазды өз қанымен жүрген ізін.  
 Нак сол кез естідім мен ер дүбірін,  
 Атағы атын алып келді бұрын.  
 Үстінде туған елдің тұрды толқып  
 "Бауыржан Момышұлы" деген бір үн.  
 Ақынның ақ сұңқардай жүргегі бар  
 Алқындым, бір көруге болып құмар  
 Кектемде күркіреген күн дауысын,  
 Жер естіп, желкілдеген гүл ынтызар,  
 –деп, ағынан жарыла ақтарыла жырлайды.

Мұндай буырқанған бұла күшке, шат еркелікке толы, бірде шиыршық атып, тағы бірде қуатты серпіліспен шалқыған сезім драматизмі Қ.Аманжоловтың көптеген өлеңдеріне тән. "Сәбитке" деген өлеңінен автордың ақындық кредосы да, өз мінезі, табиғаты да жақсы аңғарылады. Ақын қадірлі аға, үлкен суреткерге сырын-шынын бүкпестен, жан дүниесін баурап алған отты шабыт, арынды қүйді ақтарыла айтып тастайды.

Ішімде жанартаудай жатыр жырым,  
 Ұшқындаپ, іште қайнап сұрапылым.  
 Көрерсіз соның бүрқап атылғаның;  
 Жаңғыртып жан түкпірін, ойдың шыңын.  
 Өлеңнің қаптатармын отты селін,  
 Толассыз топанындағы ертегінің.  
 Білерсіз кім екенін сонда, Секе,  
 Бұл күнде от шайнаған тентек інің.

Сәбит Мұқановқа арналған осы өлеңнен ақынның асау өрлігін, алғыр зейінін, қырағы да сергек қиялын, отты екпінін, арынды тегеурінін сезінеміз. Майданнан ақын өлмес өмір өлеңін айтып қайтты. Өзінің туған елі – Қазақстанды, туған халқы – қазағын мақтан тұтты. Жүргегін өз Отанына деген шаттық сезім билеген ол "елім бар, Қазақстан" деген сөздерді бар дауыспен жар сала айтады:

Қазақстан дейтін менің бар елім,  
 Жатыр алып жарты дүние әлемін!  
 Бұл даланы анам жаспен суарған,  
 Бұл далада атам қолға ту алған.  
 Бұл далаға жылап келіп уанғам,  
 Бұл даланы көріп алғаш қуанғам,  
 Бұл далада өскен жанда жоқ арман!

Соғыстан соңғы халық шаруашылығын қалпына келтіру ұранына Қасым "Соғыстан соңғы бесжылдық" атты өлеңмен үн қосты. Бұл өлеңнің лирикалық кейіпкеріне де қайсарлық мінез, іскерлік, сертке беріктік тән.

Қасқара шыкты майданға,  
 Қасақы жауды мерт қылдық.  
 Халқымыз анттан тайған ба,  
 Құлшына тұстіқ, серт қылдық.  
 Қираған сәнді қаламыз,  
 Қаусаған алып заводтар.  
 Құлпыртып қайта саламыз,  
 Жағамыз, – дедік, – жаңа оттар!  
 Өртенген орман, қүйінбе,

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 99 беті

Сені де қайта егеміз.  
Баяғы балғын қүйіне  
Келесің қайта дегеміз!  
Қайғырма, туған жеріміз,  
Жириенген жауың жеңілді.  
Бөлейміз нұға сені біз,  
Жайқалтып алтын егінді.

Ақынның туған жерге деген жалынды перзенттік сүйіспеншілігі оның "Туған жер" атты ғажайып өлеңінде шалқыған шабытпен суреттелген.

Шықшы тауға, қарашы кен далаға,  
Мәз боласың, ұқсайсың жас балаға.  
О шеті мен бұш шетіне жүгірсөн,  
Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?  
Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің!  
Нендей қүйге жүрегімді бөледің!  
Сенде тудым, сенде өстім, сенде өлсем, –  
Арманым жоқ бұл дүниеде,  
– дер едім.

Бұл – ақын жүрегін жарып шыққан, зор азаматтық сезімнен туған, патриоттық жыр. Қасымның кейінгі шығармашылығында да соғыс тақырыбы едәуір орын алады. "Дариға, сол қызы" өлеңі өмір шындығын, лирикалық кейіпкердің тебіренісін бейнелеу ерекшелігімен де, түр жағымен де айрықша жаңа жаңа ретінде сүйіндіреді. Әр тармағы он буыннан тұратын өлең Қасымға дейінгі және кейінгі қазақ поэзиясында онша қолданыла қойған жоқ. "Дариға, сол қызыда" майдан арпалысы, тарихи шындық, жеке адамның басындағы трагедия және соның бәрінен аман алып шыққан өмірге деген құштарлық оптимистік рухта өрнектелген. Кейіпкердің жан дүниесіндегі бұлқыныстар белгілі тарихи кезеңдердегі жеке адам мен қоғам өміріндегі әлеуметтік драматизмді бейнелейтін образдылыққа айналған. Көркемдік-философиялық жинақтаушылық мәнге ие жыр жолдары ақынның тағы бір биікке көтерілгенін танытты. "Көрсетпей жүзін, естіртпей сезін, қаһарын төгіп түр долы соғыс", "сапырды дауыл, тебіренді теңіз, тулады толқын, шайқалды шың-құз" деген жолдардан замана трагедиясын, "арманым бар ма өлсем бір көріп, қайда екен, қайда, дариға, сол қызы?" дегеннен лирикалық қаһарманның өмірге деген құштарлығын, маҳаббат құдіретін, "дедім де тұрдым, жүгіре бердім, қолымда найза, шағылып айға" дегеннен әрі қайсар рухын сезінеміз.

Ақынның бұлайша өзіндік түр іздеуі отызыншы жылдары-ақ, белгі берген болатын. Мәселен, Пушкиннің қайтыс болуына жұз жыл толуына арналған "Ақынның ескерткішіне" (1937), "Отан үшін жан пида!" (1941) өлеңдері 15 буынмен жазылса, "Руставели Шотаға" (1937) өлеңі 16 буынмен жазылған. Мұндай көп буынды өлеңдер ол кезеңде некен-саяқ ұшырасатын. Кейінгі жылдары Қасым көркем аудармамен көп шұғылданды. Т.Шевченко өлеңдерін, Низамидің "Ләйлі мен Мәжнүнін", А.Пушкиннің "Полтавасын", М.Лермонтовтың "Маскарадын", А.Твардовскийдің "Василий Теркинін", т.б. шығармаларын аударуы, ақын ойының тереңдей түсүіне, шеберлігінің өсуіне көп пайдасы тигізді. Өмірінің соңғы кездерінде Қ.Аманжолов өлім, өмір, өмірдің мәні, азаматтық парызы, ақындық борыш жайында көп ойланып, көп толғанды. Ондай өлеңдері – елін, жұртын емірене сүйген азамат ақынның жан сыры, ой-сезімі.

Ақын қарызды өтеу, борыштан құтылу жайында жиі айтады. Бойындағы табиғат сыйы – үлкен дарының сарқа жұмсап, халық игілігіне жарайтын өнер жасасам, кейінгінің

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 100 беті

кәдесіне асатын мұра қалдырысам деп армандайды. Жеткен биғін місе тұтпай, одан әріге шарықтағысы келеді. Ішінде жанаң таудай атылар жыр қазынасы жатқанын сезінеді. Сонау қанды майданда жүргенде: "Қорқамын жұрт сөзінен, тым арзан өлді деген", – деп толғанса, енді "өнерім өзіммен бірге өлмесе екен" деп мазасызданады. "Поэзия асыл жар, тек өзіне тен болсам", "Көкіректегі қүйіндей жырынды жаз ерінбей", "Бәрін де беріп елжұртқа, қарыздар болмай өлейік", "Көп борыш мойнымызда өтелмеген, ойым жоқ қарыздар боп кетем деген" сиякты өлең жолдарынан соны аңғарамыз. Ұзақ жазып, ақыры 1954 жылы бітірген "Өзім туралы" деген өлеңі ақынның іштей ойлану, толғануы, жан сыры әрі кейінге қалдырған аманат сөзі іспетті. Қазір көпшілік жұрт жаттап алған осы өленде мынадай жан тербетер шумақтар бар:

Ризамын туганыма адам болып,  
Өкінбен қаламын деп бір күн солып.  
Адамзат сапарының мейманымыз  
Бір мезет жер бетіне кетер соғып.

Бір күні от өмірім қалса өшіп,  
Қайран ел туған жерден кетпес көшіп.  
Торқадай жамылып ап топырағын,  
Жатармын өз жерімде бір тәмпешік.

Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,  
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.  
Күніне жүз ойланып, мың толғанам  
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.

Қандай адалдық, шыншылдық, қандай терең ой, отты сезім! Бар ғұмырын еліне, өлеңіне ғана арнаған, "барым да, бақытым да өлеңім" деп білген ақынның одан өткен куанышы мен уайымы жоқ. Барын да, бақытын да өлең деп білген Қасым бар өмірін әдебиетке арнады. Оның қыындығын да жасырмады. "Нар тәуекел" деп "қыынға құлаш ұрды". Өмірді шексіз сүйген ақын ауру шағында да рухани күйзеліске берілмей:

Нұрлы дүние – думанды елім,  
Жарқылдайсың жас айбынмен.  
Бір сен үшін туған едім,  
Бір сен үшін жасаймын мен,  
– деп жазды. Қандай өр рух, қандай сәулетті сезім!

Қасым шығармашылығы – қазақ поэзиясының асыл үлгілерінің бірі. Халықтың қарапайым ортасынан шыққан жалынды ақын өз тағдырын туған елі тарихымен тұтастықта сезініп, өз өлендерінде халық жанына тән ерлік, батырлық, жомарттық сезімді терең көрсетті. Оның батыл ойлы, сыршыл поэзиясының бұрынғысынша әсерлі де тартымды болып келе жатқаны да сондықтан. "Ақын Өлімі туралы аңыз" поэмасы. Қ.Аманжоловтың ғана емес, бүкіл қазақ поэзиясының поэма жанрындағы үздік жетістігі болып табылатын бұл туындыға жас ақын Абдолла Жұмагалиевтің майданда көрсеткен ерлігі арқау болған. Ақындық дарыны үлкен үміт күттірген Абдолла намысқой, отаншыл, қайсар жігіт екен. Майданда соғысып жүріп, оның бөлімшесі немістердің коршауына түседі. Бір үйдің шатырына паналап, ұрыс жүргізеді. Жолдастары түгел окқа ұшады. Абдолла жалғыз өзі автоматтан оқ жаудырып, немістің рота әскерін үйге жолатпайды, көптеген солдатын қырғынға ұшыратады. Жау "Абдоллаға беріл, кінәнді кешеміз" деп хабарлайды. Абдолла берілмей, соғыса береді, ақыры немістер үйді

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 101 беті

өртейді. Әдетте, отқа адам төзе алмай, қашады еken. Бірақ Абдолла тапжылмай, үймен бірге өртеніп кеткенше қарсылық көрсетумен болады. Ол туралы Абдолланың бөлім командирі В.Григорьев: "Жау қоршауында жалғыз калып, арыстандай алысқан айбатты ақынның ерлігі бізге батырлықтың асқар шыңында сезіледі. Ол жан алқымға келгенде, соңғы гранатасын немістерге лактырады да, ақтық оғы қалғанша автоматты жау өңменінен айырмады", – деп жазды. Поэма Абдолла өмірінің осы бір соңғы кезеңін суреттеуге құрылады. Ақын образды жау қоршауында, от ортасында қалған батырдың бір сәттегі ерлік ісін көрсету арқылы ашады. Тұған елінің ерлік дәстүрі мен жауынгерлік аятына берік азамат кейіпі санада туған жалынды толғаныс арқылы да толыға түседі. Поэма аз сөзбен берілген соғыстың сұрапыл суретінен басталады.

Өмір гүлін жанышп, таптап,  
Шаштан сүйреп махаббатты,  
Жерімізде жындай кантап,  
Найзаға іліп ар-ұятты  
Келе жатты сүм жендеттер.

Олардан жиіркеніп жиырылған жер, жауға тамшы татырмай, сүн алып қашқан өзендер, жауды бетке ұрып сабалаған жел, дұшпан аяғына бастырғысы келмей, аспанға ұшқан тастар – барлығы да жаудың зұлымдығын көрсетіп, оған деген кекті, ызыны өршітер суреттер. Орман етегінде сатыр-сұтыр жаланған от та жаудың жауыздығын бейнелейді. Қоршаудағы солдат кеудесіне сол оттан кек ұшқыны түскендей әсер қалдырады. Ол Отан жерінде зұлымдық отын жағып отырған жауларына кектенеді.

Қасиет күші ұлы Отанның,  
Қанатын бер қыран құстың,  
Ашуын бер арыстанның,  
Жүргегін бер жолбарыстың!

Күллі әлемнің ашу кегі,  
Орна менің қеудеме кеп!  
Жау жолына атам сені,  
Бомба бол да, жарыл жүрек! –

деп шамырқанады. Қаһарманның ішкі толғанысы ширыға келе, қаһарлы кекке, жан ашуына айналады. "Намысты ұлан аласұрып" жау тобына автоматтан оқ жаудырады. Екі жақ та өшіге өршеленеді. Осы бір өлім мен өмірдің күресін ақын зор ақындық буырқаныспен суреттейді:

Қара толқын орман шашын  
Жұлды талдап снарядтар.  
Мәңгі мекен көл жағасын  
Тастан, суга сұнгіді жар.

Кең даланы жүнше тұтіп, орман шашын талдап жұлдып, көл жағасы – жар құлатқан снаряд күші батырдың жүргегін шайлықтыра алмайды. Ол ақтық демі біткенше арыстанша алысады.

Ала алмайсың! – деді ер ұлан,  
Алмай қойман! – деді жауы.  
Қысты келіп жан-жағынан  
Темір торлы жау курсауы.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 102 беті

Бұл – кейіпкер тағдырының драмалық шиеленіске толы кезі. Үйге бекінген жалғыз адамды ала алмаған жау өрт қояды. Отан алдындағы антына адаптация жау қолына түскеннен ерлік өлімді артық санайды.

Қызыл жасыл киінген өрт  
Көрінді оған бол қызы ойнақ,  
Толқып торғын, жайнап букет,  
Тым сиқырлы билеп, ойнап.  
Ашып отқа омырауын,  
Естісін, – деп, – қырсық жауым,  
Айтты ол шырқап өрт ішінде  
Сүйген әні "Карғам-ауын".  
Қайсар батыр от киінген  
Күш-қайратын тіске жиып.  
Жаңағы акшыл ер жүзінен  
Жалын тілі түрді сүйіп...

Абдолланың отқа жанып түрған шағын да зор ақындық қуатпен ғажайып суретке айналдырған:

Шұғыла шашқан кешкі бұлттай,  
Толқын шашта оттар ойнап.  
Өрт топанып кешіп Нұхтай,  
Жалғыз өзі түрді бойлап.

Бұл – екінің бірі айта алмайтын жыр, екінің бірі көрсете алмайтын сурет. Ортеніп, жалынға айналып барып, күрт құлаған Абдолла бейнесінен иілмейтін, шарт сыннатын қайсар мінез танылады. Ол әсер жауын мазақтап, өлім қойнына өлеңдете кіреді. Ақын кейіпкерін өрт ұстаган Прометейге ұқсата отырып, оның өлімін романтикалық аңызға айналдырады. Оқиға да, адам сезімі де қысталана шақтағы қозғалысқа негізделіп, оның бойындағы рухтың әр күшін өткір бейнелейді. Ақтық минуттағы соңғы сөзін батыр Отанына, еліне арнайды. Бұл – трагедиялық ақын өлімінің өзінде де үлкен өмір сүйгіштік күш барын танытады. Соғыстың қызып түрған кезінде жазылған (1943) бұл поэма сол кездің өзінде-ақ, жүртшылық назарын бірден өзіне аударды. Ол жөнінде алғашқы пікір айтқан Ғабит Мұсірепов: "Қасым ақын жанының бар толғауын, кек күшін, сезім тереңін түгел бере алған. Жалынды сөзбен жауға аттандырар, жан сезімімен жас тамшылатар ақын сөзі өзегін, жүргегін тербей шыққан. Қасым поэмасы майданнан соққан жаңа леп сияқты", – деп жазды.

### **5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.**

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды. Ұлы Отан соғысы туралы жыр», «Байкал», «Орал», «Елге хат» өлеңдері. «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасын оқып, оларға талдау жасандар.

**Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин.**

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау: 10 мин.**

### **5.6.Әдебиет:**

Негізгі:

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 103 беті

- 1.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014
- 2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;
- 3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;
- 4.Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
- 5.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

### **Қосымша әдебиеттер:**

- 1.Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
- 2.Сәтбаева Ш, Ш.Құдайбердиев – Алматы 1990
- 3.Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
Мұндағы тіршілік қамымен орыс байы – Федоров (Тентек Шодыр) ауына жалданып, асымдық талға жау тауып, күн кешіп жүрген Мөңке, Дос, Еламан, Рай - әр кездері ағайынды Алдаберген соғы, Құдайберген болыс (Қаратаз), Тәнірберген мырзалардың малын, жылқысын бағып, кейін намысқа тырысқанда, бөлек шыққан өркеуде кедейлердің ұйтқысы. Еламанның ыза-кегін ояткан тек Федоров қысымы емес. Бала жасынан тартқан жетімдік тақсіреті. Тәнірберген әкесінің қиянаты, жас мырзаның өз өктемдігі, жеке басынан асып, аз ғана қуанышы – жанұя бақытына түскен шіркеу – осының бәрін ерте есейген зерделі жігіт тағдырдың әділетсіздіген санайды. Еламанды ешкім күтпеген өкіс қадамға (Тентек Шодырды өлтіру) жетелеген себептер авторлық баяндауда кедеспейді. Ә.Нұрпейісов кесек әрекеттердің психологиялық астарын жанама синтетикалық жолмен суреттеген. Сібірге жер аударылған Еламанның ісін ел ішінде өр мінезді Кәлен жалғастырады. Бай ауылдың барымта-қарымтасымен жүрген дара бітім, оқшау істің адамы – Кәлен мен Абыралы әулетінің мұддесі де қайшылыққа келіп тіреледі. Тәнірберген – жазушы сомдал түйген характер. Оған М.Әуезов эпопеясындағы Құнанбай, F.Мұсіреповтің “Оянған өлкесіндегі” Игілік бейнелерінің әсер-ықпалы көп. Тәнірбергенде дала көкжалы – Құнанбайдың ірілі болмағанмен, айлакерлігі, Игіліктің дәуір, қоғам барысын топшыладап, тез бейімделгіш елшілігі бар. Ұақыт, орта, жағдай, мінез сипатына байланысты М.Әуезов қаһарманындағыдай асқақтығынан жынысқылығы басым, ал F.Мұсірепов кейіпкеріне залымдығымен ұқсас. Олармен теңесетін – Тәнірбергеннің озбырлығы, менмендігі. Тәнірберген көзге сыпайы, кішіпейіл; ал іс-әрекеті, жасырын жоспрашарымен, өктем, бұза жарып өтетін жанкештілігімен өзіндік характер ерекшелігін жасайды. Ә.Нұрпейісов құрделі жан, ой, ұғым иесін терең сарабдалдықпен, әр қырынан, байыпты арналарда суреттейді. Осынау жауыздыққа бейіл, қатары көп адамның романдағы мәнгілік философиялық ақиқатты жария қылатын мағыналы тұлғаға айналуы – қаламгердің жаңашыл шығармашылық тұғырнамасына дәлел.“Ботакөзде” Итбайды Кенжебай көтерілісшілермен бірге жазаласа, Кәлен мейманасы тасқан Құдаймендені жалғыз өзі тұншықтырады. Ақ көңіл, өнерлі, байыр жігіттің көп жағдайда Еламанға жетіспейтін қасиеттер: ерлік, шешімталдық, қызуқандылығы мен аккөз ерлігі халықты соңынан ерте білетін көсемдікке лайық. Еламанмен бірге бастаған 1916-жылғы Араг өнірі кедейлерінің көтірілісі кезінде де Кәлен –соңғы айласы қалғанша ел алдындағы жауапкершілігін терең сезініп, қасындағы сарбасы үшін туған перзентін жау қолына тастап кететін дархан жаратылысы, оқшау жүректілігімен ерекшеленетін кесек тұлға. Кәлен де, Еламан да заман талқысы қысқан шақта еркіндік іздеген жарлы қауымға көшбасшылық ететін халге жеке көңіл қалауымен емес, көпшілік тілегі, объективті зандылықтар жасымен жетеді. Сарбаздардың өзін хан сайлау туралы ұсынысына қайырған жауабында Кәленнің таң қаларлық қарапайымдығы мен халықтың тарихи, адамгершілік нағым, сенімі арқылы әбден сіңісті болған сергек даналығы айқын көрініс береді. Еламан алғашқы сойқан қылығынан басқа жерде әрбір қадамын есепке алып, көп толғанып барып, бір амалға келетін сақ та байсалды. Кәлен – бар істі ашу-ыза үстінде тындырып салатын, кейінгін ойлап, сары уайымға түспейтін, наркескендей өткір. Жазушы штабс-капитан Рошаль, генерал Черновтың ой-толғаныс, тіршілік характері арқылы іштей іріп-шіріген Колчак армиясын қызыға суреттеп кететін тарауларда негізгі тартыс арнасын Еламан, Тәнірбергеннің олармен кездесу оқиғалары нәтижесінде қоюланта түседі. Бас кейіпкердің түрік шекарасындағы соғыстан алған әсері қыын-қыстау кезеңдерде рухани күш, моралдық жігер беретін елестер түрінде еске алынып отырады. “Тар жол, тайғақ кешудегі” Петров, “Ақ Жайықтағы” Яковлевтің прообразы іспетті Мюльгаузеннің дарашил психологиясы, авантюристік әрекеттері де өмір шындығын әр түсті бояулармен нағымды өрнектеу өнеріне кепілдік берсе керек. Әр түрлі алдамшы типтердің, арамза одактастардың шылауында кеткен жігерсіз Колчак армиясы халықтың ғасырлар бойы қанында тулаған ыза-кек толқынына бере алмайды.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 117 беті

Ақтық шамасы қалғанша тістесіп өткен ақ гвардияшылардың қазақ даласында істеген қиянат-зорлығы елдің қатерлі жауға қарсы ынтымағын арттыра түседі. Еламан үшін дәуір сапырылсы айқын нәрсе болса, Тәңірбергенге ол жұмбак. Қорқыныш, үрей ассоциациялары таңданып, күдіктенуден, үміттенуден әлдеқайда басым. Тәңірберген тарихи-қоғамдық құбылысты діни-нанымдық фанатизм, сахара стихиясына ғана тән өмірлік қайшылықтар көлемінде бағалайды. Алайда әшейінде әдіской, астыртын құрестің палуаны Тәңірбергеннің уақыт қаһарына қарсы шығар шарасы жок.

Трилогияда кескіндік анықтамалар мен пейзаж көріністерінің рөлі зор. Портреттің психологиялық айтарлары мол. Мысалы, романда Ақбала өні, оның киім киісі, әдемі көзі, қалың шашы тәрізді негізгі сұлулық нышандары әлденеше рет қайталану арқылы соны жағдайлар табиғатына үйлес өзгерістерімен қамтылады. Жазушы мезгілдік құбылыстарды көп жағдайда адамдардың ішкі сарайындағы толқындармен, тұрмыстық, мұраттық әуендермен желілес бейнелейді. “Қан мен тер” трилогиясымен Әbdіжәміл Нұрпейісов казақ әдебиеті үшін бұрын жан-жақты бейнелеу өрнегінен өтпеген Арап өнірі табиғатын өзіндік топографиялық ерекшеліктерін ашып кестеледі. Үлкен эпикалық полотнода теңіз стихиясы барша қатал сұлулығымен адамдар тағдырын, олардың кәсіп-тіршілігінің сипатын, арман-мұратын, сол жолдағы іс-әрекетін бедерлейтін көркемдік-эстетикалық фон ретінде шебер көрініс берді. Ә.Нұрпейісов шығармасындағы ландшафт рені кездейсоқ алына салмайды, олар әр кездегі қаһармандар ғұмыр кешетін ортаның тарихи-әлеуметтік болмысын танытатында кейіпте, жан толқынымен бірлікте суретtelіп, жазушының заман, қоғам, өмір қайшылықтары жайлы астарлы философиялық ой-сезімдеріне рухани тірек болады.

Уақыт тағы өзгерді екен деп романды түзетуге салудың қажеті болmas еді. Бұл уақыт - өткен мен бүгінді екші бағалайтын, әр нәрсені байыбына қарап бағалайтын уақыт. Көп мәселе тарихи туындыларды парасатпен зерделеуге байланысты. Саналы көзben қараган жанға “Қан мен терде” мол шынайылық, суреткерге тән машиқ бар.

## 5. Білім берудің және оқытудың әдістері пікір-талас

Пікір-талас – оқытушы тарапынан ұсынылған негізгі мәселелер төңірегінде пікір-таласқа қатысушылар жақтаушы не даттаушы болып екіге бөлініп, өзінің көзқарасын нақты мәліметтерді, дәйектемелерді көрсете отырып дәлелдейді. Өзінің қарсыласын жеңе алатындағы дәлелдер келтіріп, сөз шеберлігін, қызуқандылық танытады. Пікір-таласты оқытушы бақылап, бағыт береді.

*«Соңғы парыз» романындағы кейіпкерлердің психологиясын бейнелейтін сәттерге мысал келтіріңдер.*

**Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 15 мин.

## 5.6. Әдебиет.

Негізгі:

- 1.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014
- 2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;
- 3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;
- 4.Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
- 5.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 118 беті

**Косымша әдебиеттер:**

1. Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
2. Сәтбаева Ш, Ш. Құдайбердиев – Алматы 1990
3. Сыздыкова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
5. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
6. Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
7. Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
8. І.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
9. Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.
10. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 10 мин.

**5.7. Бақылау:** сұрақ- жауап.

1. Э.Нүрпейісовтің шығармашылығы туралы айтып беріңдер.
2. Алғашқы шығармасы қалай аталады?
3. Осы романындағы кейіпкерлердің портреті туралы не айта аласындар?
4. Жазушының қандай шығармаларын білесіндер?

**№ 35 сабак**

**5.1. Тақырып:** Зейнолла Қабдолов. «Менің Әуезовым» роман эссе үзінді. Қадыр Мырза-әлі. «Домбыра» өлеңі.

**Сағат саны:** 2 сағ.

90 мин.

**5.2. Мақсаты:** Оқушыларға ұлы жазушымыз, өлкеміздің мақтанышы Зейнолла Қабдоловтың өмірі мен шығармашылығы, Қадыр мырза-әлі туралы білімдерін кеңейту. Өз еліне деген патриоттық сезімдерін жігерлендіре түсіп, қазақ төл ақын-жазушыларының шығармашылығына деген қызығушылықтарын арттыра түсү.

**5.3. Оқу мақсаттары:** Жаңа тақырыпты менгеруге бағыт беру, іздену қабілетін, мәнерлеп айту дағдысын, сөйлеу мәдениетін, қалыптастыру.

**Үйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

**Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:** 15 мин.

**5.4. Такырыптың негізгі мәселелері:**

1. Зейнолла Қабдоловтің өмірі мен шығармашылығы.
2. «Менің Әуезовым» роман эссе үзінді.
3. Қадыр Мырза- әлі өмірбаяны.
4. «Домбыра» өлеңі.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 20 мин.

Зейнолла Қабдолов. «Менің Әуезовым» роман эссе үзінді. Зейнолла Қабдолов Атырау облысында 1927 жылы 12 желтоқсанда мұнайшы отбасында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетін (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін) бітірген. 1950 жылдан дүниеден өткенше осы университетте ұстаздық қызмет атқарды, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді, әдеби шығармашылық еңбекпен айналысты. Ұстаздықта — профессор, ғылымда -академик, көркем шығармашылықта Халық жазушысы деген биік белестерге шықты. Зейнолла Қабдолов шығармашылық жолын өлеңнен бастап, кейін проза, көркем аударма, ғылыми-зерттеу салаларында еңбек етті. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығының авторларының бірі, «Ұшқын» (1951), «Жалын» (1962-1964),

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 119 беті

«Менің Әуезовім» (1997) және Махамбеттің өмірі мен өлімі туралы аяқталмай қалған «Махамбет» («Мұз ұстінде от жаққан») романдарын, бірнеше эссе жинақтарын («Адам», «Сыр»), әдеби талдаулары мен толғаныстарын («Жанр сыры», «Жебе», «Көзқарас», «Арна»), «Сөз өнері» атты монографиялық зерттеуін, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Әдебиет теориясының негіздері» оқулығын жазды. «Сөнбейтін от» драмасын сахнаға шығарды. А.Н.Островскийдің «Ұшынған ақша»; Назым Хикметтің «Елеусіз қалған есіл ер»; Гарриет Бичер-Стоудың «Том ағайдың лашығы»; Яшпалдың «Дивъя»; Ян Отченашек пен Ярослав Бланктің «Мезгілсіз махабbat»; Михаил Шатровтың «Ар диктатурасы» және т.б. пьесаларын қазақ тіліне аударды. Қаламгердің таңдамалы шығармалары бірнеше рет басылып шықты (екі томдық, бес томдық, алты томдық). «Менің Әуезовім» роман-эссесі үшін жазушыға 1998 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. «Менің Әуезовім» Зейнолла Қабдоловтың ұзак толғанысынан туған. Жазушы өз шығармасын осы толғанысының сырын айтудан бастайды. Роман-эссе авторы М.Әуезовтен бес жыл оқыған, М.Әуезовпен он жыл бірге қызмет еткен. Романның бас кейіпкері — ұстаз, авторы — ұстазын іздел тапқан шәкірт. Романның тақырыбы — М.Әуезовтің өмірі мен қызметі, идеясы — Мұхтар Әуезовтің өмірі мен қызметінің өнегесі. М.Әуезовтің өмірі туралы жазылған бірқатар шығармалар бар. Зейнолла Қабдолов Мұхтар Әуезов туралы өзінше, тек қана өзінше жазды: жаңа сыр ашты, соны түр тапты. Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі -ішкі мазмұны сырлы, сыртқы түрі нұрлы шығарма. Роман-эссеге арқау болған шындық құбылыстар автордың атынан баяндады. М.Әуезовтің өмірлік мақсатмұддесі анық, айқын: а) ел мұддесін қорғау; ә) ұлттың рухани құндылықтарын сақтау, байыту, уағыздау; б) ұлттық әдебиет мамандарын даярлау. М.Әуезовтің өмірі көпқырлы: а) қызын көзөндөрді бастаң өткөрді; ә) қуғын көрді; б) азап шекті; в) мұратына жетті... М.Әуезовтің қызметі көпсалалы: а) жазушы; ә) ұстаз; б) ғалым; в) қоғам қайраткері. М.Әуезовтің өмірі мен қызметінің қырлары, салалары автордың көргендері мен сезгендері, көңілге түйгөн ойлары мен сырлары негізінде суреттеледі

### **Қадыр Мырза- әлі. «Домбыра» өлеңі**

Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Мырза Әлі – XX ғасырдағы қазақ поэзиясының жан-жақты өсіп, өркендеуіне, кемелденуіне, болашақ үрпақтың ұлттық рухын қалыптастыруды зор еңбек сіңірген ақын. Оның өлеңдерінің поэтикалық қуатын күштейтіп тұратын ерекшелігі – ондағы ұлттық сипатты танытатын ұлттық мазмұн мен пішіннің бірлігінде, ұлттық дәстүр мен образды ойлаудың жаңашылдығында. Қазақ поэзиясының көркемдік дәстүрінен мол сусындаған ақын өлеңдерінде тың ой, жаңа ізденіс, рухани көндік, көркем суреттер мен шынайы образдар көптеп кездеседі. Ақын поэзиясындағы дала, домбыра, бесік, тау, тұлпар, киіз үй сияқты ұғымдар символдық мәнге айналған ұлттық көркем дәстүріміз. Қадыр ақынның «Домбыра» өлеңінің алғашқы шумағы қанатты сөзге айналып кеткені де белгілі. Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-пәл кем бұра. Нағыз қазақ – қазақ емес, Нағыз қазақ – Домбыра! Домбыра аспабының қаншалықты қадірлі екенін Қадыр Мырза Әлі екі-ақ ауыз сөзбен осылайша түйіндейді. Расында да қазақ поэзиясындағы домбыра бейнесі – ежелгі жыр-дастандардан бүгінгі жас толқынға дейін жырланып келе жатқан мәңгілік тақырып. Қашаған жыраудың «Қолымдағы ағашым – Алып жүрген домбыра. «Домбыра – күнә» деген сөз – Тек бір айтқан дабыра. Пайғамбарым туғанда, Бесік болған бұл ағаш. Ыбырайым Кәғбә салғанда, Мешіт болған бұл ағаш. Ықырам үйдің алдында, Есік болған бұл ағаш» деп төгілте жырлағаны – домбыра. Илияс Жансүгіровтің «Күй», «Күйші» поэмалары – қазақтың асыл өнері күй мен ұлттық мұрасы домбыраға жырдан қаланған ескерткіш.

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 120 беті

Одан берідегі Жұмекен: «Үйден алыс шыққанда мен екі аманат қалдырам. Бірі – ұлым, өзінсін, екіншісі – домбырам», – деп, ұлы мен ұлтының мұрасының қаншалықты ардақты, қаншалықты құнды екенін өлеңі арқылы көрсетеді. Бұл қаламгерлерден өзге де қазақ өлеңінің тарихында домбыраны жырға қосқан ақын көп. Әрқайсысы әртүрлі стильде жырласа да, ортақ тақырып, ортақ мұңның бір ұқсас тұсы бар, ол – ұлтының ұлы аспабына деген иісі қазақтың құрметі, сезімі мен ойы. Домбыра шертілгенде қазақтың кең–байтақ сахарасы, сұлу табиғаты, самал желі мен үрлеген бораны, көлдегі аққуы көз алдымызға келеді. Бұл – қазақ қүйінің ерекшелігі. Орыс зерттеушісі Г.Н. Потаниннің «маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді» деген сөзі соның бір дәлелі. Қос дауыс сарынынан бүкіл қазақ жұртының қуанышы мен қайғысы, арман–мұддесі, философиялық сарын, азаматтық үн, жалпы айтқанда, тарихы қүй болып төгіледі. Кадір Мырзалиев өлеңінің: Бір ішегінде биіктік бар, бір ішегінде терендік. Ол мылқауды сөйлетеді, жылатады керендей – деген жолдары осының айғақтайды.

**Домбыра**

Екі ішектің бірін қатты,  
бірін сәл-пәл кем бұра.

Нағыз қазақ – қазақ емес,  
Нағыз қазақ – Домбыра!

Білгің келсе біздің жайды, содан сұра тек қана: Одан асқан жоқ шежіре, одан асқан жоқ дана. Ақиқатты айтқандардың бәрі осылай сорласын

Деп бір ҳаңан шанағына құйған оның қорғасын.

Бір ішегінде биіктік бар, бір ішегінде терендік.

Ол мылқауды сөйлетеді, жылатады керендей

Жалған сейлеп көрген емес соның өзінде:

Аппақ жалын қүйдің жанын жалап жатқан кезінде.

### **5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.**

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды. Білім алушылар кіші топтарға бөлінеді.

### **Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин.**

тапсырмасы: Қ.Мырза Әли поэзиясындағы әлеуметтік дегенді қалай түсінесін? Қадыр Мырза- әлі. «Домбыра» өлеңі туралы өз ойларынды ауызша баяндаңдар.

II тапсырмасы: Ақын қазақ поэзиясына қандай жаңалықтар экелді? өз ойларынды ауызша баяндаңдар.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 10 мин.

### **5.6.Әдебиет.**

Негізгі:

- 1.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014
- 2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;
- 3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;
- 4.Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
- 5.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 121 беті

7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

### Қосымша әдебиеттер:

- 1.Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
- 2.Сәтбаева Ш, Ш.Құдайбердиев – Алматы 1990
- 3.Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
- 4.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
- 5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
- 6.Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
- 7.Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
- 8.Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
- 9.Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.
- 10.Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 5 мин.

### 8. Бақылау. Пікір-тала

Ақын шығармашылығы туралы пікірлерінді жазбаша білдіріндер.

### № 36 сабак

**5.1. Тақырып:** Мұқағали Мақатаев. «Қайран Қарасазым-ай»лирикасы, «Дариға жүрек поэмасы»..

**Сағат саны:** 3 сағ.

135 мин.

**5.2. Мақсаты:** Қазақ жырының қара бурасы атанған Мұқағали Мақатаевтың өмірімен және шығармашылығымен таныстыру. Ақын қызынның жырларымен таныстырып, оқушылардың поэзия туралы түсініктерін, сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту.

**5.3. Оқу мақсаттары:** Оқушыларды өздігінен іздену арқылы деректермен жұмыс істеуге баулу, поэзияны сүйе отырып, сұлулық пен махаббатты тануға, адамгершілік мен мейрімділік қасиеттерін, өнерді құрметтеуге тәрбиелеу.

**Үйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

### 5. 4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылық жолы.
- 2.«Қайран Қарасазым-ай»лирикасы, «Дариға жүрек поэмасы».
- 3.Тәуелсіздік жылдардағы әдебиет.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 40 мин.

**Мұқағали Мақатаев. «Қайран Қарасазым-ай»лирикасы, «Дариға жүрек поэмасы».**

Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев (1931-1976, шын аты Мұхаммедқали) – қазақтың лирик ақыны, мұзбалақ ақын, өз заманында лайық бағасын ала алмаса да өзінен кейінгілер үшін мәртебесі биік ақын қызы. Ол 1931 ж. 9-шы ақпанда Алматы облысы, қазіргі Райымбек (бұрынғы Нарынқол) ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген. Ақынның туған күні жөнінде екі түрлі ақпарат бар. Алайда, құжаттар бойынша ақынның туған күні ақпанның 9-нда тойланады. Екінші ақпарат: ақынның анасы Нағиман апа былай деген: «Мұқағалиым 1931 жылы наурыз айының 8-інде дүниеге келген болатын. Жаңылысым мүмкін емес. Себебі балам мынау фәнидің есігін ашқаннан біраз уақыт

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 122 беті

кейін Наурыз тойы болады, наурыз көже жасаймыз деп күтіп отырғанбыз.» Мұқағали Мақатаев атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты Оразақын Асқар ақынның екінші туған күніне байланысты мынадай сөз айтады: «Ал құжат бойынша Мұқағали 9 акпанда дүниеге келген. Бұл қуәлікті ақын ес білген кезде сол кездегі сайлау науқанына байланысты өзі жаздырып алған екен». Мұқағалидің “Қарлығашым, келдің бе?”, “Дариға жүрек” (1972 ж.), “Аққулар ұйықтағанда”, “Шуағым менің” (1975 ж.), “Соғады жүрек”, “Шолпан”, “Жырлайды жүрек”, “Өмір-өзен”, “Өмір-дастан” және т.б. жыр жинақтары, сондай-ақ, “Қош, махаббат!” (1988 ж.) атты прозалық кітабы да бар. Біршама өлеңдеріне ән жазылды. Өзін аудармашилық қырынан да сынап көрген Мұқағали Дантенің “Құдіретті комедиясының” “Тамұқ” деген бөлімін (1971 ж.), Шекспирдің “Сонеттерін” (1970 ж.), Уолт Уитменнің өлеңдерін (1969 ж.) қазақ тіліне аударды. Ақынның көзі тірісінде 3 аударма кітабы [У.Уитмен, “Шөп жапырактары” (1969); У.Шекспир, “Сонеттер” (1970); Д.Алигері, “Құдіретті комедиясының” “Тамұқ” бөлімі (1971)], 8 жыр жинағы [“Ильич” (1964), “Армысындар, достар” (1966), “Қарлығашым, келдің бе?” (1968), “Мавр” (1970), “Дариға-жүрек” (1972), “Аққулар ұйықтағанда” (1974), “Шуағым менің” (1975), “Өмірдастан” (1976)] жарық көрді. У.Уитмен, У.Шекспир, Н.Тихонов, Р.Бернс, Ф.Ансари, А.Акопян, А.Исаакян, Е.Евтушенко, Ф.Моргуннің бірнеше өлеңдерін аударды. Ю.А. Александров, М.М. Курганцев тәржімалаған ақын өлеңдері “Зов души” деген атпен орыс тілінде басылып шықты

**Поэмалары.** Мұқағалидің “Ильич”, “Ақ қайың әні”, “Ару-ана”, “Мавр”, “Аққулар ұйықтағанда”, “Қырандастар, қош болындар”, “Чили-шуағым менің”, “Шекарада”, “Большевиктер”, “Өмірдастан”, “Арман”, “Шолпан”, “Досыма хат”, “Алтай-Атырау”, “Отаным, саған айтам”, “Райымбек! Райымбек!”, “Қашқын”, “Жер үстінен репортаж”, “Моцарт. Жан азасы” атты поэма-толғаулары бар. 650-ден астам лирикалық өлеңдерінде адам өмірінің мәні, әсемдік пен сұлулық, тазалық, ерлік, елдік, туған жер тұрасында терең толғаған. Ақын өмірінің соңғы кезеңінде жазған “Моцарт. Жан азасы” реквиемі пәлсапалық мазмұны, психологиялық тіні өзгеше туынды. “Табыт ұні”, “Халық ұні”, “Жесірлер ұні”, “Бесік жыры” аталатын 4 бөлімді туындының әрбір бөлімінде бірде табыт, бірде жесір-Ана, бірде Жер-Бесік атынан Өмір мен өлім туралы философиялық пайымдаулар айтылған. Ақын Моцарт тағдырын тілге тиек ете отырып, өмір туралы өз жанының оптимистік рухын, әрбір адамның жан түкпіріндегі арман-әнін жеткізеді. Ақын қай тақырыпта жазса да жалған сезім, жылтырақ сөзге әуес болмады, ол туралы: “Мен жырламаймын, Сырласамын. Сыры бір замандаспен мұндаасамын. Көгендер жыр қосағын, Келмейді жыр жасағым” немесе “Тіпті де мен емес-ті “Мен” дегенім... Өзгенің жаны-сырын ұғу үшін, Өзімді зерттегенді жөн көремін” дейді. Мұқағали шығармашылығының тіні “өзін-өзі” зерттеуден тұрады. Мұқағалидің медитативті лирикасындағы лирик. Мен — өзін-өзі іздеген, өмір мен өлім, адам мен қоғам, ғаламнан үйлесімділік іздең шарқ ұрған, толассыз ізденістегі пәлсапашыл Мен. Мұқағалидің шығармаларында философиялық тереңдік, адамның психологиялық жан күйзелісін суреттеу, медитация басым. “Өмірдастан” атты топтамалы толғауында жесір женге (Дариға) образы арқылы тылдағы халық өмірі мен адамдық, азаматтық, адалдық, арнамыс, рух пен нәпсі арасындағы толассызы күрес психол. шиеленіс арқылы шебер жеткізілген. Мұқағалидің шеберлігі өзі өмірден көрген-білгенін көңіл елегінен өткізе терең жеткізуінде. Имандағы, ислам діні тұрасында “Я, Жаратушы Аллам”, “Сатқан емен”, “Дін-ғылымның анасы”, “Я, Алла”, “Бұқіл дүние мұсылмандарына хат”, “Адам қайдан жаралған”, “Жүрек арызы”, “Құн батты, міне, кеш кірді”, “Не керек, осы, адамға”, т.б. өлеңдер жазды. “Сатқан емен, сатпайтын дінімді мен”, “Мұхаммедтің үмбеті-мұсылмандын”, “Сайтанның да, күнәсіз періштенің, Бал мен уын талғамай неге

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 123 беті

ішкенмін. Періштенің қайғысын бөліспедім, Сайтанменен болса да келіспедім” секілді жыр жолдарында адам табиғатына сай тартыс, пәнденің жан тылсымындағы жұмбақ қақтығыстар көрініс тапқан. Ол әсіресе тауды, қазақ ауылын көп жырлайды (“Тауда өстім”, “Тау бір аныз”, т.б.). “Өлмесін деп берген ғой тауды маған, Мен күніренсем, күрсініп тау жылаған”. Ол қазақ өлеңін мазмұн, пішін жағынан түрлентті. “Қазақтың қара өлеңі құдіретім, онда бір сұмдық сыр бар естілмеген” дейді ақын. Мұқағали дәстүршіл ақын, ол өлеңге интонация, инверсия, мазмұн тұрғысынан жаңалық енгізді. Мұқағалидің поэзиясы ұлттық харakterімен, міnezімен ерекшеленеді: “Су сұрасам, сұт берген, айран берген, Қартайып қалыпсың-ау, қайран женгем”. Ақын өлеңге ерекше кие деп қарап, Музға табынған: “О, Музға, маған алыс сөреңді бер, ұайыптан кел де, мені демеп жібер”. Мұқағали адам жанының диалектикасына терең бойлап, оның болмысын шынайы бедерлейді (“Жапырақ жүрек-жас қайың”). Ол “Нағыз ақын алдымен ойшыл, философ болуы қажет. Поэзияда философ болу өзін қоршаған әлемді ұғыну, әр заттың мәнін білу, ақырына дейін “адам жанының инженері болып қалу” дегенді ұстанды (Күнделік, 10.2.1976). Ақынның шеберлігі өмірден өзін, өзінен өмірді көре білуінде. “Бүкіл менің жазғаным — бар-жоғы бір ғана бүтін поэма. Адамның өмірі мен өлімі, қасіреті мен қуанышы туралы поэма” дейді ақын. Мұқағалидің адамзат ғұмыры мен әлем сырын жыр еткен лирикасы қазақ әдебиетіне қомақты мұра боп енді. Мұқағали поэзия жанрында ғана емес, проза, драма, сын саласында да қалам тартты. Қаламгердің “Қош, махаббат” жинағына (1988) әр жылдары жазылған “Құлпытас”, “Марусяның тауы”, “Өзгермепті”, “Әже”, әңгімелері, “Қос қарлығаш”, “Жыл құстары” повестері мен “Қош, махаббат” пьесасы, бірнеше сынни еңбектері енген. “Рух және сезім”, “Сезім наизағайы”, “1969 жылғы қазақ поэзиясы“ атты әдеби сын еңбектерінде О.Сүлейменов, М.Әлімбаев, Қ.Мырзалиев, Ж.Нәжімеденов, С.Мәуленов, т.б. шығармаларына талдау жасап, өнер, поэзия туралы ой толғайды.

### **5.5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне жету үшін оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары:** бағыт беру

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Оқушылар өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

**Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 30 мин.

**Тапсырма:** 1. М.Мақатаев өлеңдеріне жазылған қандай әндер бар?

2 Өздеріңе ұнаған бір өлеңін жатқа айтыңдар.

3. «Көктөбедегі кездесуде» пьесасының кейіпкерлердің табиғаты пен тағдырындағы айырмашылықтарды айтыңдар

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 15 мин.

### **5.6. Әдебиет.**

Негізгі:

1.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014

2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;

3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;

4.Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;

5.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;

6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011

7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндеу	128 беттің 124 беті

### Қосымша әдебиеттер:

- 1.Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
- 2.Сәтбаева Ш, Ш.Құдайбердиев – Алматы 1990
- 3.Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
- 4.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
- 5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
- 6.Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
- 7.Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
- 8.Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
- 9.Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.
- 10.Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 10 мин.

### 8. Бақылау: сұрақ- жауап

1. М.Мақатаевтың ақындық қарым- қабілеті қашан байқалған?
2. «Қайран, Қарасазым -ай» не туралы өлең? Мағынасы неде?
3. «Дариға жүрек» поэмасындағы монологке көніл аударындар.
4. «Көктөбедегі кездесуде» астарлы әзіл, юмор қандай қызмет атқарады?
5. Пьесада қандай мәселелер айқындалған?
6. Пьесаның көркемдік әлемі туралы шығарма жазындар.
7. Қазіргі қазақ поэмалары туралы айтып беріндер?
8. Тәуелсіздік жылдар әдебиеті дамуының тарихи алғышарттары.
9. Қазіргі қазақ поэзиясындағы Астана тақырыбына тоқталындар.
10. Ұ.Медетбек поэзиясындағы өлең құрылымына зер салындар.

### 37 сабак

**5.1. Тақырып:** Қалтай Мұхамеджанов. «Көктөбедегі кездесу» пьесасы.

**Сағат саны:** 3 сағ.

135 мин.

**5.2. Мақсаты:** Қазақ жырының қара буrasesы атанған Қалтай Мұхамеджановтың өмірімен және шығармашылығымен таныстыру. Ақынның жырларымен таныстырып, оқушылардың поэзия туралы түсініктерін, сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту.

**5.3. Оқу мақсаттары:** Оқушыларды өздігінен іздену арқылы деректермен жұмыс істеуге баулу, поэзияны сүйе отырып, сұлулық пен махаббатты тануға, адамгершілік мен мейрімділік қасиеттерін, өнерді құрметтеуге тәрбиелеу.

**Үйимдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

### 5. 4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қалтай Мұхамеджановтың өмірі мен шығармашылығы.

2.«Көктөбедегі кездесу» пьесасы.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 40 мин.

**Қалтай Мұхамеджанов. «Көктөбедегі кездесу» пьесасы.**

**Қалтай Мұхамеджанұлы Мұхамеджанов** (24 желтоқсан 1928 жыл, «Шіркейлі» кеңшары, Қызылорда округи, Қазақ АКСР — 7 мамыр 2001 жыл, Мәскеу, Ресей) — қазақ және кеңестік драматург, жазушы, публицист, сценарийші. Қазақстанның халық жазушысы, драматург, алғашқы көсіби қазақ театр критигі. Шығармашылық жолын М.Горькийдің «Тоғышарлар», С.Айнидің «Құлдар», Айбектің «Киелі қан» сияқты атақты туындыларын аударудан бастаған. 1959 жылы М.Әуезов

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 125 беті

атындағы мемлекеттік академиялық драма театрында «Бөлтірік бөрік астында» атты тұңғыш драмалық туындысының премьерасы болды. Қалтай Мұхамеджанов пьесалары адам мінезінің, іс-әрекетінің күлкілі жақтарын алып суреттеуге құрылады. Күлкінің ар жағында ондай құбылысты әшкерелеу сарыны жатады. «Бөлтірік бөрік астынданың» басты кейіпкері Сапар – жылпос, опасыз, өмірді алдау мен арбауға құрып үйренген адам. Ол ауылда әйелі бола тұрып, қалада үйленеді. Автор осыны әшкерелейді. Оны «Бөрік астындағы бөлтірікке» теңейді. Қала қыздарының қазақ тілін білмеуін күлкі етеді. Ал, «Құдағи келіпті» пьесасында адамның отбасындағы тіршілігін суреттей отырып, қаланың тоғышар, сәнкүмар әйелдеріне еліктеген сауатсыз ауыл әйелі Айжанның қызын күйеуінен айырып алмақ болған ісі мен қылышын күлкі етеді. «Құырдақ дайын» пьесасында Ережеп, Жақан сияқты өмірде өз орны жоқ, әркімге сүйеніп күн көрген мұсәпір адамдардың майысқақ, жұрттың бәріне жақсы көрінуге тырысқан қылықтарын суреттеуді көзделген. Бәрі де күлкіге арқау боларлық дүниелер. Автордың үш пьесасы да кезінде театр сахналарынан қойылды. «Шыңдағы шынарда», «Айман–Шолпан» киносценарийлерінің де авторы. А.Қанарадың «Ауру тістерін», Ш.Айтматовтың «Ана–Жер–Ана», «Арманым, Эселім» пьесаларын, «Ақ кеме» повесі және Шығыс классикасының «Мың бір тұн» ертегісін (1-4-томдарын) қазақ тіліне аударды. 1978 жылы «Жазушы» баспасынан таңдамалы шығармаларының екі томдығы жарық көрген. 1998 жылы таңдамалы шығармаларының 3 томдығы шықты. Ол драмалық шығармаларында диалогты, диалогтың даралану зандылықтарын, диалогтар даралығы бәсекелестігін шебер пайдаланды. Оның комедиялық және драмалық туындыларының қай-қайсысында да қазақ қоғамында рухани дерптің белең ала бастауы кеңінен қамтылып, қазақ халқының Кеңес дәүіріндегі алмағайып тағдыры, ұлы тұлғалардың трагедиялық бейнесі айқын көрініс тапты. Карл Маркстың «Капиталын» үш-ақ ауыз сөзге сыйдырған сатира саңғағының қырғыздың әйгілі жазушысы Шыңғыс Айтматовпен бірлесе жазған «Көктөбедегі кездесу» пьесасының алар орны ерекше. Бесіктегі кезінен күмән еміп өскен ұрпақтың қүйік пен құдікке толы құйқі болмысынан сыр шертеді.

### **5.5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне жету үшін оқытудың негізгі**

**түрлері/әдістері/технологиялары:** бағыт беру

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Оқушылар өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

**Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 30 мин.

**Тапсырма:** 1. М.Мақатаев өлеңдеріне жазылған қандай әндер бар?

2 Өздеріңе ұнаған бір өлеңін жатқа айтыңдар.

3. «Көктөбедегі кездесуде» пьесасының кейіпкерлердің табиғаты пен тағдырындағы айырмашылықтарды айтыңдар

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 15 мин.

### **5.6. Әдебиет.**

Негізгі:

1.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014

2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;

3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;

4.Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;

5.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 126 беті

6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011  
 7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

**Қосымша әдебиеттер:**

- 1.Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
- 2.Сәтбаева Ш, Ш.Құдайбердиев – Алматы 1990
- 3.Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
- 4.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
- 5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
- 6.Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
- 7.Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
- 8.Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
- 9.Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.
- 10.Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 10 мин.

**8. Бақылау:** сұрақ- жауап

1. М.Мақатаевтың ақындық қарым- қабілеті қашан байқалған?
2. «Қайран, Қарасазым -ай» не туралы өлең? Мағынасы неде?
3. «Дариға жүрек» поэмасындағы монологке көніл аударындар.
4. «Көктөбедегі кездесуде» астарлы әзіл, юмор қандай қызмет атқарады?
5. Пьесада қандай мәселелер айқындалған?
6. Пьесаның көркемдік әлемі туралы шығарма жазындар.
7. Қазіргі қазақ поэмалары туралы айтып беріндер?
8. Тәуелсіздік жылдар әдебиеті дамуының тарихи алғышарттары.
9. Қазіргі қазақ поэзиясындағы Астана тақырыбына тоқталындар.
10. Ұ.Медетбек поэзиясындағы өлең құрылымына зер салындар.

**№ 38 сабак**

**5.1. Тақырып:** Әзілхан Нұршайықов. «Ақиқат пен аңыз» романы.

**Сағат саны:** 3 сағ. 135 мин.

**5.2. Мақсаты:** Ә.Нұршайықовтың очерк жанрының шебері екендігі. «Ақиқат пен аңыз» роман-дилогиясы, оның жанрлық ерекшелігін анықтау. Романың жазылу тарихы. Шығармадағы Б.Момышұлының азаматтық бейнесін, жазушының кейіпкер мінезін диалог арқылы суреттеу ерекшелігін талдау. Шығарманың көркемдік сипатын ашу.

**5.3. Оқу мақсаттары:** Қазақ халқының өр тұлғаларының жалғасы болған, Отан қорғаған қаһарман ұлдарының бірі, Кенес Одағының батыры, Қазақстанның халық қаһарманы Бауыржан атамыздың өмір жолдары, ерлік күресі, халқына сінірген еңбегі жайлы таныстыра отырып, келешек үрпакты өз Отанын сүюге, оның намысы мен абырайын қорғауға даяр болуға, елінің болашағы үшін тер төккен тұлғаларды ұмытпауға тәрбиелеу.

**Үйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

**Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:** 25 мин.

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

- 1.Әзілхан Нұршайықов өмірі мен шығармашылығы.
- 2.«Ақиқат пен аңыз» роман-диалогі.
3. Романың жазылу тарихы.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 40 мин.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 127 беті

Әзілхан Нұршайықов 1922 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Келінсүйегі деген жерде дүниеге келген. Қазақстан Республикасының халық жазушысы. Алматы қаласындағы Тау-кең институтында, Семейдегі қазақ педагогикалық училищесінде, педагогикалық институтында оқыған. Қаламгер сомдаған Бауыржан, Мәлік тұлғалары асқақтықты танытса, Ербол, Ментай образдары әдебімен оқырманын сүйсіндейді. М.Мәметова, Ы.Сүлейменов, Т.Тоқтаров, т.б. майдангерлер бейнесі қаһармандық мұраттарға жетелейді. Нұршайықов “Махабbat қызық мол жылдар” романы мен “Ескі дәптер”, “Әсем”, “Ботагөз” повестерінде адамгершіліктің әсемдікпен диалектикалық үйлесіміне баса назар аударған, кейіпкерлерінің рухани ізденістерін нағымды суреттеген. Қаһармандық рухтағы “Ақиқат пен аңыз” романы мен “Тоғыз толғау”, “Махабbat жыры”, “Фажап адам”, “Невель түбінде”, “Великие Луки ұрыстары”, т.б. әңгіме, повестері дерек пен дәйектің, тарихи шындық пен көркемдік шешімнің арақатынасын ашуға бағытталған. И.Буниннің шығармаларын, М.Шолоховтың “Адам тағдыры”, П.Павленконың “Жарияланбаған хат” әңгімелерін, А. Якобсонның “Қорқау” пьесасын, т.б. туындыларды қазақ тіліне аударды. Нұршайықов 2-дәрежелі Даңқ, “Құрмет белгісі”, “Халықтар достығы”, 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Біз бүгін жазушының “Ақиқат пен аңыз” романына тоқталамыз. Ақиқат пен аңыз - Әзілхан Нұршайықовтың қаһармандық рухтағы шығармаларының бірі. Роман-диалог 1978, 1980, 2009 жылдары жеке кітап болып жарыққа шықты. Қысқаша мазмұны Бұл шығармада Ұлы Отан соғысының даңқты қаһарманы, гвардия палковнигі Бауыржан Момышұлының азаматтық, ерлік тұлғасын мүсінделеді. Баукеңнің сонау балауса жастық шағынан бері, Совет Армиясының үздік мектебінде шындалу кезініне, Ұлы Отан соғысының отты жылдарынан бастап күні бүгінге дейінгі ұлағатты өмір жолын шынайы фактілер аясында қызығылықты баяндайды. Романнның жазылу формасы да ерекше: бүкіл оқиға автор мен кейіпкердің диалогі арқылы өтеді. Шығарманың басты кейіпкери Бауыржан - Кенес одағының батыры, жазушы, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, стратег және тактик. Шығармада Бауыржан өзі айтқанынан қайтпайтын, тәкаппар, өр мінезді кісі болғанын көрсетеді. Жас кезінен бастап әкесінің сөздерін жадында сақтап өскен адам. Өлсе де өтірік айтпайтын, жамандық ойламайтын ақ жүректі кісі болған. 1928-1930 жылдары бастауыш мектепте ұстаздық өтеді. Біраз уақыт аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы ретінде қызмет атқарады. Аудандық милицияда 6 айдай жұмыс істейді. 1932 - 1934 жылдар аралығында Қызыл Армия қатарына қызмет өтеді. 1933 жылы полк мектебін бітіреді. Міне, өмірге осындағы тамаша туынды әкелген Әзілхан Нұршайықов әлем әдебиетіндегі алып тұлға. Оқырман қауым ардақтап, қадір тұтатын, көпшілікті өзіне үйіре алатын, көпке үлгі бола білетін жазушы қазақ халқы үшін қашан да биікте.

### **5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру.**

1 топ. Романда пайдаланылған мұрағат құжаттарының маңызы неде?

2 топ. Романнның көркемдік әлемінде диалог қандай қызметтер атқарады? пікір талас үйымдастырындар.

### **Аралық бақылау жұмысы**

- 1.Кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетіне жалпы шолу.
- 2.Жұсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романы.
- 3.«Шернияз» пьесасы.
- 4.Мағжан Жұмабаев «Тұған жерім - Сасыққөл»,
- 5.«Жұлдызды жүзік, айды алқа қып берейін», «Шолпы», «Сырдағы Алашқа» өлеңдері, «Корқыт», «Қойлыбайдың қобызы» поэмалары.
- 6.Сәкен Сейфуллин өлеңдері: «Жайлауға көшү» «Сыр сандық »
- 7.«Көкшетау», «Аққудың айырылуы» поэмалары.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-233
Әдістемелік өндөу	128 беттің 128 беті

- 8.Бейімбет Майлин. «Шұғаның белгісі», «Қара шелек» әңгімелері.
9. Сабит Мұқанов өмірі мен шығармашылығы
10. «Сұлуашаш» поэмасы. «Аққан жұлдыз» романынан үзінді.
- 11.Габит Мұсірепов . «Қазақ солдаты» романынан үзінді, «Ақан сері - Ақтоты» трагедиясы.
- 12.Қасым Аманжолов. «Ұлы Отан соғысы туралы жыр», «Байкал», «Орал», «Елге хат» өлеңдері. «Ақын өлімі туралы ақызы» поэмасы.
13. Жұбан Молдағалиев «Мен қазақпын», «Қыран дала»поэмалары.
14. Әбдіжәміл Нұрпейісов. «Қан мен тер» триологиясы.
15. Мұқағали Мақатаев. «Қайран Қарасазым-ай»лирикасы, «Дариға жүрек поэмасы».

**Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

**Сабакты қорытындылау:** 15 мин.

#### **5.6. Әдебиет.**

Негізгі:

- 1.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014
- 2.Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;
- 3.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдімтемелік құрал 10-сынып;
- 4.Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
- 5.Тұрсынғалиева С.Ч, Такиева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
6. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
7. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

#### **Қосымша әдебиеттер:**

- 1.Садырбаев Халық әдебиетінің тарихи негіздері А.1992.
- 2.Сәтбаева Ш, Ш.Құдайбердиев – Алматы 1990
- 3.Сыздықова Р. А. Байтұрсынов Алматы 1990
- 4.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы 1995 .
- 5.3. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
- 6.Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
- 7.Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
- 8.Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
- 9.Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.
- 10.Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010

**Үйге тапсырма беру:** 10 мин.

#### **5.7.Бақылау түрлері: ауызша сұрақтар.**

- 1.«Ақиқат пен ақызы» роман- диалогін оқып шығындар.
- 2.«Ақиқат пен ақызы» романы қалай жазылды?
- 3.Романда Бауыржан Момышұлының қандай ерліктері көрініс тапқан?
- 4.«Ақиқат пен ақызы» романы қандай жанрлық түрдің үлгісі?